

Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы

БЕТПЕРДЕСІЗ

ҚАҢАРМАНДАР



2022

Жылдық есеп

Мазмұны

| | |
|---|---|
| Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі | 4 |
| «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының үндеуі | 6 |

1. Негізгі ақпарат 9

| | |
|--|----|
| 1.1 Негізгі өндірістік сипаттамалар | 10 |
| 1.2 Қызмет географиясы | 11 |
| 1.3 2022 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері | 17 |

2. Корпорация туралы 25

| | |
|----------------------------|----|
| 2.1 Қызмет бейіні | 26 |
| 2.2 Тарихы | 27 |
| 2.3 Миссиясы, пайымы | 27 |
| 2.4 Бизнес-моделі | 28 |
| 2.5 Даму стратегиясы | 29 |

3. Нарықтық ортаға талдау 31

| | |
|--|----|
| 3.1 Электр және жылу энергиясы нарығына шолу | 32 |
|--|----|

4. Қызмет нәтижелеріне шолу 37

| | |
|--|----|
| 4.1 2022 жылғы инвестициялық бағдарламаның қорытындылары | 41 |
| 4.2 Процестерді автоматтандыру | 43 |
| 4.3 Тұтынушылармен жұмыс | 44 |
| 4.4 Сатып алу қызметі | 48 |
| 4.5 Қаржы-экономикалық көрсеткіштер | 49 |

5. Даму перспективалары 55

| | |
|--|----|
| 5.1 2023 жылға арналған жабдықты қайта құру және жаңғырту жоспарлары | 56 |
| 5.2 Алдағы үш жылға арналған даму бойынша негізделген болжамдар | 57 |

6. Корпоративтік басқару 61

| | |
|---|----|
| 6.1 Акционерлердің жалпы жиналысы | 62 |
| 6.2 Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары | 63 |
| 6.3 Ұйымдық құрылым | 63 |
| 6.4 Акционерлік капитал құрылымы | 64 |
| 6.5 Дивидендтер туралы ақпарат | 64 |
| 6.6 Директорлар кеңесі | 65 |
| 6.7 Директорлар кеңесінің құрамы | 67 |
| 6.8 Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары | 70 |
| 6.9 Атқарушы орган | 72 |
| 6.10 Сыйақы саясаты | 73 |
| 6.11 2022 жылы Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын сақтау | 73 |
| 6.12 Корпоративтік әдеп | 74 |
| 6.13 Мүдделер қайшылығы | 75 |
| 6.14 Ақпараттық саясат | 75 |
| 6.15 Ішкі бақылау және аудит | 76 |
| 6.16 Сыртқы аудит | 76 |

7. Тәуекел-менеджмент 79

| | |
|---|----|
| 7.1 Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі | 80 |
| 7.2 Қызметке елеулі әсер ететін тәуекелдерді талдау | 86 |
| 7.3 Тұрақты даму тәуекелдері | 92 |
| 7.4 Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер | 92 |
| 7.5 Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер | 93 |

8. Тұрақты даму 95

| | |
|--|-----|
| 8.1 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл | 96 |
| 8.2 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл | 96 |
| 8.3 Экологиялық менеджмент жүйесі | 97 |
| 8.4 Экологиялық саясат | 98 |
| 8.5 Корпорациядағы «Жасыл кеңсе» қағидаттары | 100 |
| 8.6 Табиғат қорғау шаралары | 100 |
| 8.7 Қолданылатын материалдар | 102 |
| 8.8 Климаттың өзгеруі | 102 |
| 8.9 Атмосфераға шығарындылар | 104 |
| 8.10 Энергия үнемдеу | 105 |
| 8.11 Мемлекеттік экологиялық бақылау | 105 |
| 8.12 Су ресурстары | 105 |
| 8.13 Қалдықтарды өңдеу | 106 |
| 8.14 Кадрлық және әлеуметтік саясат | 108 |
| 8.15 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 118 |
| 8.16 Әлеуметтік әріптестік | 125 |
| № 1 қосымша | 126 |
| № 2 қосымша | 127 |
| № 3 қосымша | 133 |
| № 4 қосымша | 139 |
| Глоссарий | 147 |



Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі



**КЛЕБАНОВ
АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ**

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің
Төрағасы

Биылғы жылы ОАЭК маңызды кезеңге жақындап келеді және 15 жылдық қызмет кезеңінде біз жылу және электр энергиясын өндіру тарапынан шығарындыларды оңтайландыру бойынша айтарлықтай жұмыс жүргіздік, сондай-ақ дәстүрлі жылу электр орталықтарынан ғана емес, сонымен қатар төмен көміртекті және жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру бойынша мүмкіндіктерді зерттедік және енгіздік.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында 2015-2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. Осы бағдарламаның іс-шараларын іске асырудың арқасында корпорацияның парник газдары шығарындыларының көлемі 2022 жылы 16,4%-ға, ал ластаушы заттар шығарындылары өткен жылмен салыстырғанда 5,4%-ға азайды.

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде 2023 жылы өндіруді арттыруға, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды азайтуға, энергия өндіру және беру барысында энергия үнемдейтін және энергия тиімді технологияларды енгізуге, сондай-ақ қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған жабдықтарды жаңғырту жөніндегі бірқатар іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.



Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасы 2060 жылға дейін Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу доктринасын – дағдарыстан кейінгі тұрақты қалпына келтіруді, экономиканың төмен көміртекті дамуын және энергетика секторындағы трансформацияны қамтамасыз етудің нақты қадамдарын әзірледі. Қазіргі уақытта компания ЖЭК-тің жаңа жобаларын іске асыру мәселесін белсенді түрде пысықтауда, бұл өз кезегінде осы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін үлес қосуға мүмкіндік береді. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы тұрақтылық пен жауапкершілікке деген ұмтылысымызға сәйкес келеді.

Биылғы жыл елдің энергетика саласындағы өзгерістер мен сын-қатерлер кезеңі болды. Бірақ біздің мақсатымыз қоғамымызды сенімді электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып қала бермек. Біз қойылған барлық міндеттерді орындап, саланы жаңғырту үшін аянбай еңбек етуге дайынбыз.

Есепті жылы еңсерген барлық сын-қатерлерімізге қарамастан, компаниямыздың қызметкерлері істеріне ерекше берілгендік танытып, апаттардың салдарын жою бойынша тынымсыз жұмыс істеуін жалғастырды, бұл үшін мен оларға зор алғысымды білдіремін.

Келер жыл қызықты оқиғалар мен мүмкіндіктерге толы болмақ. Біз өз саламыздың үздігі болып қалу үшін адамдарымызға, технологияларымыз бен инфрақұрылымымызға инвестиция салуды жалғастырамыз.

«ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының үндеуі



ОРАЛ БАҒДАТ ЕРКЕБҰЛАНҰЛЫ

«ОАЭК» АҚ Басқармасының
Төрағасы

Өткен жыл біздің компаниямыз үшін ғана емес, еліміздің бүкіл энергетика саласы үшін де сын-тегеурін, қайта құру және баға жетпес сабақ алу кезеңі болды.

Ірі электр энергетикалық холдингтердің бірі ретінде біз құрметті клиенттеріміз бен бүкіл қоғамымыз үшін тұрақты және тиімді энергиямен қамтамасыз ету жөніндегі маңызды міндетімізді атқарып келеміз. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейтін маңызды миссия. Бүкіл ұжымымыз өзінің барлық күш-жігерін еліміздің сенімді және тұрақты энергетикалық болашағын қамтамасыз ету жөніндегі ортақ мақсатымыздың игілігіне бағыттайды. Осы мақсаттың орындалуына әр қызметкеріміз өз үлесін қосады.

15 жыл тарихымызда Холдинг елеулі нәтижелерге қол жеткізді, ЖЭО бойынша белгіленген электр қуатының 64,5%-ы жаңартылды, жалпы белгіленген электр қуаты 29,4%-ға ұлғайтылды, белгіленген жылу қуаты 7,6%-ға ұлғайтылды. Негізгі жабдықтың физикалық тозуы Петропавл 2-ЖЭО-да 35,7%-ға, Павлодар 3-ЖЭО-да 13,8%-ға азайды. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде 2022 жылы қолжетімді қуатты ұлғайтуға, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды азайтуға, қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған жабдықтарды жаңғырту бойынша бірқатар ауқымды іс-шаралар жалғастырылды.



Біз қызметкерлеріміздің еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмысымызды одан әрі жалғастыратын боламыз. Бұл тұрғыда лайықты жалақы белгілеу кәсіби кадрларды сақтаудың, сондай-ақ жас және талантты мамандарды тартудың негізгі аспектісі болып табылады. Энергетикалық тапшылыққа байланысты жағдай және елдегі қуаттылықты ұлғайтудың шұғыл қажеттілігі кеңейтілген, жүйелі шараларды талап етеді, бұл біздің болашақ сын-қатерлерімізді қиындата түсетіні анық. Тиісті инвестициялық шешімдер қажет, алдағы бірнеше жылда бізді ауқымды жұмыс күтуде. Біздің басты міндетіміз — толық қажеттілікті қамтамасыз ете отырып, өңірлерге энергия мен жылуды жеткізу бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Барлық әріптестеріміз бен серіктестерімізге адалдығы, еңбегі мен кәсібилігі үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Сіздің күш-жігеріңіз ұйымымыздың болашақ табысты дамуына және жалпы ілгерілеуге негіз болады. Сіздің ортақ іске адалдығыңыз – одан әрі өсіп дамуымыздың іргетасы. Біз инновация, тұрақтылық және ұзақ мерзімді жоспарлау жұмысымыздың негізі болатын жарқын болашаққа ұмтыламыз. Болашаққа зор үмітпен, қайтпас табандылықпен қараймыз, себебі бірлесіп күш салу арқылы біз әлемімізді жақсарту түсеміз!





НЕГІЗГІ

- 10 1.1 Негізгі өндірістік сипаттамалар
- 17 1.2 2022 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері (GRI 2-24, ТДМ 17)

АҚПАРАТ

(GRI 2-1, 2-2, 2-6, 415-1, ТДМ 2, 8, 11, 9, 17)

1.1 Негізгі өндірістік сипаттамалар

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы – Қазақстанның ірі жеке энергетикалық холдингі.

«ОАЭК» АҚ белгіленген жиынтық электр қуаты 1318 МВт құрайды – осы көрсеткіш бойынша Корпорация Қазақстанның жеке энергия өндіруші компаниялары арасында көшбасшы болып табылады.

Корпорацияның белгіленген жиынтық жылу қуаты – 2981 Гкал/сағ.

Электр беру желілерінің жалпы ұзындығы – 48,5 мың км, жылу желілері – 983,01 км.

Корпорация екі миллионнан астам тұтынушыны электр қуатымен қамтамасыз етеді (отбасылықты ескере отырып).

2022 жылы Корпорацияның электр энергиясын өндіру нарығындағы үлесі – 4,8%.

Қазақстанның өңірлеріндегі «ОАЭК» АҚ еншілес кәсіпорындары қатарына энергиямен жабдықтаудың барлық буындарын: өндіру, тасымалдау және өткізуді қамтитын екі тігінен интеграцияланған энергетикалық компания – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ кіреді. Ақмола облысында Корпорация «Ақмола электржелілік тарату компаниясы» АҚ-ын бақылайды.


ОАЭК Компаниялар тобына мыналар кіреді:

- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ
- «Ақмола электржелілік тарату компаниясы» АҚ
- «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» және «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобының кәсіпорындары энергиямен жабдықтаудың барлық буындарын – жылу және электр энергиясын өндіру, тасымалдау, бөлу және өткізуді қамтиды. «ОАЭК» холдингінде дәстүрлі көмір энергетикасы да, жаңартылатын энергетика да дамытылуда.

«ЦАТЭК Green Energy» компаниясы баламалы энергетика (ЖЭК) саласындағы жобаны, атап айтқанда, Ақмола облысының Аршалы ауданында орналасқан қуаттылығы 100 МВт «Астана EXPO-2017» жел электр станциясы жобасын іске асырды. ЖЭС аумағында жалпы қуаты 100 МВт құрайтын 29 жел генераторы орнатылған. Жел электр станциясы жыл сайын шамамен 300 млн кВт*сағ электр энергиясын өндіре алады.

Электр беру желілерінің жалпы ұзындығы



48,5
МЫҢ КМ

Жылу беру желілерінің жалпы ұзындығы



983,01
КМ

Тасымалдау және тарату

Электр энергиясын тасымалдау және тарату көлемі негізінен «АЭТК» АҚ бойынша көлемдердің 43,4%-ға және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бойынша 5,4%-ға ұлғаюы есебінен 16,8%-ға артты.


Жылу энергиясын тасымалдау және тарату көлемі «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша көлемдерді «Екібастұз жылуэнерго» ЖШС-мен 2,9%-ға және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-мен 6,6%-ға төмендету есебінен 4,0%-ға азайды.

Өткізу

Электр энергиясы бойынша өткізу көлемі «Астанаэнергосбыт» ЖШС бойынша тауар босату көлемін 100%-ға төмендету есебінен 22,0%-ға азайды («Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің 2021 жылғы 1 маусымнан бастап «ОАЭК» АҚ құрамынан шығуы).

Жылу энергиясы бойынша өткізу көлемі тауар босату көлемін «Астанаэнергосбыт» ЖШС бойынша 100%-ға («Астанаэнергосбыт» ЖШС 2021 жылғы 1 маусымнан бастап «ОАЭК» АҚ құрамынан шықты), «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша 7,7%-ға төмендету есебінен 44,4%-ға азайды.

1.2 Қызмет географиясы



Негізгі ресурстар

Еншілес ұйымдар



»ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Павлодар облысында, Павлодар қ. және Ақмола облысында жұмыс істейтін электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу жөніндегі кәсіпорындарды қамтитын тігінен интеграцияланған компания:

- Павлодар 2-ЖЭО
- Павлодар 3-ЖЭО
- «Павлодар Электржелілік Тарату Компаниясы» АҚ
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС (Павлодар қ. жылу желілері)
- «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС (Екібастұз қ. ЖЭО және жылу желілері)
- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС
- «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС

2022 жылы электр энергиясын өндіру 3 782 млн кВт-сағ құрады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарының нарықтарына жеткізіледі.

**СЕВКАЗЭНЕРГО****»СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысы мен Петропавл қаласының өндіру, тасымалдау және өткізу жөніндегі кәсіпорындарын қамтитын тігінен интеграцияланған компания:

- Петропавл 2-ЖЭО
- «Солтүстік Қазақстан Электржелілік Тарату Компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының электр желілері)
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қ. жылу желілері)
- «Севказэнергосбыт» ЖШС

2022 жылы электр энергиясын өндіру 1 605 млн кВт-сағ құрады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлерінің нарықтарына жеткізіледі.

**»АҚМОЛА ЭЛЕКТРЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

«АЭТК» акционерлік қоғамы («Ақмола ЭТК») – Ақмола облысы мен Астана қаласының тұтынушылары үшін электр энергиясын беруді және бөлуді жүзеге асыратын электржелілік компания.

«АЭТК» АҚ құрамында Ақмола облысының тұтынушыларын жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын «АЭТК-Энергосбыт» ЖШС еншілес кәсіпорны бар.

«АЭТК» АҚ құрамына басқарушы компания, ауданаралық электр желілерінің (ААЭЖ) екі филиалы және 14 аудандық электр желісі (АЭЖ) кіреді.

«АЭТК» АҚ Ақмола облысының 14 әкімшілік ауданының аумағында орналасқан 0,4 кВ–110 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді.

Ақмола облысының 78% аумағына электр энергиясын жеткізеді.

Электр желілерінің көлемі 111 906,608 шартты бірлік.

«АЭТК» АҚ құрамына төмендегілер кіреді:

- ауданаралық электр желісінің (АЭЖ) 2 филиалы: Есіл және Степногорск АЭЖ;
- 13 аудандық электр желісі (АЭЖ), оның ішінде 2 желілік учаске: Ақмола және Егіндікөл учаскелері;
- АЭЖК – Ақмола электр желілері кәсіпорны.

Белгіленген қуаттылық, ЖЭО өндірістік параметрлері

| ЖЭО, ЖЭС | Белгіленген электр қуаттылығы, МВт | Белгіленген жылу қуаттылығы, Гкал/сағ | 2009 жылдан бастап жабдықты жаңарту, % | Қолданысқа енгізілген жылы |
|--------------------|------------------------------------|---------------------------------------|--|----------------------------|
| Павлодар 3-ЖЭО | 555 | 1154 | 91,0 | 1972 |
| Павлодар 2-ЖЭО | 110 | 332 | | 1961 |
| Екібастұз ЖЭО | 12 | 782 | 100 | 1956 |
| Петропавл 2-ЖЭО | 541 | 713 | 49,7 | 1961 |
| ЦАТЭК Green Energy | 100 | | | 2019 |

Қосалқы станциялардың түрлері бойынша саны

| Қосалқы станциялардың түрлері | «Павлодар ЭТК» АҚ | «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ | «Ақмола ЭТК» АҚ |
|-------------------------------|-------------------|------------------------------|-----------------|
| 220 кВ | 4 | 4 | 2 |
| 110 кВ | 74 | 37 | 52 |
| 35 кВ | 102 | 121 | 193 |
| 6–10 кВ | 3540 | 2191 | 3283 |

Электр беру желілерінің ұзындығы

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

| ЭБЖ түрлері | «Павлодар ЭТК» АҚ | «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ | «Ақмола ЭТК» АҚ |
|-------------|-------------------|------------------------------|-----------------|
| 220 кВ | 13,73 | 84,84 | - |
| 110 кВ | 2798,31 | 1380,64 | 2507,10 |
| 35 кВ | 2394,12 | 2849,43 | 5173,12 |
| 6–10 кВ | 5702,44 | 4404,66 | 7111,01 |
| 0,4 кВ | 4373,21 | 4347,97 | 5397,77 |


Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС

229,26

«Екібастұз жылу энерго» ЖШС
Екібастұз ЖЖ

342,3



«Павлодар жылу желілері» ЖШС

411,45

ЭЖҰ өңірлері бойынша тұтынушылар саны

«ОАЭК» АҚ ЭЖҰ-ның барлық ЕҰ-ы электр энергиясының бөлшек сауда нарығындағы кепілді жеткізушілер болып табылады. Энергиямен жабдықтаушы барлық басқа ұйымдар тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды тұтынушының кінәсінен емес тоқтатқан жағдайда тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы ұйым электр энергиясының кепілді жеткізушісі болып табылады.

Кепілді жеткізуші жауапкершілік аймағына сәйкес басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен салыстырғанда тұтынушылардың көпшілігі тұрмыстық тұтынушылардың құрамында болатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың арасынан айқындалады.

Барлық тұрмыстық тұтынушылар (халық) негізінен осы ұйымдардың қызмет көрсетуі арқылы электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

ЭЖҰ өңірлері бойынша тұтынушылар саны



БМЖ сертификаттары

Біріктірілген менеджмент жүйесі (БМЖ) кәсіпорындағы барлық бизнес-процестерді барынша тиімді құруға мүмкіндік береді. Біріктірілген менеджмент жүйесін енгізудің артықшылығы – кәсіпорынның жұмысын тұрақты, сапалы, сенімді етіп реттеу мүмкіндігі. «ОАЭК» АҚ ISO 9001 (сапа саласында), ISO 14001 (экология са-

ласында), ISO 45001 (ұйым шегінде денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласында), ISO 50001 (энергетикалық менеджмент саласында) стандарттары бойынша сертификаттарға ие.

| № р/с | Стандарт | Сертификаттың тірк. № | Қолдану мерзімі |
|---|----------------|-----------------------|--|
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ (2-ЖЭО және 3-ЖЭО) | | | |
| 1 | ISO 14001:2015 | 01104 1321810 | 20.12.2021 ж. бастап 19.12.2024 ж. дейін |
| 2 | ISO 9001:2015 | 01100 1321810 | 20.12.2021 ж. бастап 19.12.2024 ж. дейін |
| 3 | ISO 9001:2015 | 01 100 1819001 | 13.09.2021 ж. бастап 12.09.2024 ж. дейін |
| 4 | ISO 45001:2018 | 01213 1321810 | 26.01.2021 ж. бастап 25.01.2024 ж. дейін |
| 5 | ISO 50001:2018 | 01407 1321810 | 20.12.2021 ж. бастап 19.12.2024 ж. дейін |
| «ЕКІБАСТҰЗЖЫЛУЭНЕРГО» ЖШС | | | |
| 6 | ISO 14001:2015 | 01104 1819006 | 20.01.2020 ж. бастап 19.01.2023 ж. дейін |
| 7 | ISO 9001:2015 | 01100 1819006 | 20.01.2020 ж. бастап 19.01.2023 ж. дейін |
| 8 | ISO 45001:2018 | 01213 1819006 | 20.01.2020 ж. бастап 19.01.2023 ж. дейін |
| 9 | ISO 50001:2018 | 01407 1819006 | 20.01.2020 ж. бастап 19.01.2023 ж. дейін |
| «ПЭТК» АҚ | | | |
| 10 | ISO 14001:2015 | 01104 1319426 | 21.06.2021 ж. бастап 20.06.2024 ж. дейін |
| 11 | ISO 9001:2015 | 01100 1319426 | 21.06.2021 ж. бастап 20.06.2024 ж. дейін |
| 12 | ISO 45001:2018 | 01213 1319426 | 21.06.2021 ж. бастап 20.06.2024 ж. дейін |
| 13 | ISO 50001:2018 | 01407 1319426 | 21.06.2019 ж. бастап 20.06.2022 ж. дейін |
| «Павлодар жылу желілері» ЖШС | | | |
| 14 | ISO 14001:2015 | 01104 2143050 | 18.02.2021 ж. бастап 17.02.2024 ж. дейін |
| 15 | ISO 9001:2015 | 01100 2143050 | 18.02.2021 ж. бастап 17.02.2024 ж. дейін |
| 16 | ISO 45001:2018 | 01213 2143050 | 18.02.2021 ж. бастап 17.02.2024 ж. дейін |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ | | | |
| 17 | ISO 14001:2015 | 01104 2026502 | 10.09.2020 ж. бастап 09.09.2023 ж. дейін |
| 18 | ISO 9001:2015 | 01100 2026502 | 10.09.2020 ж. бастап 09.09.2023 ж. дейін |
| 19 | ISO 45001:2018 | 01213 2026502 | 07.10.2020 ж. бастап 06.10.2023 ж. дейін |
| «СҚЭТК» АҚ | | | |
| 20 | ISO 14001:2015 | 01104 1518811 | 28.06.2021 ж. бастап 27.06.2024 ж. дейін |
| 21 | ISO 9001:2015 | 01100 1518811 | 28.06.2021 ж. бастап 27.06.2024 ж. дейін |
| 22 | ISO 45001:2018 | 01213 1518811 | 28.06.2021 ж. бастап 27.06.2024 ж. дейін |
| «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС | | | |
| 23 | ISO 14001:2015 | 01104 2026503 | 07.07.2021 ж. бастап 06.07.2024 ж. дейін |
| 24 | ISO 9001:2015 | 01100 2026503 | 02.12.2020 ж. бастап 01.12.2023 ж. дейін |
| 25 | ISO 45001:2018 | 01104 2026503 | 07.07.2021 ж. бастап 06.07.2024 ж. дейін |
| «АЭТК» АҚ | | | |
| 26 | ISO 14001:2015 | 01104 1819000 | 19.08.2021 ж. бастап 18.08.2024 ж. дейін |
| 27 | ISO 9001:2015 | 01100 1819000 | 19.08.2021 ж. бастап 18.08.2024 ж. дейін |
| 28 | ISO 45001:2018 | 01213 1819000 | 19.08.2021 ж. бастап 18.08.2024 ж. дейін |

1.3 2022 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері

(GRI 2–24, ТДМ 17)


Энергияны өндіру және өткізу көлемі

2022 жылы Корпорация электр энергиясын өндіруді 2021 жылғы дерекке қатысты 0,5%-ға, 6 488 млн кВт-сағ-қа дейін төмендетуді және жылу энергиясын босатуды 2021 жылғы дерекке қатысты 3,3%-ға, 6 349 мың Гкал-ға дейін төмендетуді жоспарлады, бұл «ПАВЛОДАРЭ-НЕРГО» АҚ мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тұтынушылары үшін жылу энергиясы көлемінің жоспарланып отырған төмендеуіне байланысты болды.


Іс жүзінде Корпорация бойынша өндіріс 2021 жылға қарағанда азайып, 5 387 млн кВт-сағ

құрады, бұл «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бөлімшесі бойынша электр энергиясын өндірудің 1 098 млн кВт-сағ-қа немесе 40,6%-ға азаюына байланысты. Жылу энергиясын босатудың төмендеуі 2021 жылға қарағанда 17,4% – 6 254 мың Гкал-ға дейін құрады, бұл 2021 жылға қарағанда 2022 жылдың жылыту айларында сыртқы ауаның орташа температурасының жоғарылауымен (тиісінше –5,3°C және –5,8°C) және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша жылу энергиясын тұтыну көлемінің тиісінше 4,0% және 6,6%-ға төмендеуімен байланысты.

Энергия өндіру



Тұтынушыларға энергия босату (тауар босату)




Жылу және электр энергиясын тасымалдау және тарату


2022 жылдың 12 айында электр энергиясын тасымалдау және тарату көлемі 6 454,8 млн кВт-сағ құрады және «АЭТК» АҚ бойынша көлемді 43,4%-ға, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бойынша 5,4%-ға ұлғайту есебінен 2021 жылдың 12 айымен салыстырғанда 16,8%-ға артты.

2022 жылдың 12 айында жылу энергиясын тасымалдау және тарату көлемі 4 563,8 мың Гкал құрады және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша көлемдердің «ЕКІ-БАСТҰЗЖЫЛУЭНЕРГО» ЖШС-мен 2,9%-ға және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-мен 6,6%-ға төмендеуіне байланысты 2021 жылдың 12 айымен салыстырғанда 4,0%-ға азайды.

Тасымалдау және тарату көлемі




Бір жылдағы таза пайда (шығын), млрд теңге




EBITDA, Бір жылдағы жалпы EBITDA*, млрд теңге

*Жалпы EBITDA бағам айырмасының әсері ескерілмей келтірілген




EBITDA Margin

Бір жылдағы жалпы EBITDA, маржа %-бен




Активтер, млрд теңге



Инвестициялар көлемі

2022 жылдың 12 айында инвестициялардың жалпы көлемі 18,8 млрд теңгені құрады. Инвестициялар негізгі өндірістік активтерді жаңғыртуға, жаңартуға және жөндеуге бағытталған.

«ОАЭК» АҚ-ның 2020-2022 жылдардағы инвестициялар көлемі, млрд теңге



«Электр және жылу энергиясын өндіру» сегментінде

Күрделі шығындарды игеру 10 709 млн теңгені құрады. Жұмыстың келесі түрлері орындалды немесе орындалады:

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

- 3-ЖЭО № 2 түтін құбырының құрылысы жүргізілуде;
- 3-ЖЭО № 1 к/а ВЗП текшелері қайта құрылды;
- 2-ЖЭО, 3-ЖЭО жабдықтарын жаңғырту бойынша іс-шаралар орындалды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

- № 4, 5, 6, 7, 8, 12 к/а күрделі жөндеу орындалды;
- 2-ЖЭО жабдықтарын жаңғырту бойынша іс-шаралар орындалды.

«Электр энергиясын тасымалдау және тарату» сегментінде

Күрделі шығындарды игеру 7 032 млн теңгені құрады. Жұмыстың келесі түрлері орындалуда:

«ПАВЛОДАР ЭТК» АҚ

- Электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру орындалуда;
- ЭКЕАЖ бен деректерді жинау және беру жүйелерін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ

- Электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру орындалуда;
- 110 кВ ӘЖ құрылысы жүргізілуде;
- ЭКЕАЖ бен деректерді жинау және беру жүйелерін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«АҚМОЛА ЭТК» АҚ

- Электр желілерін қайта құру, жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру орындалуда;
- 110 кВ ӘЖ құрылысы жүргізілуде;
- ЭКЕАЖ бен деректерді жинау және беру жүйелерін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Жылу энергиясын тасымалдау және тарату» сегментінде

Күрделі шығындарды игеру 1 008 млн теңгені құрады.

- Павлодар, Екібастұз және Петропавлда оқшауланған құбырды қолдана отырып, магистральдық жылу желілерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде;

- Жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (ЖЭКЕАЖ) енгізу жалғасуда.

2022 жылғы негізгі оқиғалар

- «АЭТК» АҚ бөлімшелері жұмыс барысының бұзылуын болдырмау үшін барлық қажетті шараларды қабылдады.
- «СҚ ЭТК» АҚ СҚО-да мобильді блокпосттарды ұйымдастыруға белсенді қатысты.

- «АТЭК» АҚ кернеуі 0,4-110 кВ әуе-электр беру желілерінің 1045 км электрмен жабдықтау бойынша авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.
- Петропавл 2-ЖЭО-де қазандық цехының ауданында №1 түтін құбыры қирады. Құбыр қазандық цехының ауданында құлады, нәти-

жесінде энергетиктер бірінші кезектегі қазандық агрегаттарын орнатты.

- Петропавл 2-ЖЭО қазандық цехында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.
- Петропавл 2-ЖЭО-де бесінші қазандық агрегаты іске қосылды.

Қаңтар

Ақпан

Наурыз

Сәуір

- «АЭТК» АҚ-ның 2021–2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы қабылданды.
- Павлодар қаласында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері арасында шаңғы жарысы өтті.
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС қатысуымен жылыту маусымын өткізу мәселелері бойынша брифинг өткізілді.
- «СҚ ЭТК» АҚ бөлімшелерінің басшылары үшін ТЖ енгізу кезеңінде жеке құрамның іс-қимылдары бойынша сабақтар өткізілді.
- Петропавл 2-ЖЭО қазандық жабдығының жұмысынан атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту бойынша іс-шаралар жүргізілді.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниясы тобының дене шынықтыру ұжымдары арасында жыл сайынғы спартакиада ашылды.
- «СҚ ЭТК» АҚ Бас директоры БАҚ өкілдерімен электржелілік компанияның мәселелері бойынша брифинг өткізді.

- «АЭТК» АҚ тарифтік сметаның және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы жария тыңдаулар өткізді.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 3-ЖЭО күл үйіндісінің 1-кезегін рекультивациялау және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 2-ЖЭО, 3-ЖЭО қоршаған ортаға эмиссияларын мониторингтеудің автоматтандырылған жүйесі» жобалары бойынша экологиялық рұқсат алуға қатысты қоғамдық тыңдаулар өтті.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» Компаниялар тобының қызметі және 2021 жылға арналған инвестициялық бағдарламалардың орындалуы бойынша жыл сайынғы қоғамдық тыңдаулар өтті.
- Павлодар және Екібастұз қалаларында жөндеу алдында жылу желілерінің беріктігіне гидравликалық сынақтар өткізілді.

- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері арасында волейболдан жарыс ашылды.
- «СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС жылу мен ыстық суға қайта есептеулер өткізді.
- Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова СҚО-ға жұмыс сапары кезінде 2-ЖЭО-ға келді.
- ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолақов СҚО-ға жұмыс сапары аясында 2-ЖЭО-ға барды.
- Петропавл қаласының орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосылуға техникалық шарттар беру уақытша тоқтатылды.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «СҚ ЭТК» АҚ, «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС Петропавл 2-ЖЭО-ның жұмысы туралы жария тыңдаулар өтті.

- «АЭТК» АҚ-да «ОАЭК» Компаниялар тобының Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың (ЕҚЖЕҚ) оныншы өзара аудиті өтті.
- Целиноград ауданының әкімдігі «АЭТК» АҚ қызметкерлерін 2021–2022 жж. жылыту маусымын сәтті өткізгені үшін марапаттауға бастамашылық жасады.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобында Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған іс-шаралар өтті.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» энергожүйесі қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ-де шахмат бойынша турнир өткізілді.
- «Энергетик» профилакториясының салтанатты ашылуы өтті.
- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Петропавл 2-ЖЭО-на сапармен барды.

Мамыр

- «АЭТК» АҚ электромонтерлерінің финалдық жарысы өтті.
- «АЭТК» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша семинар өткізді.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-да «Цехтағы экологиялық қызмет» тақырыбында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО, 3-ЖЭО цехтары арасында бейнероликтер конкурсы өткізілді.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ атаулы стипендиясын алу үшін жыл сайынғы студенттік жұмыстар конкурсы өтті.
- Павлодар 3-ЖЭО-да жаңа түтін құбырының темірбетон оқпанының құрылысы басталды.
- Петропавл 2-ЖЭО-ның құлаған құбырын бөлшектеу жұмыстары басталды.
- «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС жөндеу науқаны өткізілді.

Маусым

- «АЭТК» АҚ 2022 жылдың I жартыжылдығындағы қызмет қорытындылары бойынша өндірістік кеңес және жария тыңдаулар өткізді.
- «АЭТК» АҚ, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен Павлодар облысы бойынша тариф белгілеу мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия өткізілді.
- 2022 жылдың I жартыжылдығында «Екібастұзжылу-энерго» ЖШС қызметі туралы көпшілік тыңдаулар өтті.
- «АМАНАТ» партиясы жанындағы Энергетика комитеті өкілдерінен құралған арнайы комиссия «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО нысандарын аралады.
- 2022 жылдың I жартыжылдығында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобының қызметі бойынша жария тыңдаулар өтті.
- Павлодарда 3-ЖЭО аумағында жеке қажеттіліктер трансформаторы өртенді.
- Петропавл қаласында ТЖ режимі енгізілді.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ, «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС Петропавл 2-ЖЭО жұмысы туралы жария тыңдаулар өтті.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау күніне орай «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерін марапаттау шаралары өтті.

Шілде



- «АЭТК» АҚ 2022–2025 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шарт қабылдады.
- «АЭТК» АҚ Ақмола облысы бойынша ҚР ҰЭМ ТМРҚД бірлесіп табиғи монополиялар субъектілеріне инвестициялық міндеттемелерді жаңғырту және орындау нәтижелері бойынша баспасөз туры өткізді.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ жөндеуден кейін жылу желілерінің беріктігіне гидравликалық сынақтар жүргізді.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобының қызметкерлері арасында

- футболдан жыл сайынғы жарыстар өтті.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры Олег Перфилов Петропавл қаласының әкімімен бірлесіп өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында сөз сөйледі.
- Петропавл 2-ЖЭО № 2 күл үйіндісінің № 3 секциясының бөгеттерін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілді.
- Петропавл 2-ЖЭО, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ, «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС объектілері бойынша баспасөз турлары өткізілді.

Тамыз

Қыркүйек

Қазан

- «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС ISO 9001:2015 ж., ISO 14001:2015 ж., ISO 45001:2018 ж. халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке интеграцияланған менеджмент жүйесінің екінші қадағалау аудитінен және ISO 5001:2018 ж. халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке энергоменеджмент жүйесінің қайта сертификаттау аудитінен сәтті өтті.
- «Павлодарэнерго» АҚ, «ПЭТК» АҚ, «Екібастұзжылу-энерго» ЖШС инвестициялық нысандары бойынша баспасөз турлары өтті.
- ҚР Энергетика вице-министрі Петропавл 2-ЖЭО-да болды.
- Петропавл 2-ЖЭО-да № 1 түтін құбырын бөлшектеу аяқталды.

- «АЭТК» АҚ инвестициялық бағдарламасы шеңберінде «Макинск-Никольская» 110 кВ әуе желісінің (ӘЖ) құрылысы іске асырылды.
- Павлодар 3-ЖЭО-да биіктігі 180 м екінші түтін құбырының темірбетон оқпанының құрылысы аяқталды.
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС инвестициялық бағдарламалар объектілері бойынша баспасөз туры өткізілді.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ студенттік жұмыстарының соңғы қорғанысы өтті.
- «СҚ ЭТК» АҚ Солтүстік Қазақстан облысының Мамлют ауданында «Сібір», «Новомихайловка» және «Литейная» қосалқы станцияларын қосатын жоғары вольтты электр беру желісінің құрылысын аяқтады.

Қараша

- «АЭТК» АҚ-да компания ұжымының «AMANAT» партиясының сенімді өкілі Дәурен Ұлықпановпен кездесуі өтті.
- «Екібастұз жылу энергетика» ЖШС-нің 2023 жылға арналған жылу энергиясын өндіруге, беруге, бөлуге және жабдықтауға арналған тарифке өтінімді қарау бойынша жария тыңдауы өтті.
- Шымкент қаласында Қазақстан мен ТМД энергетиктері ардагерлерінің II-форумы өтті.
- Екібастұз қаласында жылу желілерінде авария болды.

Желтоқсан

- «АЭТК» АҚ «Мемлекеттік азаматтық қорғаныс жүйесінің қысқы кезеңдегі төтенше жағдайларға ден қоюға дайындығы туралы» мәселелер бойынша іс-шараларға қатысты.
- «АЭТК» АҚ-да Энергетиктер күніне орайластырылған салтанатты іс-шара өтті.
- Екібастұз қаласындағы жылу желілерінде авариядан кейін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО»-да Компаниялар тобының қызметкерлері арасында «Кәсіп үздігі» байқауы өткізілді.
- Павлодар қаласында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның «3-ЖЭО су дайындау қондырғысын (СДҚ) қайта құру» және «ЖЭО күл үйіндісінің 1-кезегін рекультивациялау» жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өтті.
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» Компаниялар тобының қызметкерлері Энергетиктер күніне орай марапатталды.
- ҚР Энергетика вице-министрі Абзал Әбдікәрімов «Солтүстік Қазақстан электр желісін тарату компаниясы» АҚ орталық диспетчерлік қызметіне барды.
- Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров Петропавл 2-ЖЭО-да болды.



ТОО «Экибастулепэнерго»

19.2-23

Оперативный журнал
Котлоурбинный цех №2/3

CAERCO

Отдел: _____
Срок хранения: 5 лет в.26

ҚОРПОРАЦИЯ

- 26 2.1 Қызмет бейіні
- 27 2.2 Тарихы
- 27 2.3 Миссиясы, пайымы
- 28 2.4 Бизнес-моделі
- 29 2.6 Даму стратегиясы

ТУРАЛЫ

(GRI 2-1, 2-2, 2-3, 2-6, 415-1,
ТДМ 2,8,11,9,17)

2.1 Қызмет бейіні

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы (ОАЭК) 2008 жылғы 8 тамызда құрылды. «ОАЭК» АҚ акцияларының шығарылуын 2008 жылғы 10 қазанда ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі тіркеді.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша акционерлік капиталдың құрылымы:

Клебанов А. Я. – 47,1%,
Кан С. В. – 47,1%.
KIF ENERGY S.A.R.L (4,01%),
«ЦАТЭК» АҚ (1,78%)

Корпорацияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Достық к-сі, 2.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша еншілес кәсіпорындарға үлестік қатысу

| Еншілес кәсіпорындар | Орналасқан жері | Үлестік қатысу | | Негізгі қызмет |
|---|-----------------|----------------|------------|---|
| | | 31.12.2021 | 01.04.2023 | |
| «Павлодарэнерго» АҚ | Павлодар қ. | 100% | 100% | Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу. |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ | Петропавл қ. | 100% | 100% | Электр энергиясын беру, тарату және өткізу. |
| «Ақмола электржелілік тарату компаниясы» АҚ | Астана қ. | 100% | 100% | Электр энергиясын беру, тарату және өткізу. |
| «Солтүстік Павлодар Су құбыры» ЖШС | Павлодар қ. | 80% | 80% | Суды өңдеу және тарату. |



2.2 Тарихы

Құрылған кезде Холдинг «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ын біріктірді. Жалғыз құрылтайшы «Орталық-Азия Отын-энергетикалық корпорациясы» АҚ болды.

2009 жылдан бастап Холдингтің акционерлері 62,12% үлесімен «ОАЭК» АҚ, 24,99% үлесімен Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) және 12,89% үлесімен Ислам инфрақұрылымдық қоры (Kaz Holdings Cooperatief U. A., Амстердам) болды. ЕКДБ және Kaz Holdings акционерлері 2018 жылы «ОАЭК» АҚ акционерлік капиталына қатысудан жоспарлы түрде шығуды жүзеге асырды.

2014 жылы «ОАЭК» АҚ «Ақмола электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның 100% акциялар пакетін шоғырландырды.

2015 жылдан бастап «ОАЭК» АҚ акционерлерінің құрамына өзінің еншілес қорлары – KIF ENERGY S.A.R.L., «Baiterek Venture Fund» АҚ, SKIF ENERGY S.A.R.L. атынан «Бәйтерек» холдингі кірді.

2021 жылы Топтың периметріне «Астана EXPO-2017» жел электр станциясының жобасымен «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС компаниясы кірді. Бүгінгі таңда Холдингтің құрылымына «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «АЭТК» АҚ, сондай-ақ «Астана-ЕРЦ» ЖШС (42,25%) және «Павлодар Солтүстік Су құбыры» ЖШС (80%) сияқты ірі энергетикалық объектілер кіреді.

«Baiterek Venture Fund» АҚ «ОАЭК» АҚ акционерлерінің құрамынан 2023 жылғы наурызда «ОАЭК» АҚ пайдасына өз акцияларын сату жолымен шықты.

Топтың негізгі қызметі – Павлодар, Петропавл қалаларында электр энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу, Ақмола облысында электр энергиясын беру және тарату. Топтың электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қажетті барлық лицензиялары бар.

2.3 Миссиясы, пайымы

Миссиясы

Компанияның мақсаты – өз тұтынушыларының өмір сүру сапасын арттыру және қызмет көрсету аймақтарының экономикалық дамуына жағдай жасау. Бұл мақсаттарға Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында, Екібастұз, Павлодар, Петропавл және Астана қалаларында халықты энергиямен жабдықтау және тіршілікті қамтамасыз ету, өнеркәсіптік кәсіпорындар, бюджеттік және коммерциялық ұйымдар бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

Көрсетілетін қызметтердің сапасы барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен жабдықтаудың сенімділігі мен үздіксіздігін, сондай-ақ тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейін білдіреді.

Тиімділіктің негізі – Компания қызметкерлері, олардың құндылығы жоғары кәсібилігінде, командада жұмыс істей білуінде және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануында.

Пайымы


«Орталық Азия Электр энергетикалық корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компаниялары арасында көшбасшы.

Компания өз қызметін республиканың солтүстігіндегі ең қиын климаттық жағдайларда жүзеге асырады.

Компания жеке бөлімшелердің (топ кәсіпорындарының) серпінділігін, икемділігін топты орталықтандырылған басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланады.

Корпорация қызметкерлері – бұл жоғары мақсаттарға қол жеткізетін мамандар тобы. Корпорация өз клиенттерімен және жеткізушілерімен әріптестік өзара құрмет пен жауапкершілік негізінде құрылады.


2.4 Бизнес-моделі



1

Өндіру




Холдингінің 4 ЖЭО-да жылу және электр энергиясын құрама өндіру, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері негізінде электр энергиясын өндіру.



2

Тасымалдау және тарату

энергияны өндіру орындарынан тұтыну орындарына беру құрамына түрлендіргіштер, электр беру желілері және тарату құрылғылары кіретін жылу және электр желілері арқылы жүзеге асырылады.



4

Инвестициялық қызмет:


- Энергия жабдықтарын жаңғырту
- Жылу және электр желілерін қайта құру
- Процестерді автоматтандыру



3

Өткізу

тұтынушыларға электр және жылу энергиясын сату жөніндегі қызмет.



2.5 Даму стратегиясы (GRI 2–22, ТДМ 17)

Компанияның стратегиялық мақсаты – электр және жылумен жабдықтау саласында өндіру, тарату, беру және кепілді өткізу ағындарының синергиясы арқылы тұтынушыларға үздіксіз және сенімді қызметтер көрсететін тігінен интеграцияланған жеке энергетикалық компанияны құру.

«ОАЭК» АҚ Стратегиялық мақсатына қол жеткізудің негізгі бағыттары

- Кепілдендірілген және тәуекелі төмен нарықты мақсатты кеңейту;
- Өндірістің техникалық деңгейін арттыру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңарту арқылы өндірістік тиімділікті арттыру;
- Инновациялық бағыттарды дамыту арқылы перспективті жобаларды енгізу;
- Өндірістік секторда және кәсіпорындарды басқаруда жаңа тиімді технологияларды кадрлық құрамды үздіксіз оқыту арқылы басқарудың ең үздік стандарттарын енгізу.

Алға қойылған стратегиялық мақсатқа жету үшін Корпорация мынадай міндеттерді іске асырады:

- Кәсіпорындарды жоғары білікті сенімді қызметкерлермен қамтамасыз ету;
- Экология, персоналдың денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігіне өзекті сертификаттауды қолдау;
- Энергия өндіру және беру кезінде энергия үнемдейтін және энергия тиімді технологияларды енгізу;
- Жылу және электр энергиясы бірлігін өндіруге жұмсалатын үлестік шығындарды азайту;
- Жылу және электр энергиясын тасымалдау кезінде нормативтен тыс шығындарды азайту;
- Инвестициялық бағдарламаларды жүргізу, апаттылық тәуекелдерін азайту және бос тұруды болдырмау жолымен электр өндіретін объектілердің жабдықтарын қайта құру және жаңғырту.

Даму стратегиясы бірыңғай электр энергетикалық жүйенің энергетикалық инфрақұрылымын нығайту жөніндегі «Нұрлы Жол» Мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді ескере отырып жасалды. Корпорацияның даму стратегиясында қазіргі заманғы энергетикалық нарықты дамыту және баламалы энергетиканы дамыту, энергия тиімділігі және энергия үнемдеу сияқты жалпы әлемдік трендтер талап ететін шарттар назарға алынды.





НАРЫҚТЫҚ

32 3.1 Электр және жылу энергиясы нарығына шолу

ОРТАҒА ТАЛДАУ

(GRI 2-6, ТДМ 2,8,11,9,17)

3.1 Электр және жылу энергиясы нарығына шолу

Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласы республика тұтынушыларын сенімді және сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз ететін электр станцияларының, электр беру желілерінің және қосалқы станциялардың жиынтығын білдіретін бірыңғай электр энергетикасы жүйесі (БЭЖ) жағдайында жұмыс істейді. Энергетика саласын реттеуді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі атынан уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Электр энергиясын беру, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер бөлігінде табиғи монополиялар саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі жанындағы Табиғи монополияларды реттеу комитеті іске асырады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру 112,8 млрд кВт-сағ құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға (1,58 млрд кВт-сағ) аз. Есепті кезеңде электр энергиясын өндірудің төмендеуі Қазақстанның БЭЖ-нің бүкіл Солтүстік аймағында байқалды және тұтынудың төмендеуіне, энергия өндіруші ұйымдардың апаттылығының өсуіне байланысты болды.

Солтүстік аймақта 2022 жылы ел бойынша өндірілетін электр энергиясының жалпы көлемінің 74,3%-ы (83,9 млрд кВт-сағ) өндірілді. Солтүстік профициттік аймақ Оңтүстік аймақтағы электр энергиясының тапшылығын жабады, сондай-ақ Қазақстанның экспорттық әлеуетін қамтамасыз етеді.

2022 жылы Оңтүстік аймақта электр энергиясын өндіру жалпы көлемнің 12,7%-ын (14,4 млрд кВт-сағ) құрады. Оңтүстік аймақтағы электр тапшылығы Солтүстік аймақтан жеткізілім арқылы жабылды.

Есепті кезеңде Батыс аймақта өндірілетін электр энергиясының жалпы үлесінен 14,5 млрд кВт-сағ (12,8%) өндірілді. Бұл аймақтың ерекшелігі Қазақстанның БЭЖ Солтүстік және Оңтүстік аймағының электр желілерінің байланысының болмауы болып табылады.

Есепті кезеңде Атырау, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда және Түркістан облыстарында электр энергиясын өндіру айтарлықтай өсті. Жамбыл облысында электр энергиясын өндірудің 54,8%-ға (1,66 млрд кВт-сағ) күрт өсуі Оңтүстік аймақтағы тапшылықты жабу үшін Жамбыл МА-ЭС-на қосымша екі блоктың қосылуына байланысты болды.

Электр энергиясы өндірісінің төмендеуі Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалды. Сонымен қатар, табиғи өсім есебінен электр энергиясын тұтыну өсті: Түркістан облысында – 4,3%-ға (249,3 млн кВт-сағ), Ақмола облысында – 3,7%-ға (380,5 млн кВт-сағ), Ақтөбе облысында – 0,8%-ға (55,2 млн кВт-сағ), Маңғыстау облысында – 0,6%-ға (33,2 млн кВт-сағ), Атырау облысында – 0,2%-ға (16,1 млн кВт-сағ).

Жалпы, 2022 жылы ел бойынша 2021 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың 0,8% деңгейінде төмендеуі байқалды. Мәселен, Солтүстік аймақта тұтыну 1,7%-ға, Батыс аймақта 0,1%-ға төмендеді, ал Оңтүстік аймақта тұтыну 1,1%-ға өсті.

ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Атқарушы комитетінің ақпараты бойынша, 2022 жылғы желтоқсанда Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде (БЭЖ) энергия тұтынудың айтарлықтай өсуі байқалды.

Мәселен, 2022 жылғы 7 желтоқсанда қазақстандық энергожүйенің бүкіл тарихында тұтынудың тарихи максимумы – 16 459 МВт тіркелді, бұл ретте елдің электр станцияларының жиынтық өндірісі тек 15 203 МВт құрады. Тапшылық рессейлік электр жүйесінен жоспардан тыс ағындар есебінен жабылды.

ТМД ЭЭК өз сайтында электр энергиясы мен қуатқа деген қажеттілікті жабу үшін өндіру көлемінің жүйелі жетіспеушілігі ҚР электр станцияларында жиі авариялық және жоспардан тыс жөндеу салдарынан туындағанын атап өтті.



Энергетика саласының мәселелері (GRI 2–6, ТДМ 2, 8, 11, 9, 17)


Қазіргі уақытта Қазақстанда энергетикалық дағдарыс байқалады. Электр энергетикасы саласының құлдырауына әкелген негізгі факторлардың бірі 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 0%-ға дейін төмендеген электр энергиясын өндірудің жалпы рентабельділігінің төмендеуі болды. Бұған қоса, қуаттылығы үшін бекітілген төлем 700 мыңнан 590 мың теңге/МВт-қа дейін төмендетілді. Сонымен қатар, Энергетика және Ұлттық экономика министрліктері бүкіл ел бойынша электр энергиясына тарифтерді төмендетті. Кейбір өңірлерде тарифтердің мұндай төмендеуі 25%-ға дейін жетті. Сонымен қатар, электр энергиясының құны бірнеше есе өсті. Бұған көптеген факторлар, соның ішінде экономиканың реттелмейтін секторларындағы материалдар мен шикізат бағасы себеп болды. Мысалы, 2014 жылдан бастап қаңылтыр металл илемінің құны 572%-ға өсті. Сондай-ақ, соңғы тарифтер отын компонентіне де тікелей байланысты (тарифтің 47 пайыздан 50 пайызға дейінгі бөлігін отынның, оның ішінде көмір, мазут және газдың өзіндік құны құрайды). Соңғы 5 жылда көмірдің құны 43%-ға өсті, егер 2018 жылы оның құны тоннасына 1941 теңгені құраса, 2022 жылы сома тоннасына 2774 теңгеге дейін өсті. Мұның бәрі инвесторлардың саладан жаппай кетуіне әкеліп соқтырды және қаржылық өтімділіктің тапшылығына әкелді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 12 мың шақырымнан асады. Орташа тозу ел бойынша 59%-ды құрайды, ал кейбір жағдайларда әлдеқайда жоғары болады. Мысалы, Атырауда – 68%, Ақмола облысында – 81%, Ақтауда – 84%, Екібастұзда – 86%. Жалпы, еліміз бойынша жылу желілерінің тозу көрсеткіштері жыл сайын артып келеді, бұл тұтынушыларды жылумен жабдықтау сенімділігіне теріс әсер етеді. Тозудың жоғары деңгейінің негізгі себебі қаржы қаражатының болмауы болып табылады, бұл қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермейді.

2022–2023 жылдардағы қысқы жылыту маусымына дайындық жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдарды тексеру жөніндегі комиссияның нәтижелері бойынша «қызыл» аймаққа 19 ЖЭО, «сары» аймаққа – 11 ЖЭО және «жасыл» аймаққа – 7 ЖЭО кірді. Өңірлер бойынша көшпелі тексеру қорытындылары бойынша жылу энергиясын беруді шектеу, жылу беру кідірістері, резервтік энергия көздерінің және жөндеу материалдарының апаттық қорының болмауы, энергия жабдығының жоғары тозуы, сондай-ақ өңірлерге көмірді уақтылы жеткізбеу деректері анықталды.



Тәуекел аймақтары бойынша ЖЭО санаттары





ҚЫЗМЕТ

- 41 4.1 2022 жылғы инвестициялық бағдарламаның қорытындылары (GRI 203-1)
- 43 4.2 Процестерді автоматтандыру
- 44 4.3 Тұтынушылармен жұмыс
- 48 4.4 Сатып алу қызметі
- 49 4.5 Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

(GRI 2-24, ТДМ 17)

Екібастұз қаласының жылу желілеріндегі апат

27 қарашада Екібастұз қаласының жылу желілерінде апат орын алып, нәтижесінде № 11 қазандық агрегаты тоқтады, желілік судың көп жұмсалыуына байланысты № 13, 14, 15 қазандық агрегаттары тоқтады.

28 қарашада станцияның жұмысы қалыпқа келтірілді, алты қазандық қондырғысы жұмыс істеді, дегенмен жылу желілеріндегі жаңа кішігірім зақымдарды анықтау жалғастырылды. Сыртқы температураның төмен параметрлері, сондай-ақ тұтынушылардың желілік суды рұқсатсыз тегуі жағдайды ушықтырды.

Апат салдарынан көпқабатты үйлердің бір бөлігі жылусыз қалды, оның ішінде 80-нен астам көпқабатты үй ерітілді. Желілердегі зақымдарды жоюға «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС мамандары да, «Павлодар жылу желілері» ЖШС, «Восточный» көмір разрезі, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС, «Горводоканал» МКК, Петропавл, Астана, Қарағанды тепловиктері де тартылды. Кеншілер қаласындағы жағдайды тұрақтандыру, жылумен жабдықтау жүйесін жылыту, зақымдануды жою жұмыстары тәулік бойы жүргізілді.

Компания бөлген қаражатқа қала тұрғындары үшін жылыту радиаторлары, жылытқыштар, құбырлар және басқа да қажетті материалдар мен жабдықтар сатып алынды. Қала басшылығы, волонтерлік орталық және қала мен облыстың басқа да кәсіпорындары ыстық тамақпен қамтамасыз етуге, қала мамандары мен тұрғындарын жылытуға, жылытқыштармен қамтамасыз етуге көмек берді.

ТЖ салдарын жою ЖЭО жабдықтарының жұмысындағы іркілістерге де әкеп соқты. Қаланы жылумен жабдықтауды жедел іске қосу үшін кәсіпорын қызметкерлері аккумуляторлық цистерналарды толтыру мақсатында «шикі» дайын емес суды пайдалануға мәжбүр болды. Сондай-ақ, құбырлардың жаңадан орнатылған учаскелерін іске қосу кезінде жуу тиісті түрде жүргізілмеген. Бұл қазандық агрегаттарына құбырлар арқылы қоқыс, қақ және металл фрагменттерінің түсуінің негізгі себебі болды, нәтижесінде станция жабдықтары істен шықты. Екібастұзды жылумен жабдықтауды жылыту маусымы аяқталғанға дейін тұрақтандыру мүмкін болмады.

Болған оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін, жылумен жабдықтау сапасын жақсарту, станция жабдықтарының жұмысын тұрақтандыру, ЖЭО персоналы үшін еңбек жағдайла-



рын жақсарту мақсатында ағымдағы жылы 8 қазандық агрегатында күрделі жөндеу, сондай-ақ екі энергетикалық қазандықта ағымдағы жөндеу жоспарланған.

№ 6, 7, 8 энергетикалық қазандық агрегаттарында күрделі жөндеу жүргізілетін болады, оның барысында қыздыру беттері, бұрандалы қож кетіргіштер, үрлеу желдеткіші, редукторлар, эмульгаторлардың тамшылатқыштары мен құйындағыштары, диірмен роторлары толығымен ауыстырылады; қазандық агрегаттарын, газ жолдарын, ауа өткізгіштерді және өзге де жабдықтарды оқшаулау және қаптау арқылы қалпына келтіріледі.

№ 5, 9 энергетикалық қазандық агрегаттарында ағымдағы жөндеу жүргізілетін болады. № 9 қазандықта оттықтың қаптамасы қалпына келтіріледі, газ құбырлары тығыздығының ақаулары жойылады, үрлеу желдеткіші жөнделеді және диірмендерге тексеру жүргізіледі.

Су жылытатын № 11, 12, 13, 14, 15 қазандық агрегаттарында күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған. № 11, 12, 13, 14 қазандық агрегаттарында қыздыру беттерінің шамамен 80%-ын, конвективті пакеттердің 100%-ын ауыстыру қажет. № 15 қазандық агрегатында жылыту бетін жөндеу қажет емес. Су жылыту қазандық агрегаттарында шар-барабан диірмендері жөнделеді, бекіту арматурасы ауыстырылады, үш жаңа желілік

сорғы орнатылады, алты желілік су коллекторының төртеуі ауыстырылады. Барлық қазандық агрегаттарында шаң жүйелерін жөндеу жоспарлануда.

Сондай-ақ, 2023–2024 жылдардағы жылыту маусымы басталғанға дейін жалпы станциялық жылыту құбырларын, өрт сөндіру құбырларын, мазут құбырларын, бу құбырларын, ағартылған суды ішінара ауыстыру жоспарлануда. Бұдан басқа, сорғылар мен құбырларды ауыстыра отырып, багер сорғысын қалпына келтіру, май ажыратқыштарын вакуумға ауыстыру, релелік қорғанысты заманауи жаңа микропроцессорлық қорғанысқа ауыстыру, бақылау-өлшеу аспаптары мен электр жетектерін ішінара ауыстыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, 2023 жылы жұмсақ шатырды қатты шатырға ауыстыра отырып, ЖЭО-ның 11 ғимаратында шатырды қайта құру жоспарлануда. Қазандық турбиналық цехтың ғимаратында қабырға панельдерінің плиталарын жөндеу және ішінара ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ жұмысшы персонал үшін жаңа орталықтандырылған душтар салуға, энергетикалық қазандық агрегаттарының жүктеме нормасына жеткізу үшін жаңа желілік су жылытқыштарын сатып алуға және қолда бар жылытқыштарды жөндеуге, станция персоналының жұмысы үшін жаңа бульдозер мен шағын тиегіш сатып алуға жоба әзірлеу жоспарлануда.



Петропавл 2-ЖЭО-да түтін құбырының қирауы

2022 жылғы 20 наурызда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-да қазандық цехының ауданында №1 түтін құбыры қирады, соның салдарынан бірінші кезектегі қазандық агрегаттары тоқтатылды. Қирағанға дейін станция жұмысында 4 қазандық агрегаты мен 5 турбогенератор болған.

2-ЖЭО персоналы жабдықтың бір бөлігін жедел ажыратып тастады, жұмыс күйінде 2 қазандық агрегаты мен 2 турбогенератор қалды. Станция электр қуатын өндіруді 120 МВт-тан 65 МВт-қа дейін және салқындатқыш параметрлерін 40 градусқа дейін төмендетті.

№1 түтін құбырының қирауы салдарынан апат кезінде қазандық цехының ауданында болған станция қызметкері қаза тапты. Наталья Чефоновна Петропавл 2-ЖЭО-да қазандық жабдықты тексеруші-машинист болып жұмыс істеді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ басшылығы қаза тапқан қызметкердің отбасының қайғысына ортақтасып, оларға қайғыра көңіл білдіреді. Наталья Чефонованың отбасына Компания тарапынан барлық қажетті көмек көрсетілді.

№1 түтін құбыры 1961 жылы пайдалануға берілді. Құбырды күрделі жөндеу 2017 жылы аяқталды, нормативке сәйкес тексеру 5 жылда бір рет жүргізіледі. №2 түтін құбыры 1965 жылы, №3 түтін құбыры 1977 жылы пайдалануға берілді. Мамандандырылған зерттеу 2018 жылы жүргізілді. Петропавл 2-ЖЭО екі құбырының техникалық жай-күйі алаңдаушылық туғызбайды.

Туындаған проблемаларды шешу үшін компания Петропавл 2-ЖЭО жұмысын қалыпқа келтіру бойынша Жол картасын әзірледі. Ол жабдықты күрделі және жоспарлы жөндеуге арналған 7 блокты қамтыды. Жұмысқа мердігерлік ұйымдардың 500 қызметкері жұмылдырылды. Оның шеңберінде бірінші түтін құбыры толық бөлшектелді, төрт қазандық агрегаты жаңа газ құбырларының есебінен екінші түтін құбырына ауыстырылды, станцияның бас корпусының түтін сору бөлімі қалпына келтірілді. №4, №5, №6 және №7 қазандықтардағы қыздыру беттерінің 50%-нан 70%-на дейін ауыстырылды. №1 қазандық агрегатына ағымдағы жөндеу жүргізілді, №8, №9 және №12 қазандықтардағы барлық жұмыстар аяқталды. Ғимарат құлаған кезде жабдықты бүлінген №3 қазандықты жөндеу бойынша жұмыстар 1 желтоқсанға дейін аяқталды. Бұл ретте екінші және үшінші түтін құбырларын сараптамалық ұйымдар зерттеп, мамандардың барлық ұсыныстары толық көлемде орындалды.



4.1 2022 жылғы инвестициялық бағдарламаның қорытындылары (GRI 203-1)

2022 жылы инвестициялар негізгі өндірістік активтерді жаңғыртуға, жаңартуға және жөндеуге бағытталды.

2022 жылы Корпорация инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға 17,2 млрд теңге бағыттауды жоспарлады. Іс жүзінде 18,8 млрд теңге бағытталды, бұл Петропавл 2-ЖЭО бойынша шығындардың ұлғаюына байланысты.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 3-ЖЭО

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 3-ЖЭО – «ОАЭК» АҚ-ның ең ірі энергия өндіруші активі. Станция Қазақстандағы ең заманауи станциялардың бірі болып табылады. ТП АБЖ негізгі жабдықтың 83%-ын қамтиды.
Орнатылған электр қуаты – 555 МВт
90,1% жаңартылған өндіруші жабдық

2022 жыл

2022 жылдың қараша айында түтін құбырының оқпанын салу жұмыстары аяқталды. 2023 жылы мұржаның ішкі және сыртқы бөліктері бойынша жұмыстар орындалады. Газ құбырларын қайта құру бойынша жұмыстарды 2024 жылы орындау жоспарлануда, содан кейін № 2 түтін құбыры пайдалануға беріледі.
3-ЖЭО № 1 ст. БКЗ-420–140 қазандық агрегатының ВЗП текшелері қайта құрылды. Іс-шара қазандық агрегатының ВЗП текшелерінің күл тозуын азайту мақсатында орындалды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 2-ЖЭО

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Павлодар 2-ЖЭО – «ОАЭК» АҚ қуаты бойынша үшінші энергия өндіруші активі қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарын, қызмет көрсету саласының жергілікті объектілерін, сондай-ақ үй шаруашылықтарын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Станция жылыту кезеңінде белгіленген электр қуатын пайдалану көрсеткіші бойынша Қазақстандағы үздіктердің бірі болып табылады, ол шамамен 93%-ды құрайды.
Орнатылған электр қуаты – 110 МВт.

2022 жыл

Турбиналық жабдық жұмысының сенімділігін арттыру үшін жобалау ұйымы «2-ЖЭО-ын қайта құру» ТЭН-ін әзірледі.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Екібастұз ЖЭО

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Екібастұз ЖЭО – «ОАЭК» АҚ-ның қуаттылығы бойынша төртінші энергия өндіруші активі.
ЕЖЭО Екібастұз қаласын жылумен қамтамасыз ететін жалғыз мекеме болып табылады. Станция Корпорацияның ең көне кәсіпорны болып табылады.
Орнатылған электр қуаты – 12 МВт.

2022 жыл

Жылыту беттері ауыстырылып, № 13, 14 қ/а қайта құру бойынша жұмыстар орындалды.
Тұз көлі орнындағы күл үйіндісінің № 2 секциясын қайта құру жұмыстары жалғастырылды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО – «ОАЭК» АҚ-ның ең ірі энергия өндіруші активі.

2-ПЖЭО қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарын, қызмет көрсету саласының жергілікті объектілерін, сондай-ақ үй шаруашылықтарын электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Станция Қазақстандағы ең заманауи станциялардың бірі болып табылады: 2009 жылдан бастап станцияның өндіруші жабдығы 49,7%-ға жаңартылды. ТП АБЖ негізгі жабдықтың 42%-ын қамтиды.

Орнатылған электр қуаты – 541 МВт.

2022 жыл

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ІІ кезегі Петропавл 2-ЖЭО № 2 күл үйіндісінің № 3 секциясының қоршау бөгеттері ұлғайтылды.
- Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін қазандық агрегаттарына күрделі жөндеу жүргізілді.
- Қазандық цехының көпір крандары жаңартылды, бұл негізгі құралдар құнының өсуіне әкеледі.
- Электр қозғалтқыштарына күрделі жөндеу жүргізілді, бұл негізгі құралдар құнының өсуіне әкеледі.
- Түтін құбырының құлау себептерін кешенді ғылыми-техникалық зерттеу және № 1 түтін құбырының құрылыс конструкцияларының техникалық жай-күйін бағалау жүргізілді.
- № 1, 2, 3 түтін құбырларын тексеру жүргізілді.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО қазандық цехының (түтін сору бөлімшесінің) бас корпусының ғимараты қайта құрылды.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО жалпы газ құбырының бөлігін қайта құру жұмыстары орындалды (№ 1, 3–7 қазандық агрегаттарынан № 2 түтін құбырына ауыстыру мақсатында).



4.2 Процестерді автоматтандыру

«ОАЭК» АҚ ЕҰ-да өндірістік, есепке алу және ілеспе ақпараттық жүйелерді жаңғырту және автоматтандыру жүргізілуде. Барлық жобалар еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған.

ЭБАЖ

2022 жылы электр энергиясын бөлуді автоматтандырылған бақылауды ұйымдастырудың бекітілген тұжырымдамасы шеңберінде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-да «Баланстар» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі және «Техникалық есеп» бағдарламалық жасақтамасы сәтті енгізілді.

Биллинг

2022 жылы жүйені интеграциялау бойынша мынадай жұмыстар жүргізілді:

- клиенттерден нақты уақыт режимінде (online) және «RPS Asia» жүйесі арқылы берілетін электрондық шоттар бойынша төлемдерді қабылдау. Қазақстан бойынша төлем шлюзіне 10 000-нан астам төлем қабылдау пункттері қосылған, олардың ішінде меншікті есеп айырысу-кассалық бөлімшелер/терминалдар, банк бөлімшелері, коммуналдық қызметтердің есеп айырысу орталықтары, интернет-банкинг және мобильді банкинг жүйелері бар.
- дебиторлық берешегі бар тұтынушыларға SMS хабарламаларды автоматты түрде жіберуді жүзеге асыру жөніндегі мобильді оператормен бірге.

«Тезис» құжаттары мен міндеттерін басқару жүйесі

2022 жылы жүйе релизін жаңарту бойынша жұмыстар мынадай мақсаттарда жалғастырылды:

- өнімділік пен басқаруды жақсарту,
- мобильді қосымшаны енгізу,
- электрондық-цифрлық қолтаңбаны пайдалануды іске асыру;

«Кеңсе/с жүргізу» модулін пысықтау жүргізілді.



1.3 2023 жылға арналған процестерді автоматтандыру бойынша жоспарлар

- «ТЕЗИС»-ті өзекті шығарылымға дейін жаңарту, кадрлық процестер мен ақпараттық қауіпсіздік процестерін автоматтандыруды дамыту. Мобильді қосымшаға көшу.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «АЭТК» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-да «Баланстар» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін және «Техникалық есепке алу» бағдарламалық жасақтамасын енгізу.
- Чат-боттық жүйе (WhatsApp және Telegram мобильді қосымшалары) арқылы электр және жылу энергиясының көрсеткіштерін қабылдау бойынша жұмыстарды іске асыру.



4.3 Тұтынушылармен жұмыс

Қызметтерді іске асыру

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың (бұдан әрі – ЭЖҰ) негізгі функциялары:

- жасалған шарттар негізінде электр, жылу энергиясын өткізу;
- тұтынушылармен тұтынылған электр және жылу энергиясы үшін есеп айырысулар өткізу.



2022 жылы ЭЖҰ электр және жылу энергиясы бойынша орындалған өткізілім-дерге талдау

| ЭЖҰ көрсеткіштері | Көлем | Сома |
|---------------------------------|------------------|----------------------|
| Электр энергиясын өткізу: | мың кВт-сағ | мың тг, ҚҚС-пен қоса |
| | 3 031 524 | 67 441 224 |
| заңды тұлғалар | 1 728 702 | 47 800 238 |
| жеке тұлғалар | 1 302 821 | 19 640 986 |
| «Павлодарэнергосбыт» ЖШС | 1 339 929 | 28 010 372 |
| заңды тұлғалар | 753 078 | 20 527 720 |
| жеке тұлғалар | 586 851 | 7 467 002 |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС | 876 718 | 18 823 955 |
| заңды тұлғалар | 555 686 | 14 330 302 |
| жеке тұлғалар | 321 032 | 4 493 653 |
| «АЭТК-Энергосбыт» ЖШС | 814 877 | 20 622 547 |
| заңды тұлғалар | 419 938 | 12 942 216 |
| жеке тұлғалар | 394 938 | 7 680 331 |

| ЭЖҰ көрсеткіштері | Көлем | Сома |
|----------------------------------|-----------------|----------------------|
| Жылу энергиясын өткізу | мың Гкал | мың тг, ҚҚС-пен қоса |
| | 4 787 | 24 544 166 |
| заңды тұлғалар | 1 846 | 16 578 836 |
| жеке тұлғалар | 2 941 | 7 965 330 |
| «Павлодарэнергосбыт» ЖШС | 2 662,61 | 10 911 218 |
| заңды тұлғалар | 1 156,62 | 7 352 021 |
| жеке тұлғалар | 1 505,99 | 3 559 197 |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС | 1 311,60 | 9 105 250 |
| заңды тұлғалар | 498,80 | 6 191 905 |
| жеке тұлғалар | 812,8 | 2 913 345 |
| «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС | 812,631 | 4 527 698 |
| заңды тұлғалар | 190,324 | 3 034 910 |
| жеке тұлғалар | 622,31 | 1 492 788 |

Тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру. Жобаларды іске асыру

Тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін екінші деңгейлі банктер, интернет, банкоматтар, терминалдар арқылы төлем жүйесі жолға қойылған. Екінші деңгейлі банктермен, «Қазпошта» АҚ, «AstanaPlat» ЖШС және «QIWI Kazakhstan» ЖШС-мен халықтан төлемдерді қабылдауға шарттар жасалды. Сондай-ақ, тұрмыстық тұтынушылар банк комиссиясынсыз БЕО түбіртектері бойынша төлем жүргізе алады.

АТЖ филиалдарының қызмет көрсету аймағында тұтынушыларды шарттар жасасу және бұзу мәселелері бойынша қабылдау, дербес шоттарды ашу және жабу, анықтамалар беру, абоненттерге дербес шоттар бойынша ақпарат беру, өтініштерді қабылдау және т.б. жүзеге асырылады.



«Севказэнергобыт» ЖШС-нің тұтынушылармен жұмыстың операциялық моделін жақсартуға мүмкіндік берген мобильді қосымшаны әзірлеу бойынша жобасы іске асырылды.

Қосымшаның функционалы төмендегілерді өндіруге мүмкіндік береді:

- онлайн төлем;
- ыстық сумен жабдықтау және электр энергиясын есепке алу аспаптары бойынша көрсеткіштерді беру;
- бірыңғай төлем құжатына енгізілген қызметтер бойынша сальдоны қарау;
- бақылаушыны шақыру (ыстық сумен жабдықтауды есепке алу аспаптары бойынша);
- компанияның атына өтініш жолдау;
- көрсетілетін қызметтердің жұмысы мен сапасын бағалау.

ЭЖҰ-ның негізгі міндеттерінің бірі халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру, тұтынушыларға қызмет көрсету деңгейін арттыру және халықаралық сапа жүйесі стандарттарының міндетті талаптарына сәйкестігі болып табылады. 2022 жылдың шілде айында «Павлодарэнергобыт» ЖШС ISO 9001 стандартының талаптарына сәйкестігіне бірінші қадағалау аудитінен өтті, бұл ұйымдағы сапа менеджменті жүйесінің жоғары деңгейде жұмыс істейтінін растайды.

Әлеуметтік әріптестік (GRI 413–1, ТДМ 1, 2, 3, 4, 8, 10, 11)

Электр энергиясын өткізу кезінде жасына қарай жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, ҰОС қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар үшін сараланған тариф қолданылады.

ЖОО түлектеріне энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда өндірістік және диплом алдындағы практикадан өту мүмкіндігі беріледі.

Қызметкерлер ЭЖҰ сенімділігі мен қаржылық тұрақтылыққа; әлеуметтік бағдарламалардың болуына; еңбек қауіпсіздігіне; еңбек қызметін материалдық және моральдық ынталандыруға мүдделі.

Дебиторлық берешекті талдау

Ең өзекті мәселе – энергиямен жабдықтаушы ұйымдардағы дебиторлық берешекті басқару.

Дебиторлық берешекті бағалау төмендегідей жүзеге асырылады:

1. Әрбір есепті кезеңдегі барлық дебиторлық берешектің жалпы сомасы динамикада. Әрбір ұсынылатын қызметтегі ақшалай қаражаттың жалпы сомасының динамикасын сипаттайды.
2. Әрбір есепті кезеңдегі барлық мерзімі өткен дебиторлық берешектің жалпы сомасы динамикада. Ықтимал тәуекел көлемін сипаттайды.
3. Барлық дебиторлық берешектің айналымы динамикада. Тұтынушылармен жұмыс тиімділігін сипаттайды.

Жалпыдан жекеге

Бірінші кезең. Дебиторлық берешекке жалпы талдау жүргізіледі және тұтынушылардың барлық санаттары бойынша жалпы түсінік қалыптастырылады. Қалыптасқан жағдайдың себептері анықталады.

Екінші кезең. Бақылауға алынатын нақты іс-шаралар жоспары әзірленуде (жауапты тұлғалар, мерзімдер, нәтиже).

Дебиторлық берешекті егжей-тегжейлі талдау және бақылау тұтынушылар санаттары, өңірлер, қызмет түрлері, әр тұтынушы бойынша жүзеге асырылады.

Талдау кезінде дебиторлық берешек жалпы және мерзімі өткен болып бөлінеді, білім беру кезеңдері бойынша ажыратылады.

| ЭЖҰ атауы | 2022 жылы дебиторлық берешекпен жұмыс, мың теңге, ҚҚС-пен қоса | | | | | |
|---------------------------|--|---------------|---------------|--------------------------|---|---------------------------------------|
| | 01.01.2023 ж. дебиторлық берешек | | | ЖҚ жинау коэффициенті, % | 2022 жылы енгізілген атқарушылық жазбалар | 2022 жылы қозғалған атқарушылық істер |
| | Жалпы | 1 айдан астам | 3 айдан астам | Бір жылғы орташа мән | | |
| «Павлодарэнергосбыт» ЖШС | 5 479 530 | 1 389 695 | 1 059 629 | 64 | 721 967 | 1 364 091 |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС | 3 045 502 | 260 619 | 130 413 | 75 | 1 145 777 | 144 335 |
| «АЭТК-Энергосбыт» ЖШС | 1 951 162 | 285 224 | 63 931 | 81 | 51 999 | 76 048 |
| «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС | 814 322 | 311 974 | 137 640 | 43 | 164 070 | 42 866 |
| Барлығы | 11 290 516 | 2 247 512 | 1 391 612 | 66 | 2 083 813 | 1 627 340 |

Жалпы дебиторлық берешек 2021 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға өсті.

Көрсеткіштер

Дебиторлық берешекті жинау коэффициенті

Коэффициент есепті кезең ішінде дебиторлық берешектің қанша жиналатынын көрсетеді.

Дебиторлық берешекті өндіріп алу. Басқару әдістері

Тұтынушылармен өзара іс-қимыл sms-ақпараттандыру, электрондық хабарламаларды жіберу, ескертулерді, хабарламаларды табыстау, ажыратуларды орындау және т.б. Өзара

іс-қимылдың мақсаты – борышкерді берешегін төлеуге ынталандыру, сот және атқарушылық іс жүргізуге көшуді айқындау.

Берешегі үшін тұтынушылар тұрақты негізде таратушы ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп қуат көзінен ажыратылады.

Тұтынушының шарт талаптарын орындамауы ретінде тұтыну режимін көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу бөлігінде шектеу:

| ЭЖҰ атауы | Жіберілген хабарламалар саны | Орындалған ажыратулар саны | | | |
|---------------------------|------------------------------|----------------------------|---------------|----|-----------|
| | | ЭЭ | ТЭ | ЭЭ | ТЭ |
| «Павлодарэнергосбыт» ЖШС | 510 423 | 167 087 | 39 854 | 45 | |
| «Севказэнергосбыт» ЖШС | 82 750 | 24 709 | 1 373 | | |
| «АЭТК-Энергосбыт» ЖШС | 203 368 | | 4 503 | | |
| «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС | | 10 252 | | | 3 |
| Барлығы | 796 541 | 202 048 | 45 730 | | 48 |

Дебиторлық берешекті басқару бойынша жұмыс мерзімі өткен дебиторлық берешек мөлшерін азайтуға бағытталған. Бұл шараны

қабылдау тұтынушылардың энергиямен жабдықтаушы ұйымдар алдындағы берешегінің қайтарылуын арттыруға ықпал етеді.

4.4 Сатып алу қызметі (GRI 414–1, ТДМ 8, 11, 12, 16)

Есепті жылдағы сатып алулар көлемі:

- ТМҚ – 10,96 млрд теңге
- ЖЖҚ – 17,37 млрд теңге

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- өткізілген сатып алулар бойынша есеп ЭСА-мен біріктірілген. Есеп деректері нақты уақыт режимінде көрсетіледі (MS Power BI);
- жылдық сатып алу жоспары 98%-ға орындалды;
- 30.05.2023 ж. жағдай бойынша жарияланған рәсімдер саны 6 890 құрады;
- автоматтандыру деңгейі 83%-дан жоғары;
- сатып алуды цифрландыру деңгейі – 82%.

Сонымен қатар жүргізілуде:

- сатып алу тәуекелдерін басқару процесі;
- қоймалардағы қорлар мен өтімсіздіктер көлемін азайту бойынша жұмыс;
- уәкілетті мемлекеттік органдармен сатып алу қызметі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша белсенді жұмыс.

4.5 Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

(GRI 201–1, ТДМ 4, 6, 9)

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының (бұдан әрі – Топ) 2022 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалды және еншілес кәсіпорындардың сатып алынған кезінен бастап қаржылық есептілігін қамтиды.

Есеп саясатының қағидаттары Топтың барлық кәсіпорындары үшін бірдей. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелерін, сондай-ақ Топтың стратегиялық дамуының негізгі бағыттарының орындалуын көрсетеді.

2020–2022 жж. негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

| КӨРСЕТКІШТЕР | 2020 | 2021 | 2022 |
|---|---------|----------|----------|
| Негізгі қызметтен кіріс | 104 249 | 139 734 | 148 382 |
| Өзіндік құн | -89 882 | -106 209 | -120 782 |
| Жалпы пайда | 14 368 | 33 525 | 27 600 |
| Кезең шығыстары | -10 388 | -11 130 | -12 448 |
| Операциялық қызметтен пайда | 3 979 | 22 396 | 15 153 |
| Бір жылдағы жалпы EBITDA* | 16 869 | 44 336 | 45 432 |
| Бір жылдағы жалпы EBITDA, маржа % | 16,18% | 31,73% | 30,62% |
| Құнсызданудан залал | -1 456 | -14 925 | -9 611 |
| Бағамдық айырмадан кіріс/залал | 1 347 | -1 799 | -11 349 |
| КТС бойынша шығыстар | -2 303 | 11 957 | 4 856 |
| Бір жылдағы таза пайда (залал) | -5 768 | -902 | -37 330 |
| Тоқтатылған қызметтен залал | 296 | 10 047 | 0 |
| Жалпы жиынтық табыс (залал) | -5 472 | 9 145 | -37 330 |
| Активтер | 375 010 | 504 785 | 475 229 |
| Капитал | 123 535 | 179 229 | 115 431 |
| Негізгі құралдар бойынша күрделі шығындар | 14 880 | 14 025 | 16 803 |

* Жалпы EBITDA бағамдық айырма әсерін есепке алмай көрсетілген

Өнім/қызмет өткізуден табыс

2022 жылдың қорытындысы бойынша Топ сатып алу энергиясын беру және өткізуді ескере отырып, электр және жылу энергиясын 2021 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда 8 648 млн теңгеге (+6,2%) өсіммен жалпы сомасы 148 382 млн теңгеге өндірді, оның ішінде:

- электр энергиясын сатудан кіріс 9 191 млн теңгеге өсті;
- электр энергиясы қуаты нарығынан кіріс 301 млн теңгеге (оның ішінде «Севказэнерго» АҚ – 312 млн теңгеге) төмендеді;
- жылу энергиясын сатудан кіріс 275 млн теңгеге төмендеді;
- басқа қызметтен кіріс 33 млн теңгеге өсті.

2022 жылы кірістің өсуіне әсер еткен негізгі факторлар:

- электр энергиясына орташа бағаның 18%-ға өсуі Топтың табысын 20 174 млн теңгеге (оның ішінде «Павлодарэнерго» АҚ – 9 285 млн теңгеге, «Севказэнерго» АҚ - 5 742 млн теңгеге, «АЭТК» АҚ – 3 304 млн теңгеге) ұлғайтты;
- жылу энергиясы бойынша орташа тарифтердің 3%-ға өсуі Топтың табысын 905 млн теңгеге (оның ішінде «Павлодарэнерго» АҚ – 436 млн теңгеге, «Севказэнерго» АҚ – 469 млн теңгеге) ұлғайтты.

2022 жылы кірістің азаюына мынадай негізгі факторлар әсер етті:

- электр энергиясын өткізу көлемінің 10%-ға төмендеуі (электр энергиясын өндірудің төмендеуіне байланысты) кірісті 11 284 млн теңгеге (оның ішінде «Павлодарэнерго» АҚ – 391 млн теңгеге, «Севказэнерго» АҚ – 11 109 млн теңгеге, «АЭТК» АҚ – 590 млн теңгеге) азайтты;
- жылу энергиясын өткізу көлемінің 4%-ға төмендеуі (коллекторлардан босатылудың төмендеуіне байланысты) кірісті 1 181 млн теңгеге (оның ішінде «Павлодарэнерго» АҚ – 675 млн теңгеге, «Севказэнерго» АҚ – 506 млн теңгеге) азайтты.

Өткізілген өнімнің/қызметтің өзіндік құны

2022 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 120 782 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 14 573 млн теңгеге (+13,7%) жоғары.


Өзіндік құнның өсуіне келесі негізгі факторлар әсер етті:

- операциялық шығыстардың ұлғаюуы, оның ішінде:
- 31.12.21 ж. жағдай бойынша негізгі құралдарды қайта бағалауға байланысты амортизацияға (+8 487 млн теңге) және 2021 жылы «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС үлесін сатып алу нәтижесінде алынған материалдық емес активтердің амортизациясына;
- білікті персоналдың тұрақтамауы көрсеткішін төмендету мақсатында ілеспе салықтармен (+3 452 млн теңге) еңбекақы төлеуге;
- электр энергиясын бөгде көздерден сатып алу көлемінің ұлғаюуына және тарифтердің өсуіне байланысты сатып алынатын электр энергиясына (+3 433 млн теңге);
- энергетикалық жабдық жұмысының тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін пайдалану материалдарына (+278 млн теңге);
- бағаның өсуіне байланысты бөгде ұйымдардың қызметтеріне (+410 млн теңге), химиялық реагенттерге (+321 млн теңге).
- Өзіндік құнның азаюына келесі негізгі факторлар әсер етті:
- энергия өндірудің азаюына байланысты көмір тұтынудың төмендеуі салдарынан ауыспалы шығыстардың (отын, техникалық су, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем) 1 240 млн теңгеге азаюуы;
- басқа шығыс шығындарының 249 млн теңгеге төмендеуі;
- Кезең шығыстары 1 318 млн теңгеге (+12%) ұлғайды, оның ішінде: ілеспе салықтармен жалақыны индекстеу есебінен 1 003 млн теңгеге, бөгде ұйымдардың қызметтері құнының өсуіне байланысты 242 млн теңгеге, амортизациялық аударымдардың өсуі есебінен 73 млн теңгеге.
- Қаржы шығыстарының 9 689 млн теңгеге өсуі (+37%) жаңа қарыздардың баланстық құнының, ОБ базалық мөлшерлемесінің Ресей Федерациясы ВТБ қарызы бойынша 10%-дан 11%-ға дейін, ЕҚДБ қарызы бойынша – 10,75%-дан 26,61%-ға дейін (инфляцияның өсуі + LIBOR) ұлғаюуына байланысты.
- 2022 жылы бағамдық айырмадан залал ресей рубліне қатысты теңгенің әлсіреуі себебінен орын алды.

Жалпы EBITDA серпіні

Операциялық EBITDA көрсеткіші Корпорацияның өндірістік қызметін бағалау кезінде негізгі көрсеткіш ретінде таңдалды. Бұл өнімділік көрсеткіші басқа кірістерді, қаржыландырудан түсетін кірістерді, бағамдық айырмаға қатысты міндеттемелердің ақшалай емес құрамдас бөлігін, тозуды, амортизацияны және Корпорацияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін қайталанбайтын немесе сипаты бойынша тұрақсыз баптарды есепке алмайды.

Бір жылдағы жалпы EBITDA, млн теңге




* Жалпы EBITDA бағамдық айырма әсерін есепке алмай көрсетілген

Корпорацияның операциялық EBITDA көрсеткіші 2022 жылы мынадай факторлар есебінен 2021 жылмен салыстырғанда 1 095 млн теңгеге (немесе 2,5%) өсіммен 45 432 млн теңгені құрады:

- Көрсеткіштің құрылымында – операциялық EBITDA жетекші (бірінші кезектегі) маржалық сегменті электр және жылу энергиясын өндіру (40 743 млн теңге) болып табылады, 2022 жылы ол бойынша негізінен 2021 жылы «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС үлесін сатып алу нәтижесінде алынған материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу есебінен 5 014 млн теңгеге (+14%) ұлғаю орын алды.
- «Электр энергиясын беру және бөлу» сегменті бойынша операциялық EBITDA қызметі тарифтердің өсуіне байланысты операциялық қызметтен түсетін пайданы ұлғайту есебінен 563 млн теңгеге (+7%) өсумен 8 876 млн теңгені құрады.
- «Жылу энергиясын беру және бөлу» сегменті бойынша EBITDA көрсеткіші (1 792 млн теңге) өзіндік құнның төмендеуіне және тарифтердің өсуіне байланысты операциялық қызметтен түсетін пайданың өсуі есебінен 305 млн теңгеге (+21%) ұлғайды.
- «Электр және жылу энергиясын өткізу» сегменті бойынша EBITDA көрсеткіші (1 062 млн

теңге) кезеңнің өзіндік құны мен шығыстарының өсуі есебінен 30 млн теңгеге (-3%) төмендеді.

Операциялық EBITDA сегменттер бойынша, млн теңге



Таза кіріс/шығыс серпіні

2022 жылы операциялық қызметтен түскен пайда келесі негізгі факторларға байланысты 2021 жылмен салыстырғанда 7 243 млн теңгеге (-32%) төмендей отырып, 15 153 млн теңгені (сатудан түскен табысқа 10% маржа) құрады:

- өзіндік құнның 14 573 млн теңгеге (+14%) ұлғаюы есебінен жалпы пайданың 5 925 млн теңгеге (-18%) төмендеуі, табыстың өсуі 8 648 млн теңгені (+6%) құрады;
- кезең шығыстарының 1 318 млн теңгеге ұлғаюы (+12%).

Аудит қорытындысы бойынша 2022 жылғы таза пайда (залал) (-37 330 млн теңге) 2021 жылмен салыстырғанда 36 428 млн теңгеге азайды:

- операциялық қызметтен түсетін пайданың 7 243 млн теңгеге төмендеуі;
- өзге қызметтен нәтиженің 6 360 млн теңгеге төмендеуі;
- бағамдық айырма бойынша шығыстардың 9 549 млн теңгеге өсуі;
- қаржылық қызмет бойынша нәтиженің 10 491 млн теңгеге төмендеуі;
- қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлестің 997 млн теңгеге төмендеуі;
- құнсызданудан болған шығынның 5 314 млн теңгеге төмендеуі;
- КТС шығыстарының 7 101 млн теңгеге төмендеуі

2022 жылғы сегменттер бойынша қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

| Көрсеткіштер | ЭЭ және ЖЭ өндіру көрсеткіштері | ЭЭ беру және тарату | ЖЭ беру және тарату | ЭЭ және ТЭ өткізу | Басқа | Барлығы |
|---------------------------------------|---------------------------------|---------------------|---------------------|-------------------|--------|----------|
| Негізгі қызметтен кірістер | 94 799 | 32 274 | 9 290 | 78 098 | 400 | 148 382 |
| Өзіндік құн | -73 170 | -25 351 | -7 153 | -74 532 | -360 | -120 782 |
| Жалпы пайда | 21 629 | 6 923 | 2 137 | 3 566 | 40 | 27 600 |
| Кезең шығыстары | -5 884 | -2 243 | -1 135 | -2 610 | -1 333 | -12 447 |
| Операциялық қызметтен пайда | 15 744 | 4 680 | 1 002 | 956 | -1 294 | 15 153 |
| Қаржылық шығыстар, таза | -31 330 | -2 096 | -1 386 | 102 | 1 270 | -34 090 |
| Бағамдық айырмадан кіріс/залал | -9 673 | -1 197 | -254 | 0 | -224 | -11 348 |
| Құнсызданудан залал | -10 013 | 342 | 151 | -212 | -805 | -9 611 |
| Басқа кірістер/ шығыстар, таза | -2 033 | 106 | 60 | 459 | -400 | -2 288 |
| КТС бойынша шығыстар | -2 756 | -998 | -200 | -132 | -340 | 4 856 |
| Бір жылдағы таза пайда (залал) | -40 061 | 837 | -627 | 1 172 | -1 793 | -37 330 |
| Операциялық EBITDA сегменттер бойынша | 40 743 | 8 876 | 1 792 | 1 062 | -1 105 | 45 432 |


Ескертпе: топшілік айналымдардың элиминациясы бойынша қаржылық көрсеткіштер кестеде көрсетілмейді.

Активтер, міндеттемелер және капитал


Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерім валютасы 475 229 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 29 556 млн теңгеге (немесе 6%) төмен.

Топтың активтері ағымдағы және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Ұзақ мерзімді активтерге 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құны 352 361 млн теңгені немесе барлық активтер құнының 74%-ын құрайтын негізгі құралдар кіреді. 2022 жылы негізгі құралдарға салынған инвестициялық салымдар 16 803 млн теңгені құрады.

Активтер, млрд теңге




Міндеттемелер және капитал, млрд теңге



Топтың жарияланған жарғылық капиталы 50 млн жай акцияны құрайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толық төленген жай акциялардың құны 46 043 млн теңгені құрады.

Ұзақ мерзімді және ағымдағы міндеттемелер, оның ішінде ВТБ Банк (Қазақстан) АҚ ЕБ, Еуропалық қайта құру және даму банкі, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, Таза технологиялар қоры алдындағы міндеттемелерден тұрады. Қарыздар Топ объектілерін қайта құру және жаңғырту, сондай-ақ басқа компаниялардағы қатысу үлесін сатып алу жөніндегі инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін тартылды.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге



Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты 2022 жылы 20 794 млн теңгені құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 12 216 млн теңгеге (+142%) артық. Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты 35 465 млн теңгені құрады. Ақша қаражаттарының кемуі инвестициялық бағдарламаның орындалуымен және кредиторлық берешекті төлеумен байланысты. Қаржы қызметінен алынған таза ақша қаражаты 13 296 млн теңгені құрады. Қаржылық

қызмет бойынша қозғалыс банктік қарыздарды тартуға және өтеуге байланысты. 2022 жылдың аяғындағы ақша қаражатының сальдосы 2 992 млн теңгені құрайды.



ДАМУ

56 5.1 2023 жылға арналған жабдықты қайта құру және жаңғырту жоспарлары

57 5.2 Алдағы үш жылға арналған даму бойынша негізделген болжамдар

ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

(GRI 2-22, ТДМ 17)

5.1 2023 жылға арналған жабдықты қайта құру және жаңғырту жоспарлары

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде 2023 жылы өндіріс көлемін арттыруға, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды азайтуға және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған жабдықтарды жаңғырту жөніндегі бірқатар іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

2023 жылы Корпорация инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға 19,8 млрд теңге бағыттауды жоспарлап отыр.

2023 жылы Корпорация 5 654,2 млн кВт-сағ деңгейінде электр энергиясын өндіруді және 6 208,7 мың Гкал-ға дейін жылу энергиясын босатуды жоспарлауда.

2023 жылы «ОАЭК» АҚ-ға дейінгі барлық ЖЭО-да жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнату жөніндегі іс-шаралар орындалатын болады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО-да № 1 түтін құбырына жұмыс істейтін қолданыстағы қазандық агрегаттарының тартылуы бойынша шектеулерді алып тастау және № 5, 6-баптағы қазандық агрегаттарын және № 7, 8-баптағы перспективалы қазандық агрегаттарын құбырға қосу мақсатында № 2 түтін құбырын салу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда. Сондай-ақ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 3-ЖЭО-да келесі іс-шараларды орындау жоспарлануда:

- 3-ЖЭО № 2 БКЗ-420-140 ст. қазандық агрегаттарының ВЗП текшелерін қайта құру;
- күл үйіндісінің 1-кезегін қалпына келтіру;
- № 1 ағартқышты қайта құру бойынша жұмыстарды бастау (ТМҚ сатып алу);
- № 2 БКЗ-420-140 ст. қазандық агрегатының төбелік бу қыздырғышын қайта құру;
- № 2 ПТ-60/65-130/13 ст. турбоагрегатының конденсаторын қайта құру;
- № 5 ст. турбоагрегат ұяшығында электр жабдықтарын қайта құруды аяқтау.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО-да № 1 ст., № 3 ст. БКЗ-160-100 қазандық агрегаттарының ВЗП текшелерін қайта құру жоспарлануда.

Екібастұз ЖЭО-да ПСВ-1,2 ауыстырумен шикі су схемасын қайта құру жоспарлануда.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-да 2023 жылы жаңа темірбетонды түтін құбырын салу, ғимараттар мен құрылыстар, № 3, 11 қазандық агрегаттарын, № 1 турбоагрегатты күрделі жөндеу, екінші кезектегі № 2 күл үйіндісінің № 3 секциясының бөгеттерін ұлғайту бойынша жұмыстарды бастау жоспарлануда.

2023 жылы ұзындығы 0,789 м оқшауланған құбырларды қолдана отырып магистральдық жылу құбырларын салу және қайта құру жоспарлануда, оның ішінде:

- Павлодар қ. 0,246 км, ТК-302/4-тен Сұрағанов к-сі т/ж дейінгі жылу желісін қайта құру.
- Петропавл қ. – 1,021 км ТК 6-19-дан Сәтбаев к-сі ТК –3-15 дейінгі ТМ № 3 қайта құру.

2023 жылы ЭТК бойынша инвестициялық бағдарламалар шеңберінде жоспарлануда:

- 182,67 км көлемінде 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 32,84 км, «АЭТК» АҚ бойынша – 97,63 км, «ПЭТК» АҚ бойынша – 52,2 км;
- 113,8 км көлемінде 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру, оның ішінде «СҚЭТК» АҚ-35,4 км, «АЭТК» АҚ – 54,8 км; «ПЭТК» АҚ – 23,6 км;
- 35 кВ және одан жоғары 25 қосалқы станцияны қайта құру, оның ішінде «СҚЭТК» АҚ бойынша – 4 қосалқы станция, «АЭТК» АҚ бойынша – 19 қосалқы станция; «ПЭТК» АҚ бойынша – 2 қосалқы станция.

5.2 Алдағы үш жылға арналған даму бойынша негізделген болжамдар

2024–2026 жылдары ЖЭО бойынша инвестициялық бағдарламалар шеңберінде мынадай негізгі іс-шараларды орындау жоспарлануда:

Павлодар 3-ЖЭО:

- №№ 1, 2, 3 ағартқыштарды ауыстыру;
- № 1–6 СТ. к.а БКЗ-420–140 эмульгаторларының құйындағыштары мен тамшы ұстағыштарын қайта құру;
- 3-ЖЭО № 1–6 ст. БКЗ-420–140 қазандық агрегаттарының ВЗП текшелерін қайта құру.

Павлодар 2-ЖЭО:

- к.а. БКЗ-160–100 СТ.№ 1–5 эмульгаторлардың құйындағыштары мен тамшы ұстағыштарын қайта құру;
- 2-ЖЭО № 1–5 ст. БКЗ-160–100 қазандық агрегаттарының ВЗП текшелерін қайта құру.
- «Екібастұз жылу энерго» ЖШС ЕЖЭО:
- Тұз көлі орнындағы күл үйіндісінің № 2 секциясын қайта құру;
- ЖЭО-ны ауыз сумен жабдықтау схемасын қайта құру және 6000 м³ ауыз су резервуарын техникалық суға ауыстыру;
- Екібастұз ЖЭО үшін қоршаған ортаға шығарындылар көздерінде эмиссияларды экологиялық бақылау жүйесін енгізу;
- ПСВ-1,2 ауыстырумен шикі су схемасын қайта құру;
- № 1 аккумуляторлық батареяны қайта құру;
- 35 кВ АТҚ-ны қайта құру;
- Екібастұз ЖЭО № 3 секциясын салу.

Петропавл 2-ЖЭО:

- № 2 ст. к/а қайта құру;
- № 1 ст. турбоагрегатты қайта құру;
- Жылу қуатын беру схемасын қайта құру;
- № 6 қазандық қондырғысының шекті (1 дана) және негізгі (2 дана) қазандықтарын ауыстыру;
- Жаңа темірбетон түтін құбырын салу;
- Жалпы газ құбырын қайта құру (қазандық агрегаттарын жаңа түтін құбырына және № 3 түтін құбырына ауыстыру мақсатында);
- № 2 түтін құбырын бөлшектеу;
- № 2 күл үйіндісінің № 3 секциясының қоршау бөгеттерін салу (III кезек);
- № 4 күл үйіндісін салу;
- 2 сатылы багерлік сорғы станциясын қайта құру;
- 2-ЖЭО отын беруді қайта құру;
- АТҚ-220 кВ қайта құру;
- Ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу.

«Павлодар жылу желілері» ЖШС:

- Павлодар қаласында ұзындығы 0,73 км ТК-134-тен ТК-134/8-ге дейінгі жылу желісін қайта құру;
- «АК» АҚ ЖЭО – Павлодар қаласындағы Камзин көшесі учаскесінде өткізу қабілетін арттыра отырып (Ду1000-ға дейін) ТМ-20 жылу магистралін қайта құру, 7 км.

2024–2026 жж. жылу желілері бойынша инвестициялық бағдарламалар шеңберінде мынадай негізгі іс-шараларды орындау жоспарлануда:

«Петропавл Жылу Желілері» ЖШС:

- 2024–2026 жж. 2,813 км магистральдық құбырларды қайта құру жоспарлануда, оның ішінде:
- Ұзындығы 0,619 км №3 2Ду500 мм жылу магистралінің учаскесін қайта құру;
- Ұзындығы 1,680 км №6 2Ду 400-2Ду500 мм жылу магистралінің учаскесін қайта құру;
- Ұзындығы 0,514 км №7-18 2Ду500 мм жылу магистралінің учаскесін қайта құру.

2024–2026 жылдары инвестициялық бағдарламалар шеңберінде электр желілері бойынша мынадай негізгі іс-шараларды орындау жоспарлануда:

ПЭТК:

- 110 кВ «Өнеркәсіптік» – «Солтүстік қалалық» әуе желісінің құрылысымен және қолданыстағы 220/110/10кВ «Өнеркәсіптік» қосалқы станциясында екі ұяшықты монтаждаумен «Солтүстік қалалық» қосалқы станциясының құрылысын аяқтау;
- Май ауданында жалпы ұзындығы 23,6 км 35 кВ № 32 «Қызыл-Құрама-Белогорье-1» әуе желісін салу;
- Павлодар және Успен аудандарында жалпы ұзындығы 29,0 км 35 кВ № 63 «Ольгино-Тимирязево» әуе желісін салу;
- «Ленинская» 110/10кВ қосалқы станциясын қайта құру бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- «Өнеркәсіптік» 220/110/10кВ қосалқы станциясының 110кВ және РЗА ұяшықтарын қайта құру бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлей отырып, ұзындығы 91,9 км 0,4–10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру;
- 88 бірлік ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру;
- Баянауыл, Успен, Май, Железин, Қашыр, Павлодар, Ақсу және Ертіс аудандарында және Павлодар қ. ЖКҚБ ғимаратына күзет-өрт дабылын монтаждау;
- 1684 автоматтандырылған техникалық есепке алу есептегіштерін орнату;
- 923 бірлік көлемінде технологиялық жабдықтарды, арнайы механизмдерді және басқа да негізгі құралдар объектілерін сатып алу;
- Павлодар қ. «Оңтүстік су алу» ҚС 35–110кВ, Павлодар қ. «Береговая» ҚС 35/6кВ, Ақтоғай ауданы «Краснокутская» ҚС 11/35/10кВ қайта құру бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- Тереңкөл ауданында ұзындығы 42,67 км № 51 «Қашыр-2 – Бобровка» және Железин ауданында ұзындығы 14,1 км № 58 «Железинка-2 – Моисеевка» орнына 35кВ ӘЖ салу бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу.

СҚЭТК:

- Петропавл қаласы мен облыс аудандарындағы 110/35/10 кВ қосалқы станцияларда АТҚ-35–110 кВ қайта құру;
- Петропавл қ. № 11 және № 5110/10 кВ қосалқы станцияларында АТҚ-10 кВ қайта құру;
- ұзындығы шамамен 123 км болатын 110 кВ ӘЖ найзағайдан қорғау кабелін ауыстыру;
- 6,3 МВА КС 35/10 кВ «Жұмысшы поселкесі» күштік трансформаторын 10 МВА-ға ауыстыру;
- ҚС 220/110/35/10 кВ-4 ҚС қуат жабдығын қайта құру;
- 50,0 км көлемінде 0,4 кВ электр желілерін қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру;
- Петропавл қ. 10/0,4 кВ ТП жабдықтары мен ғимараттарын қайта құру – 5 дана;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды орындау.

АЭТК:

- ҚС-35 кВ және одан жоғары техникалық жаңғырту – 29 дана.
- 35 кВ және 266,69 км жоғары ӘЖ салу және жаңғырту, оның ішінде:
 - ӘЖ-110 кВ «Қорғалжын – Краснознаменка» – 81,6 км;
 - ӘЖ-110 кВ «Орман – Краснознаменка» – 55,5 км;
 - ӘЖ-35 кВ «Сабынды – М. Мәметова» – 29,8 км;
 - ӘЖ-35 кВ «Карамышевка – Колоколовка» – 53,9 км;
 - ӘЖ-35 кВ «Акимовская – Тельман» – 20,59 км;
 - ӘЖ-35 кВ «Қызыл Ту – Челкарская» – 25,3 км.
- 0,4–10 кВ 193,44 км желілерін техникалық жаңғырту, 80 дана көлемінде жаңа КТҚ монтаждау;
- 1876 бірлік энергия жабдығын және 7068,3 км ЭБЖ-ін күрделі жөндеу.



 **ЦАТЭК**
GREEN ENERGY

 Банк развития
Казахстана

СЕВКАЗЭНЕРГО



КОРПОРАТИВТІК

- 62 6.1 Акционерлердің жалпы жиналысы
- 63 6.2 Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары
- 63 6.3 Ұйымдық құрылым
- 64 6.4 6.4 Акционерлік капитал құрылымы
- 64 6.5 Дивидендтер туралы ақпарат
- 65 6.6 Директорлар кеңесі
- 67 6.7 Директорлар кеңесінің құрамы
- 70 6.8 Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары
- 72 6.9 Атқарушы орган
- 73 6.10 Сыйақы саясаты
- 73 6.11 2022 жылы Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын сақтау
- 74 6.12 Корпоративтік әдеп
- 75 6.13 Мүдделер қайшылығы
- 75 6.14 Ақпараттық саясат
- 76 6.15 Ішкі бақылау және аудит
- 76 6.16 Сыртқы аудит

БАСҚАРУ

(GRI 2-9, ТДМ 5)

«ОАЭК» АҚ корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстанады. Компанияның қызметі барлық тараптардың, атап айтқанда инвесторлардың, акционерлердің, қызметкерлердің, Компанияның лауазымды тұлғаларының мүдделерін теңгерімді есепке алуға негізделген.

Компанияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорынның ағымдағы мониторингі мен нәтижелерін бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды. Директорлар кеңесінің құрамына Компанияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын тәуелсіз директорлар кіреді.

Бизнес-процестерді жетілдіру және қабылданып шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда ішкі бақылау тетіктері реттелген.

Ішкі бақылау «ОАЭК» АҚ үшін кез келген бизнес-процестер шеңберінде өз функцияларын жүзеге асыру кезінде барлық бөлімшелер мен қызметкерлерді қамтитын барлық деңгейлерде стратегиялық және жедел басқаруға интеграцияланған жүйелі болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесі жанында Аудит жөніндегі Комитет жұмыс істейді, ол қаржылық есептіліктің дұрыстығын және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіруді қамтамасыз ету үшін қабылданған шешімдер мен процестерге мониторинг жүргізеді.

«ОАЭК» АҚ өз қызметінде ақпараттық ашықтық саясатын ұстанады. Компанияда қызмет туралы ақпаратты ашық көздерде орналастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қарастырылған. Осылайша, акционерлер Компанияда болып жатқан оқиғаларды үнемі бақылай алады. Корпорациядағы корпоративтік басқару жүйесі ашықтық, әділеттілік, есептілік және жауапкершіліктің танылған негізгі қағидаттарына негізделген.

Тиімді және жауапты корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, «ОАЭК» АҚ халықаралық қағидаттар мен озық әлемдік тәжірибелерге негізделген жоғары стандарттарды ұдайы ұстанады. Корпорация корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады және өз қызметін барлық тараптардың, атап айтқанда инвесторлардың, акционерлер мен қызметкерлердің мүдделерін ескере отырып құрады.

6.1 Акционерлердің жалпы жиналысы

Корпорацияның жоғарғы басқару органы акционерлердің Жалпы жиналысы болып табылады. Акционерлердің Корпорация Жарғысында көрсетілген өз құқықтарын іске асырудың негізгі тәсілі акционерлердің жыл сайынғы жиналысына қатысу, сондай-ақ Директорлар кеңесінің немесе атқарушы органның бастамасы бойынша кезектен тыс жиналыстарға қатысу болып табылады.

Корпорация Акционерлерінің құқықтары:

- жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізу;
- Директорлар кеңесіне, Комитеттерге кандидаттар ұсыну;
- Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру;
- қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да құқықтар.

6.2 Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары


2022 жылы акционерлердің 1 жылдық және 3 кезектен тыс Жалпы жиналысы өткізілді, онда мынадай мәселелер қаралды:

- «ОАЭК» АҚ қаржылық есептілігін бекіту;
- «ОАЭК» АҚ таза кірісін бөлу тәртібін айқындау;
- акционерлердің «ОАЭК» АҚ іс-әрекеттеріне жүгінуіне қатысты мәселелерді қарау;
- «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ қаржылық

есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды белгілеу;

- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- басқа сұрақтар

6.3 Ұйымдық құрылым (GRI 2–9, ТДМ 5)



6.4 Акционерлік капитал құрылымы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ жарғылық капиталы 46 043 272 мың теңгені құрайды. «ОАЭК» АҚ акционерлері Клебанов Александр Яковлевич (47,1 %), Кан Сергей Владимирович

Владимирович (47,1%), KIF ENERGY S.a.r.l. – 4,01%, «Орталық-Азия Отын-энергетикалық Корпорациясы» АҚ – 1,78 %. (04.05.2023 ж.).



6.5 Дивидендтер туралы ақпарат (GRI 2-19)

Корпорацияның дивидендтерді есептеу, жариялау тәртібі, мөлшері, нысаны және төлеу мерзімдері туралы саясаты Корпорация Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде айқындалған.

Корпорацияның дивидендтік саясатының негізгі қағидаттары:

- акционерлердің ҚР қолданыстағы заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және оның ІНҚ-да көзделген құқықтарын қатаң сақтау, акционерлердің мүдделерін есепке алу және олардың активтерін барынша арттыру;
- дивидендтік төлемдердің мөлшерін анықтау кезінде Компания мен оның акционерлерінің мүдделерінің теңгерімі;
- инвестициялық тартымдылықты, қаржылық тұрақтылықты, капиталдандыруды және Корпорацияның өтімділігін арттыру;

- салынған капиталға нарықтық кірісті қамтамасыз ету.

Корпорация дивидендтер төлеуге таза пайданың бір бөлігін одан әрі дамыту үшін жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін көлемде жіберуге ниетті. Дивидендтер төлеу туралы шешімді Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін күтпеген жағымсыз мән-жайлар болған кезде Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтер төлеу (хабарландыру) туралы шешім қабылдауды ұсынуға міндетті.

2022 жылы акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2021 қаржы жылына дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.

6.6 Директорлар кеңесі

(GRI 2–10,2–11,2–12, 2–13, ТДМ 16)

Корпорацияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, Холдингтің ағымдағы мониторингі мен нәтижелерін бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды.

Корпорация қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне Корпорацияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайтын үш тәуелсіз директор кіреді. Корпорацияның Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес айқындалады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері мынадай өлшемшарттарға сәйкес келеді:

- «ОАЭК» АҚ-ның үлестес тұлғалары болып табылмайды және олар Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде үлестес тұлғалар болып табылмаған;
- «ОАЭК» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайды;
- «ОАЭК» АҚ лауазымды тұлғаларымен немесе «ОАЭК» АҚ үлестес тұлғаларымен бағыныстылықпен байланысты емес және өздері Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты болмаған;
- мемлекеттік қызметшілер болып табылмайды;
- «ОАЭК» АҚ органдарының отырыстарында акционерлердің өкілдері болып табылмайды және өздері Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде акционерлердің өкілдері болып табылмаған;
- «ОАЭК» АҚ аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде аудитке қатыспайды және өздері Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Директорлар кеңесін оның отырыстарын шақыратын және Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелері мен комитеттерінен келіп түскен ұсыныстарды негізге ала отырып,

олардың күн тәртібін қалыптастыратын Төраға басқарады.

Директорлар кеңесі мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- бизнесті жүргізудің ең жоғары стандарттарына сәйкес Корпорацияның қызметі туралы сенімді және толық ақпаратты пайдалана отырып, мәселелерді алқалы және салмақты талқылау негізінде шешімдер қабылдау;
- акционерлердің заңды мүдделері мен Корпорацияны басқаруға қатысу, акционерлердің дивидендтер, Корпорация туралы есептер мен ақпарат алу құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Корпорация акционерлерінің мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізуді қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің мүддесі үшін барынша объективті шешімдер қабылдауы;
- Корпорация акционерлерін дұрыс және уақтылы мәліметтермен қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі мен атқарушы органға сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. 2022 жылы Директорлар кеңесіне төленген сыйақылардың жалпы сомасы 55,6 млн теңгені құрады, 2022 жылы атқарушы органға төленген төлемдердің жалпы сомасы 95,3 млн теңгені құрайды.



Іріктеу және тағайындау (GRI 2-10)

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Корпорация акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен сайланады. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі Жарғының ережелеріне сәйкес кемінде алты адамнан тұруы керек, оның ішінде Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады және төмендегілердің қатарынан сайланады:

- акционерлер – жеке тұлғалар;
- акционерлердің мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
- Қоғамның акционерлері болып табылмайтын және акционерлердің мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

«ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасы да Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы мүмкін, бірақ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін «ОАЭК» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланатын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесіндегі жұмыс мерзімі

(2023 жылдың тамыз айында):

- 10–14 жыл – 3 адам;
- 2–6 жыл – 3 адам;
- 1–2 жыл – 1 адам.

Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің өкілеттік мерзімі – 2 жыл (2024 жылғы 17 наурызға дейін).



6.7 Директорлар кеңесінің құрамы (GRI 2–11)

КЛЕБАНОВ АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ (1963 ж.т.)

Директорлар кеңесінің Төрағасы

- «ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы, «ЦАТЭК» АҚ ДК Төрағасы және оның акционері болып табылады.
- 20.08.2007 – «ЦАТЭК» АҚ ДК Төрағасы;
- 16.03.2009 – «ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы;
- 17.03.2022 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2008 жылдан бастап ДК құрамында).

ОРАЛ БАҒДАТ ЕРКЕБУЛАНҰЛЫ (1986 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

- 03.2014–06.2014 – «Samruk-Green Energy» ЖШС перспективті даму басқармасының бастығы;
- 06.2014–07.2018 – «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС директоры;
- 07.2018–4.03.2021 – «ОАЭК» АҚ энергия өткізу және тарифтік саясат жөніндегі Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 05.03.2021 – «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 17.03.2022 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2021 жылдан бастап ДК құрамында).

НИГАЙ АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ (1984 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі

- 03.08.2015 – қазіргі уақытқа дейін, «Қазақстан Құбыр Жүйелері» ЖШС-нің Стратегиялық даму жөніндегі директоры;
- 26.07.2016 – қазіргі уақытқа дейін, «Mineral Product» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры;
- 09.2020–30.06.2021 – «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының коммерция жөніндегі орынбасары;
- 17.03.2022 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2021 жылдан бастап ДК құрамында).

ТАБАНОВ ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ (1968 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

- 04.01.2013 – ДК мүшесі, «ЦАТЭК» АҚ Тәуелсіз директоры;
- 01.01.2014–13.06.2017 – ДК мүшесі, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры;
- 09.09.2015–16.11.2016 – «Astana» ӘКК ҰК АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 13.10.2016 – ДК мүшесі, «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры;
- 29.09.2017 – «City Vox» ЖШС Директоры;
- 15.01.2018 – ДК мүшесі, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Тәуелсіз директоры;
- 15.01.2018 – ДК мүшесі, «Ақмола электр желілік тарату компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры;
- 15.01.2018 – ДК мүшесі, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тәуелсіз директоры.
- 17.03.2022 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2017 жылдан бастап ДК құрамында).

КАЙЗЕР ФРАНЦ-ЙОЗЕФ (1949 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

- «ОАЭК» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылмайды және бұған дейінгі үш жыл ішінде үлестес тұлға болып табылмаған.
- 17.11.1975–30.06.2009 – «Прайс УотерХаус Куперс» (PWC) серіктесі;
- 2005–30.06.2009 – «Ресей БЭЖ» РАҚ PWC жобасы бойынша серіктес;
- 17.03.2022 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры болып қайта сайланды (2009 жылдан бастап ДК құрамында).

КЕРР МАНФРЕД-ЙОЗЕФ (1947 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

- «ОАЭК» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылмайды және бұған дейінгі үш жыл ішінде үлестес тұлға болып табылмаған.
- 2003–2009 – RWE Power International Вице-президенті;
- 2008–2010 – Басқарушы директор, RWE Power International Аға кеңесшісі;
- 25.02.2011 – Rhein Ruhr Power ДК Төрағасы;
- 25.10.2011 – ДК мүшесі, «ОАЭК» АҚ тәуелсіз директоры;
- 17.03.2022 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры болып қайта сайланды (2011 жылдан бастап ДК құрамында).

ТАН ЛЕВИН (1983 ж.т.)

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор

- «ОАЭК» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылмайды және бұған дейінгі үш жыл ішінде үлестес тұлға болып табылмаған.
- 01.2015–12.2015 – SUNEDISON ENERGY HOLDINGS (SINGAPORE) PTE. LTD жобалық қаржыландыру және корпоративтік даму жөніндегі менеджері;
- 03.2016–03.2019 – CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE. LTD инфрақұрылымдық инвестициялар жөніндегі вице-президенті;
- 03.2019 – қазіргі уақытқа дейін CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE. LTD инфрақұрылымдық инвестициялар жөніндегі директоры;
- 05.2019 – қазіргі уақытқа дейін – THE RONATYN GROUP Инвестициялық директоры.
- 2022 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізілген жоқ.



Директорлар кеңесінің қызметі

| | 2020 | 2021 | 2022 |
|--------------------|------|------|------|
| күндізгі отырыстар | 2 | 9 | 9 |
| сырттай отырыстар | 14 | 9 | 7 |

2022 жылы Директорлар кеңесінің 16 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесінің назарын аударған негізгі мәселелердің қатарында:

- ай сайынғы және тоқсандық басқару есептерін қарау;
- «ОАЭК» АҚ-ның 2021 жылға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспарының орындалуын қарау;
- «ОАЭК» АҚ-ның 2022 жылға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспарын (бюджетін) бекіту; «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола Электр-желілік Тарату Компаниясы» АҚ-ның жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту;
- 2021 жылға дейінгі таза табысты бөлу тәртібін айқындау, сондай-ақ 2022 жылға арналған қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;
- «ОАЭК» АҚ-ның 2022 жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- өткен 2022 қаржы жылы үшін «ОАЭК» АҚ таза табысын бөлу тәртібін және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшерін айқындау; 2022 жылға «ОАЭК» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйымды алдын ала таңдау;
- «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаменті мен Тәуекел-менеджмент департаментінің қызметі туралы есептерді қарау;
- бірқатар ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- басқа.

Ірі мәмілелер туралы мәліметтер

2022 жылы жасалған ірі мәмілелер туралы ақпарат қаржылық есептілік депозитарийі мен Қазақстан қор биржасының сайттарында орналастырылған.

| | |
|------------|--|
| 20.09.2022 | «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арасында кредиттік желі беру туралы келісім жасасу «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ мен «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ арасында 2021 жылғы 28 қыркүйектегі жылжымайтын мүлік кепілі (ипотека) туралы № 1650–2021 Шартқа № 2 қосымша келісім жасасу «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ мен «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ арасында қол қойылған 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 1684–2021 жылжымайтын мүлік кепілі (ипотека) туралы шартқа № 3 қосымша келісім жасасу туралы. |
| 18.10.2022 | «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ мен ВТБ Банк ЖАҚ арасында № 6 Қосымша келісім жасасуды мақұлдау туралы. |

6.8 Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары

(GRI 2-12, 2-13)

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанында үш комитет жұмыс істейді.

1.10 Стратегиялық комитет

Комитеттің негізгі функциялары:

- «ОАЭК» АҚ қызметінің басым бағыттарын, оны дамыту стратегиясын қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ тұжырымдамаларын, саясаттарын, бағдарламаларын, даму жоспарларын және оларды іске асыру қорытындыларын қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ бюджетін және оны орындау қорытындыларын қарау және бағалау;
- Комитеттің пікірінше, ДК тарапынан іс-қимылды талап ететін кез келген мәселелер бойынша ұсынымдарды «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына жеткізу;
- Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту тетіктерін жетілдіру бойынша Директорлар кеңесіне жәрдемдесу.

Комитет құрамы*

- Керр М. Төраға
- Кан С.В.
- Орал Б. Е.
- Перфилов О.В.
- Нигай А. Д.

2022 жылы Стратегиялық комитеттің отырыстары өткізілген жоқ.



1.11 Аудит жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі функциялары:

- Директорлар кеңесіне қаржылық есептілік пен ішкі бақылауды қадағалау, сондай-ақ қоғамда тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің болуын және жұмыс істеуін бақылау тұрғысынан оның реттеуші және қадағалау функцияларын тиімді жүзеге асыруына жәрдемдесу;
- ішкі аудитті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерін және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және нығайту;
- Директорлар кеңесінің назарына оның тарапынан іс-қимылды талап ететін кез келген мәселелер бойынша ұсынымдарды жеткізу.

Комитет құрамы*

- Кайзер Ф. Төраға
- Керр М.
- Орал Б. Е.
- Нигай А. Д.
- Тан Л.

2022 жылы Комитет отырыстары жеті рет өткізілді. Комитет Директорлар кеңесіне оның реттеуші және қадағалау функцияларын тиімді жүзеге асыруына, ішкі аудитті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіруге және нығайтуға жәрдемдеседі. Комитет «Deloitte» ЖШС сыртқы аудиторының жұмысына, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін «ОАЭК» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекітуге және департаменттердің Директорлар кеңесіне – Ішкі аудит департаменті мен Тәуекел-менеджмент департаментіне есеп беретін қызметке қатысты мәселелерді қарады.

1.12 Кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Комитеттің негізгі функциялары:

- қызметкерлерге қосымша сыйақылар, өтемақылар және әлеуметтік төлемдер төлеу мәселелерін қоса алғанда, «ОАЭК» АҚ және ЕҰ үшін бірыңғай кадрлық саясатты әзірлеу;
- корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның қағидаттарын іске асыру.

Комитет құрамы*

- Тан Л. Төраға
- Ли С.В.
- Константинова Н.В.
- Жұмабекова А.

2022 жылы Комитет отырысы өткізілмеді. Комитет Директорлар кеңесіне корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға жәрдемдеседі, атап айтқанда «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында персоналды басқару көрсеткіштері бойынша бір жылдағы есеп қаралды.

* 2023 жылғы сәуірдегі өзектілігі



6.9 Атқарушы орган

Алқалы атқарушы орган 2020 жылғы 1 қыркүйекте Корпорацияда басшы лауазымдарды атқаратын қызметкерлерден құрылды. Басқарма Төрағасы басқаратын, Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын және Директорлар кеңесі мен акционерлер айқындаған стратегияны іске асыратын Басқарма алқалы атқарушы орган болып табылады. Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары

акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, парасаттылық, қырағылық болып табылады.

2022 жылы Басқарманың жиырма алты отырысы өткізілді, онда Холдингтің операциялық қызметінің бірқатар шешімдері, оның ішінде «ОАЭК» АҚ ЕҰ жалақысын арттыру туралы шешім қабылданды.

Орал Бағдат Еркебұланұлы

«ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасы

Білімі

- Қазан 2009 – Желтоқсан 2011, Albert Ludwigs University of Freiburg Ғылым магистрі (Жаңартылатын Энергия Көздерін Басқару)
- Қыркүйек 2004–Маусым 2008, Алматы Энергетика және Байланыс Университеті Жылу энергетикасы бакалавры (Жылу электр станциялары)

Жұмыс тәжірибесі

- Наурыз 2021 – қазіргі уақытқа дейін, «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасы
- Шілде 2018–Наурыз 2021, «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының Энергия өткізу және тарифтік саясат жөніндегі орынбасары
- Маусым 2014–Шілде 2018, «ЦАТЭК Green Energy» АҚ Директоры

Ли Сергей Валерьевич

«ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Білімі

- Швейцария бизнес мектебі, МВА
- Дарэма университеті, Ұлыбритания, Бизнес Экономика Бакалавры
- Св. Эндрю колледжі, Ұлыбритания, A-Level бағдарламасы

Перфилов Олег Владимирович

«ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

Білімі

- 1985–1992 – Павлодар индустриялық институты, Электр энергетикалық жүйелерді автоматты басқару, инженер-электрик

Жұмыс тәжірибесі

- 2023 жылғы 31 тамыз – қазіргі уақытқа дейін, «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары
- 2022–2023 жылғы 31 тамыз – «СЕВКАЗЭ-НЕРГО» АҚ Бас директоры
- 2012–2022, Бас директор, Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы,
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

Жұмыс тәжірибесі

- Наурыз 2021 – қазіргі уақытқа дейін, «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
- Қаңтар 2020–Наурыз 2021, «Самұрық-Энерго» АҚ Экономика және Қаржы жөніндегі бірлескен басқарушы директоры
- Наурыз 2016–Қаңтар 2020, «Самұрық-Энерго» АҚ «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» Департаментінің директоры

*2023 жылғы сәуірдегі өзектілігі

6.10 Сыйақы саясаты

(GRI 2–19)

Атқарушы орган сыйақысының көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Басқарма мүшелері сыйақысының мөлшерін анықтау схемасы келесі талаптарға сәйкес:

- сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен құралады;
- сыйақының ауыспалы бөлігі Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерімен, оның біліктілігімен, белгілі кезеңде Корпорация қызметінің нәтижесіне қосқан жеке үлесіне байланысты және Басқарма мүшелерін жоғары сапалы қызметке ынталандыруға бағытталған;
- Басқарма мүшесіне әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамаға, Компанияның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.

6.11 2022 жылы Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын сақтау

(GRI 403, ТДМ 4)

2022 жылы Корпорацияны корпоративтік басқару тәжірибесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толық сәйкес келді. Құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені және қазақстандық акционерлік қоғамдарды корпоративтік басқару қағидаттарын қолдану жөніндегі ұсынымдарды ескереді.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары Корпорацияның күнделікті қызметіне халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және Корпорацияның акционерлері, клиенттері мен қызметкерлері алдында оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететін корпоративтік мінезқұлық нормалары мен дәстүрлерін енгізуге бағытталған. Олар сондай-ақ акционерлердің құқықтарын толық іске асыруды қамтамасыз етуге, олардың Корпорация қызметі туралы хабардарлығын арттыруға, тәуекелдерді бақылауға және азайтуға, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін табысты жүзеге асыруға бағытталған.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттары:

- әділеттілік;
- есеп беру;
- жауапкершілік;
- ашықтық;
- қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік;
- тиімділік;
- бақылауда болу.

2022 жылы Корпоративтік басқару кодексінің барлық негізгі қағидаттары сақталды.

6.12 Корпоративтік әдеп (GRI 2–22, ТДМ 17)

Корпорацияда Директорлар кеңесі 2020 жылы бекіткен Іскерлік әдеп кодексі қолданылады.

Құжат іскерлік қатынастарды реттеудің халықаралық тәжірибесінің стандарттарын төрт бағытта біріктіреді:

- бизнес және кәсіби әдеп;
- ұйымдастырушылық әдеп;
- корпоративтік басқару;
- компанияның әлеуметтік жауапкершілігі.

Корпорацияның барлық қызметкерлері бөлісетін іскерлік әдеп стандарттары мен нормалары қызметтің келесі маңызды нәтижелерін алуға ықпал етеді:

- шешім қабылдау кезінде ымыраға келу санының азаюына әкеледі және пайымдауларда тәуелсіздік береді;

- корпоративтік мәдениетті және жалпы Корпорацияның қоғамдағы беделін/имиджін жақсартады;
- корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және дағдарысты басқару процестерінің тиімділігін арттырады;
- мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимылға жәрдемдеседі;
- сот істерінен аулақ болуға мүмкіндік береді.

Корпорацияда іскерлік әдептің сақталуын бақылауды басшылық белгіленген этикалық қағидаттар мен нормаларға сәйкес қызметті ұйымдастыру арқылы жүзеге асырады. Кодекстің белгіленген стандарттары мен нормаларын Корпорацияның барлық қызметкерлері бөліседі.



6.13 Мүдделер қайшылығы

(GRI 2–15, ТДМ 16)

Мүдделер қайшылығы Әдеп кодексімен реттеледі (11-тармақ). Бұл құжатта қызметкерлердің жауапкершілігі, қызметтік жағдайды теріс пайдалану, қызметкерлердің компания ішіндегі және сыртындағы қызметі көрсетілген.

«Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатында» алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты негізгі қағидаттардың қатарында «Мүдделер қайшылығын барынша азайту» қағидаты көрсетілген.

Бұл қағидат Корпорация ашық Ұйымдық құрылымды қалыптастыру арқылы өкілеттіктер мен жауапкершілікті тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын төмендететінін мәлімдейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі тиісті Ережемен реттеледі. Директорлар кеңесі мүшелерінің арасындағы мүдделер қайшылығын болдырмау Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы тармақта жазылған.

6.14 Ақпараттық саясат

(GRI 2–16, ТДМ 17)

«ОАЭК» АҚ-ның ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін басқаруға, мақсатты аудитория арасында Корпорацияның бірыңғай имиджін қабылдауға мүмкіндік беретін іс-қимылдар, шаралар мен регламенттер кешенін білдіреді.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- акционерлердің, инвесторлардың, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптардың заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша ақпаратты уақтылы ұсыну, таразыланған шешім қабылдау немесе Корпорацияның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер етуі мүмкін өзге де әрекеттерді жасау

үшін қажетті ақпаратты, сондай-ақ Корпорацияның қызметін неғұрлым толық түсінуге ықпал ететін басқа да ақпаратты ұсыну;

- барлық мүдделі тұлғалар үшін Корпорация туралы жария ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Корпорация мен акционерлер, әлеуетті инвесторлар, нарыққа қатысушылар, мемлекеттік органдар және өзге де мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарда ашықтық пен сенім деңгейін арттыру;
- «ОАЭК» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Корпорацияның оңтайлы имиджін қалыптастыру.

6.15 Ішкі бақылау және аудит

(GRI 2–25, 2–26)

Бизнес-процестерді жетілдіру және қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында «ОАЭК» АҚ-да Корпорация үшін жүйелі, стратегиялық және жедел басқаруға барлық деңгейлерде интеграцияланған, өз функцияларын жүзеге асыру кезінде барлық бөлімшелерді қамтитын ішкі бақылау тетіктері жұмыс істейді.

Корпорацияның операциялық қызметте, заңдар мен ережелерді сақтауда бақылаудың тиімділігіне жеткілікті сенімділікті қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесі бар.

«ОАЭК» АҚ өз қызметін Ішкі аудит департаменті, ал еншілес ұйымдар деңгейінде – Ішкі аудит басқармасы жүзеге асырады.

Ішкі аудит департаменті мен басқармалары (бұдан әрі – ІАД, ІАБ) қызметінің тәуелсіздігі компаниялардың Директорлар кеңесіне бағыну және есеп беру жолымен қамтамасыз етіледі. «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңестері жанындағы Аудит жөніндегі комитеттер ІАД/ІАБ қызметіне жетекшілік етеді.

ІАД/ІАБ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Әдеп кодексіне және ішкі аудиттің ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) сәйкес жүзеге асырылады. ІАД/ІАБ туралы ереже, Ішкі аудит саясаты және Ішкі аудит жүргізу ережелері ІАД/ІАБ қызметін реттейтін негізгі ІНҚ болып табылады.

ІАД Директорлар кеңесі бекіткен бір жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмысты жүзеге асырады, Департамент қызметінің нәтижелері туралы есептерді Директорлар кеңесіне ұсынады.

2022 жылы еншілес ұйымдардағы бизнес-процестерді ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігіне бағалау жүргізілді:

- «Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды басқару»;
- «Қорларды басқару»;
- «Техникалық қызмет көрсету және жөндеуді басқару»;
- «Инвестициялық қызметті басқару».

Жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың қорытындысы бойынша тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жақсарту бойынша түзету/алдын алу шараларын қабылдауға бағытталған тиісті ұсынымдар берілді.

Сондай-ақ, ІАД және сыртқы аудитордың ұсынымдарының орындалуына мониторинг, консультациялық және әдіснамалық жұмыс жүргізілді.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі қағидаттарды ұстанады: адалдық, объективтілік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік.

6.16 Сыртқы аудит

(GRI 2–25, 2–26)

«ОАЭК» АҚ тобының қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым «Deloitte» ЖШС болып табылады. Компаниямен аудиторлық қызметтерді жүргізуге шарт 2023 жылға дейін жасалды.







ТӘУЕКЕЛ-

- 80 7.1 Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
- 86 7.2 Қызметке елеулі әсер ететін тәуекелдерді талдау
- 92 7.3 Тұрақты даму тәуекелдері
- 92 7.4 Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер
- 93 7.5 Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер

МЕНЕДЖМЕНТ

(GRI 2–25)

7.1 Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (бұдан әрі – ТБЖ) жұмыс істейді.

2022 жылы «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін дамыту және жетілдіру стратегиясын бекітті. Қабылданған Даму стратегиясын іске асыру шеңберінде, COSO «Ұйымның тәуекелдерін басқару. Стратегиямен және қызмет тиімділігімен интеграциялау» тұжырымдамасының, сондай-ақ ISO 31000–2018 «Тәуекел менеджменті. Қағидаттар

мен басшылық» стандартының қағидаттары негізінде Компаниялар тобындағы тәуекелдерді басқару саясаты Директорлар кеңесінің шешімімен өзектендірілді және бекітілді.

Компаниялар тобы бекітіп, іске асыратын Тәуекелдерді басқару саясаты Топтың тәуекелдерге қатынасын айқындайды, ТБЖ құру мен жұмыс істеудің жалпы қағидаттарын, оның мақсаттары мен міндеттерін, тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастырудың, іске асырудың және бақылаудың негізгі тәсілдерін белгілейді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуы мен жұмыс істеу қағидаттары

Бизнес құнын құру және қорғау

тәуекелдерді басқару қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және қызмет көрсеткіштерін жақсартуға, оның ішінде адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, бизнестің үздіксіздігін, нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкестігін, көрсетілетін қызметтердің сапасын, жобаларды басқаруды, қызметтің тиімділігін, Топты басқаруды және оның беделін қамтамасыз етуге ықпал етеді

Интеграция

тәуекелдерді басқару барлық процестердің ажырамас бөлігі болып табылады, соның ішінде стратегиялық жоспарлау, жобалар мен өзгерістерді басқару, қызметтің үздіксіздігін басқару процестері, бұл Компаниялар тобының басшылығына негізделген таңдау жасауға, іс-әрекетке басымдық беруге және баламалы іс-қимыл бағыттары арасындағы айырмашылықтарды жасауға ықпал етеді.

Қолда бар ең жақсы ақпаратты пайдалану

тәуекелдерді басқару процесінің кірістері тарихи деректер, тәжірибе, мүдделі тараптардың кері байланысы, бақылаулар, болжамдар, сараптамалық бағалау сияқты ақпарат көздеріне негізделген. Бұл ретте пайдаланылған деректердегі немесе модельдеу/болжау нәтижелеріндегі ықтимал шектеулер/қателер,

сондай-ақ сарапшылар арасындағы пікір алшақтықтары ескеріледі.

Өзара әрекеттесу және үйлестіру

тәуекелдерді басқару Компаниялар тобы өз мақсаттарына жетуге ұмтылатын қазіргі сыртқы және ішкі ортаға сәйкес келеді

Қатыстырылу

мүдделі тараптарды, атап айтқанда, Компаниялар тобының барлық деңгейлерінде шешім қабылдаушыларды тиісті және уақтылы тарту тәуекелдерді басқарудың өзекті болып қалуын және заманауи талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді. Бұл мүдделі тараптарға тиісті түрде өкілдік етуге және тәуекел критерийлерін белгілеу процесінде олардың пікірлері ескерілетініне сенімді болуға мүмкіндік береді.

Бейімделу

тәуекелдерді басқару болып жатқан өзгерістерге жауап береді. Сыртқы және ішкі оқиғаларға, корпоративтік орта мен білімнің өзгеруіне жауап ретінде тәуекелдерге мониторинг және қайта қарау жүзеге асырылады, жаңа тәуекелдер пайда болады, кейбір тәуекелдер өзгереді, басқалары жоғалады, Компаниялар тобында тәуекелдерді басқару жүйесін ұдайы жетілдіру мақсатында жаңа тәсілдер мен әдістер әзірленеді және іске асырылады.

Жауапкершілік және функционалдылық

Басшылық тәуекелдерді басқаруға жауапты және есеп беретін тұлғаларға жәрдемдесу үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша өкілеттіктер мен міндеттемелерді өзіне алады; Компаниялар тобында тәуекел-мәдениетті арттыруға жәрдемдеседі. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың қажетті процестерінің бар-жоғын және бұл процестердің барабар және тиімді екендігін анықтау арқылы қадағалау органының рөлін атқарады.

Басымдық

Компаниялар тобы ең алдымен өз қызметі үшін маңызды тәуекелдерге қатысты қажетті шараларды қабылдайды

Тәуекелдерді басқару саласындағы Топтың негізгі мақсаттары оның шаруашылық қызметі мен беделін, жұмыскерлердің денсаулығын, қоршаған ортаны, акционерлер мен инвесторлардың мүлкіктік мүдделерін тиімді жүзеге асыруға қауіп төндіретін оқиғалардың (тәуекелдердің) теріс әсерін уақтылы анықтау, бағалау және азайту, сондай-ақ тұрақты үздіксіз жұмыс істеуді және дамуды, қисынды сенімділікті қамтамасыз ету үшін қолайлы мүмкіндіктерді іске асыру, Топтың алдына қойылған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.


Топтың қызметіне тәуекелдердің әсер ету деңгейін айқындау үшін тәуекелдің ықтималдығы мен салдарын сараптамалық бағалау жолымен, сондай-ақ тәуекелдің ықтималдығы мен салдарын есептеудің математикалық әдістерін пайдалана отырып, сандық бағалау жолымен тәуекелдің маңыздылық деңгейі айқындалады.

Тәуекелдерді басқару процесінің негізгі кезеңдері



ТБЖ қатысушылары арасында жауапкершілікті бөлу және олардың өзара әрекеттесу сипаты Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі.

ТБЖ негізгі қатысушылары



«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы тәуекел-менеджменттің стандарттары мен озық тәжірибелеріне сәйкес болуға тырысады, тәуекелдерді басқару мәдениетін арттырады және тәуекел-менеджмент процестерін үздіксіз жетілдіріп отырады.

Тәуекел деңгейлері


Тәуекел деңгейлері – Компаниялар тобы өздері үшін қолайлы деп санайтын және өз мақсаттарына жету процесінде қолдау көрсетуге тырысатын тәуекелдердің шекті рұқсат етілген деңгейін білдіреді.

2022 жылы «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Компаниялар тобындағы тәуекелдің қолайлы деңгейін айқындау мен мониторингтеудің тәуекелдерді басқаруды Компаниялар тобының стратегиялық басқаруымен интеграциялауға бағытталған жаңартылған әдіснамасы бекітілді.

Тәуекел деңгейлері

Компаниялар тобындағы басқарудың қосымша құралы болып табылады, ол тәуекел деңгейлерінде операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметті жүргізу шеңберін айқындайды, олардың сақталуы Компаниялар тобының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге сенімділіктің қисынды кепілдігін береді

Тәуекел деңгейлерін анықтау, басқару және бақылау процесі



Компаниялар тобының тәуекел деңгейлері туралы жаңартылған өтініші «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (19.08.2022 ж. № 8 хаттама). Тәуекел деңгейлері туралы мәлімдемеге көзқарас тәуекелдерді басқаруды стратегиялық басқарумен тығыз байланыстыруға негізделген.

Тәуекел деңгейлері туралы мәлімдемеден жеке үзінділер

| Тәуекелдер тобы | Тәуекел деңгейлерінің мақсатты көрсеткіштері |
|---|---|
| Кадрлық тәуекелдер | Топ қызметкерлердің айналым деңгейінің белгіленген шектен жоғары болмауын қамтамасыз етуге тырысады |
| | Топ персоналдың штаттық санының белгіленген шектен төмен болмауын қамтамасыз етуге тырысады |
| | Топ еншілес ұйымның жұмыс істейтін өңірінде өз қызметкерлеріне еңбекақы төлеуде өнеркәсіп бойынша орташа жалақы деңгейінен алшақтықтың болуына жол берілмеуі керек деп есептейді және жалақы көлемін арттыру арқылы оны жоюға тырысады |
| Коммерциялық тәуекелдер | Топ жылу энергиясын тасымалдау кезінде нормативтен тыс шығындардың болуы нәтижесінде туындайтын шығыстарға нөлдік төзімділікке ие және оларды төмендетуге (жоюға) бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралардың жан-жақты кешенін орындауды қамтамасыз етуге ұмтылады |
| Технологиялық тәуекелдер | Топ жөндеу және/немесе инвестициялық бағдарламаларды сапасыз орындау және/немесе толық емес көлемде орындау себептері бойынша жабдықтың авариялық тәуекелдеріне нөлдік төзімділікке ие Топ жабдық/ғимарат/құрылыс ТҚЖЖ бойынша іс-шараларды және күзгі-қысқы кезеңді авариясыз етуге даярлауға бағытталған өзге де іс-шараларды орындау мерзімдерін (кестелерін) бұзуға жол берілмейді деп санайды |
| Жобалық тәуекелдер | Топ қызмет мерзімі бойынша қолданыстан шығатын өндіруші қуаттарды, энергияны беру және бөлу объектілерін, негізгі өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды уақтылы ауыстыруға бағытталған инвестициялық бағдарламалардың іс-шараларын орындау мерзімдерін (кестелерін) бұзуға жол берілмейді деп санайды |
| | Топ нөлдік төзімділікке ие және тәуекелдерді кешенді бағалаусыз және корпоративтік құжаттардың талаптарына сәйкес жобаларды мақұлдау рәсімдерінен өтпей инвестициялық жобаларды іске асыруға жол берілмейді деп санайды |
| Кәсіби тәуекелдер | Топ апатсыз өндірістік қызметті, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін өз жауапкершілігін түсінеді және Топ қызметкерлерінің, мердігерлік ұйымдардың және келушілердің өндірістік жарақаттарына әкелуі мүмкін тәуекелдерге нөлдік төзімділікке ие |
| Кредиттік тәуекелдер және қаржылық тұрақтылық | Компаниялар тобы EBITDA көрсеткішінің бизнес-жоспардан төмендеу бағытында ауытқуымен өлшенетін кірістердің төмендеуінде көрініс табатын стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қатысты төмен тәуекелге баруға дайын екенін мәлімдейді |
| | Топ операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ қаржы институттарымен кредиттік келісімдерде белгіленген ковенанттардың бұзылуына әкеп соқпайтын өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді қабылдайды |
| | Топ электр және жылу энергиясының бөлшек сауда нарығында мерзімі өткен дебиторлық берешектің өсуіне әкелуі мүмкін тәуекелдерге нөлдік төзімділікке ие |


| Тәуекелдер тобы | Тәуекел деңгейлерінің мақсатты көрсеткіштері |
|---|--|
| Беделдік тәуекелдер | Топ беделдің маңызды екенін мойындайды, сондықтан өз қызметінде оның беделіне нұқсан келтіретін және негізгі мүдделі тараптардың сенімінен айрылуына әкелуі мүмкін кез келген тәуекелдерден бас тартады |
| Экологиялық тәуекелдер | Топ қоршаған ортаға елеулі теріс әсер етуі және ҚР табиғат қорғау заңнамасында белгіленген лимиттер мен талаптардың асып кетуіне әкеп соғуы мүмкін тәуекелдерге нөлдік төзімділікке ие. Ықтимал теріс әсердің алдын алу үшін Топ өзіне міндеттемелер алады және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және қалпына келтіру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды |
| Құқықтық және комплаенс тәуекелдер | <p>Топ операциялық және инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидатын ұстанады</p> <p>Топ заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді сақтаудың жоғары деңгейін, сондай-ақ корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін ұстанады. Топтың ҚР заңнамалық және нормативтік актілерінің кез келген бұзушылықтарына қатысты тәуекел деңгейі төмен (тәуекелді төмендетуге басымдық беріледі)</p> <p>Топ корпоративтік алаяқтықтың, адал емес мінез-құлықтың, парақорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріндегі кез келген түрлеріне, оған келтірілген залал сомасына қарамастан жол берілмейді деп санайды және өз қызметінде алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөнінде белсенді шаралар қабылдайды</p> |



7.2 Қызметке елеулі әсер ететін тәуекелдерді талдау

Тәуекелдерді басқарудың бекітілген саясатына сәйкес жүргізілген Тәуекелдердің корпоративтік тізілімін және Тәуекелдер картасын езектендіру қорытындылары бойынша 2022 жылы тұтастай алғанда Компаниялар тобының қызметіне әсер ететін 75 тәуекел анықталды.

Тәуекелдердің басымдығы олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарын, даму басымдықтары мен миссиясын ескере отырып, «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы қызметінің негізгі қаржылық, экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне әсері негізінде айқындалады.





Тәуекел маңыздылығының
төмендеуі



Тәуекел маңыздылығының
артуы



Өзгеріссіз (немесе
динамикасы болмашы)

Негізгі тәуекелдің атауы және тәуекелдің жыл қорытындысы бойынша маңыздылығының динамикасы

Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел факторлары

Тәуекелді басқару тәсілі

Сала: стратегиялық тәуекелдер

Қызмет мерзімі таусылған өндіруші және желілік жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды уақтылы алмастырмау



Тәуекелдің өзектілігі Компанияның өндіруші кәсіпорындарының (ЖЭО) негізгі және қосалқы жабдықтарының, сондай-ақ электр және жылу желілерінің жабдықтарының физикалық және моральдық тозуының жоғары деңгейіне байланысты, бұл электр энергиясын өндіру/беру көлемінің қысқаруына және/немесе тұтынушыларды жеткілікті көлемде жылу энергиясымен қамтамасыз етудің мүмкін болмауына әкелуі мүмкін.


НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ:

- Негізгі өндіруші/желілік жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың нақты тозуы және таусылуы;
- Қайта құру, жаңғырту және жаңа құрылыстың қанағаттанарлықсыз өсу қарқыны;
- ҚР-да энергетика кәсіпорындарын инвестициялық қаржыландырудың тиімсіз моделі;
- Меншікті қаржы қаражатының шектелуі;
- Қазіргі қолданыстағы сала құрылымы мен жылу және электр энергиясына тарифтерді реттеу моделі шеңберінде елеулі кредиттік ресурстарды тартудың мүмкін болмауы;
- Уәкілетті органның электр және жылу энергиясын өндіру бөлігінде қолайсыз тарифтік шешімдер қабылдауы.

Көрсетілген тәуекелді басқару шеңберінде Компаниялар тобы мынадай іс шараларды жүзеге асырады:

- Қолданыстан шығатын жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды уақтылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңғырту/жаңа құрылыс жөніндегі іс-шараларды Топтың Инвестициялық бағдарламаларына енгізу;
 - Тұтынушыларды жеткілікті көлемде жылу және электр энергиясымен сенімді қамтамасыз ету үшін жабдықтардың маңыздылығын ескере отырып, қайта құру/жаңғырту/жаңа құрылыс бойынша жұмыстардың кезектілігін айқындау;
 - Қолданыстан шығатын жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды ауыстыру үшін қайта құру/жаңғырту/жаңа құрылыс жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қосымша қаржыландыру көздерін тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.
- Сондай-ақ, ҚР Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру шеңберінде ҚР Үкіметі мүдделі министрліктермен бірлесіп «Инвестициялар орнына тариф» – табиғи монополиялар саласын реттеудің мүлдем жаңа тұжырымдамасын пысықтады. Осы реформаны іске асыру шеңберінде 2023 жылғы ақпанда ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары жаңа тарифтік саясатқа көшу жөніндегі Жол картасын бекітті. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде ҚР энергетикалық кәсіпорындарында (табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері) қолданыстағы активтерді реконструкциялау, жаңғырту және кеңейту, сол арқылы жабдықтар жұмысының сенімділігін арттыру және өндіруші қуаттардың, электр және жылу желілерінің тозуын азайтуды орындауды қамтамасыз ету мүмкіндігі пайда болады деп күтілуде.

| Негізгі тәуекелдің атауы және тәуекелдің жыл қорытындысы бойынша маңыздылығының динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел факторлары | Тәуекелді басқару тәсілі |
|--|---|--|
| Сала: операциялық тәуекелдер | | |
| <p>Білікті өндірістік-техникалық персоналдың жетіспеушілігі</p>  <p>Білікті/ негізгі персоналдан айрылу</p> | <p>Компанияның қызметі негізінен негізгі білікті қызметкерлерге байланысты және білікті персоналдың жеткілікті санының болмауы, атап айтқанда өндірістік-техникалық салада кадр тапшылығына байланысты тәуекелдердің пайда болуына әкеледі. Қазақстандағы және жақын шетелдегі персонал саласындағы бәсекелестік еңбек нарығында білікті мамандарға сұраныстың шектеулі санына және бір мезгілде өсуіне байланысты күшейе түсуде. 2022 жылы сараптамалық бағалаулар бойынша білікті өндірістік-техникалық персоналдың жетіспеу қаупі сыни аймақта Тәуекелдер картасында қалады.</p> <p>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Энергетика саласы қызметкерлерінің орташа жалақысының бәсекеге қабілетсіз деңгейі, соның салдарынан бұл саланың тартымдылығы төмен; 2. Топтың еншілес ұйымдары орналасқан өңірлердегі халықтың жоғары ішкі және сыртқы көшіқоны; 3. Оқу орындарының энергетика саласы үшін білікті кадрлар даярлауының төмен деңгейі. <p>2022 жылдың қорытындысы бойынша Компаниялар тобындағы персоналдың ауысу көрсеткіші айтарлықтай жоғары деңгейде қалып отыр. Өз кезегінде кадрлармен қамтамасыз ету көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен деңгейде. Осыған байланысты сараптамалық бағалаулар бойынша тәуекел Топтың тәуекел картасының апатты тәуекелдер аймағында қалады.</p> | <p>Осы тәуекелдерді басқару шеңберінде іс-шаралар кешені жүзеге асырылады:</p> <p>Келесі кезеңге арналған тарифтерді қорғау кезінде компаниялар тобының тарифтік сметаларында еңбекақы төлеу қорын арттыру;</p> <p>Еңбекке ақы төлеу қорының резервтерін анықтау мақсатында басқарушылық және өндірістік процестерді, штат санын оңтайландыру, содан кейін босатылған қаражатты бірінші кезекте маңызды және негізгі өндірістік персоналға жалақыны ұлғайтуға бөлу және бағыттау;</p> <p>«PROFENERGY» жобасын мынадай бағыттар бойынша іске асыруды жалғастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттерін, түлектерін тарту есебінен сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру; • Қызметкерлердің білім деңгейін арттыру; • Тәлімгерлік институтын дамыту; • Білікті қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру. <p>ҚР Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру мақсатында 2023 жылдың ақпанында ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары «Инвестиция орнына тариф» жаңа тарифтік саясатына көшу жөніндегі Жол картасын бекітті.</p> <p>Осы реформаны іске асыру шеңберінде энергетика саласына инвестицияларды ұлғайтудан басқа, сондай-ақ 2023 жылы табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар саласындағы қызметкерлердің жалақы деңгейін ұлғайтуды жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл шара жас мамандар үшін энергетика саласының тартымдылығына оң әсер етеді және саладағы білікті персоналдың кетуінің азаюына әкеледі деп күтілуде.</p> |

| Негізгі тәуекелдің атауы және тәуекелдің жыл қорытындысы бойынша маңыздылығының динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел факторлары | Тәуекелді басқару тәсілі |
|--|--|--|
| <p>Жылу энергиясының нормадан артық шығындалуы</p>  | <p>2022 жылдың қорытындысы бойынша 2021 жылмен салыстырғанда Компаниялар тобының жылу беруші кәсіпорындарында жылу энергиясының нормативтен тыс шығындалу деңгейінің ұлғаюы байқалады. Бұл тәуекел Холдинг үшін маңызды болып табылады және тұрақты мониторинг объектісі болып қала береді.</p> <p>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ:</p> <p>Жылу желілерінің тозуының жоғары деңгейі;</p> <p>Жылу магистральдарындағы технологиялық бұзушылықтар мен апаттар;</p> <p>Жылу желілерінің ұтымсыз жұмыс режимі (соңғы тұтынушылардың жылу тораптарында гидравликалық және температуралық режимдерді қамтамасыз ету үшін);</p> <p>Тұрмыстық тұтынушылардың жылу желілерінде есепке алу апаттарының болмауы;</p> <p>Тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормасының нақты жылу тұтынуға сәйкес келмеуі (көп қабатты тұрғын үйлер);</p> <p>«Иесіз»/тұтынушылық жылу желілеріндегі жылу энергиясының төленбейтін шығындары және т. б.;</p> <p>Жылу энергиясы құбырларын суық сумен жабдықтау құбырларымен бірге төсеу.</p> | <p>Тәуекелді азайту шеңберінде нормативтен тыс шығындарды азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені тұрақты негізде жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құбырлардың бұзылған/жоқ жылу оқшаулауын қалпына келтіру; 2. Жылу желілеріне жыл сайынғы күрделі және ағымдағы жөндеуді орындау; 3. Оқшауланған құбырларды қолдана отырып жылу желілерін қайта құру (ППУ-технология); 4. Тұтынушылардың элеваторлық жылу тораптарында есептік дроссель құрылғыларын орнату; 5. Жылу энергиясын рұқсатсыз тұтыну фактілерін анықтау және болдырмау; 6. Тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормасын нақты жылу тұтыну деңгейіне дейін арттыру мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау. |

| Негізгі тәуекелдің атауы және тәуекелдің жыл қорытындысы бойынша маңыздылығының динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел факторлары | Тәуекелді басқару тәсілі |
|--|---|--|
| <p>Жабдық жұмысындағы технологиялық бұзушылықтар (авариялар, I және II дәрежелі істен шығулар)</p>  | <p>2022 жылы технологиялық бұзушылықтардың туындау қаупі Топтың ірі тәуекелдеріне жатқызылды. Бұл, оның ішінде, Топтың еншілес ұйымдарында іске асырылған технологиялық бұзушылықтарға байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2022 жылғы наурызда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО № 1 түтін құбырының ішінара құлауы; - «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС ЖЭО және жылу желілері жабдықтарының жұмысындағы технологиялық бұзушылықтар. <p>Өндіруші және желілік жабдықтың физикалық және моральдық ескіруі сөзсіз апаттық ақауларға әкеледі. Апаттық істен шығудың салдары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі; - электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі шарт шеңберінде көлемнің жеткіліксіздігі (міндеттемелердің орындалмауы); - тұтынушыларды жылумен жабдықтау сапасының төмендеуі. <p>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі өндіруші/желілік жабдықтың жоғары тозуы және ресурсының сарқылуы; 2. Қаржы қаражатының шектелуі, соның салдарынан жабдықтарды қайта құру мен жаңғыртудың төмен өсу қарқыны, жөндеу бағдарламаларының жеткіліксіздігі. | <p>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО жұмысының жұмыс істеуін қалыпқа келтіру үшін «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС іске асырылған технологиялық тәуекелдерге байланысты Жол карталарын әзірлеп, бекітті және іске асыруда, оның ішінде негізгі және қосалқы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу/қайта құру/жаңғырту және жаңадан салу бойынша ауқымды жұмыстар кешенін орындауды көздейді (оның ішінде Петропавл 2-ЖЭО-да жаңа темірбетон құбырын салу).</p> <p>Жол карталары аясындағы жұмыстар 2022 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО, «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-де іске асырылды және 2023 жыл бойы орындалатын болады.</p> |

| Негізгі тәуекелдің атауы және тәуекелдің жыл қорытындысы бойынша маңыздылығының динамикасы | Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел факторлары | Тәуекелді басқару тәсілі |
|--|---|--|
| Сала: қаржылық тәуекелдер | | |
| <p>Электр және жылу энергиясының бөлшек нарығында мерзімі өткен дебиторлық берешектің өсуі</p>  | <p>2022 жылдың қорытындысы бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек (3 айдан астам) дебиторлық берешектің жалпы сомасында ұлғаю үрдісіне ие, тәуекел Компаниялар тобы үшін елеулі және өзекті болып табылады және тұрақты бақылауда болады.</p> <p>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жылу және электр энергиясын тұтынушылардың төмендегі себептерге байланысты энергиямен жабдықтау қызметтері үшін уақтылы және толық ақы төлеуді жүзеге асыру бөлігінде шарттардың талаптарын сақтамауы: <ul style="list-style-type: none"> • төмен төлем тәртібі; • негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы. 2. Энергиямен жабдықтау қызметтері үшін берешекті өтемей тұрғын үй жылжымайтын мүлігін сатып алу-сату жөніндегі мәмілелерді жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан заңнамалық базаның жетілмегендігі; 3. Тұрғын үй иесі ауысқан кезде энергиямен жабдықтау шарттарын уақтылы қайта жасамау. | <p>Осы тәуекелді басқару шеңберінде Топтың энергия сату ұйымдары тұрақты негізде іс-шаралар кешенін жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тұтынушыларға берешектің бар екендігі туралы хабарланады; • энергиямен жабдықтау қызметтері үшін уақтылы төленбеген жағдайда энергия беру тоқтатылады; • берешекті бөліп өтеу кестесі жасалады; • төлемеуші-тұтынушылардан көрсетілген қызметтерге уақтылы төлемегені үшін берешек пен өсімшұлды өндіріп алу бойынша талап-арыз жұмысы жүргізіледі; • борышкерлердің мүлкіне тыйым салынады; • сот орындаушыларымен бірлесіп төлемеушілер бойынша рейдтер жүргізіледі, олардың барысында мүлікті тізімдеу және тәркілеу жүргізіледі; • кәсіпорындардың атына коммуналдық қызметтер үшін қызметкерлердің мерзімі өткен берешегі туралы ақпарат жіберіледі; • борышкерлердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуы шектеледі; • борышкердің қаржыландыру кезі арқылы өндіріп алу (жалақыдан және зейнетақы аударымдарынан ұстап қалу) жүргізіледі; • өндіріп алу тәсілі өзгертіледі, оның негізінде борышкердің мүлкін (пәтерін немесе автокөлігін) сауда-саттықтан өткізу үшін бағалау жүргізіледі. <p>Топтың энергия сату ұйымдарының бухгалтерлік есебінде өндіріп алу ықтималдығы төмен берешек бойынша күмәнді борыштар бойынша резервтер құрылады.</p> |

7.3 Тұрақты даму тәуекелдері

Компаниялар тобының қызметі орнықты даму саласындағы тәуекелдермен байланысты. «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы өз қызметін адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартының негізгі

қағидаттарына сәйкестендіру үшін бар күшін салады. Топ БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарымен бөліседі және оларға, соның ішінде тәуекелдерді уақтылы анықтау, бағалау және әрекет ету арқылы қол жеткізуге өз үлесін қосады.

7.4 Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер

Климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдер «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының даму жоспарлары мен стратегиясын әзірлеу және іске асыру кезінде басым мәселелер болып табылады. «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы ірі энергетикалық холдинг бола тұра, экологиялық және климаттық тәуекелдердің (аспектілердің) әсерін мойындайды. Бүгінгі таңда халықаралық экологиялық және климаттық нормалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасы Топтан осы тәуекелдерді басқару бойынша шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді.

Қазақстан 2015 жылы Париж климаттық келісін ратификациялады, бұл оның климаттың өзгеруіне қарсы халықаралық күреске бейілділігін растайды. Республикада парник газдарының шығарындыларын қысқарту жөніндегі міндеттемелер шеңберінде өнеркәсіптің негізгі салаларына, оның ішінде энергетикалық ұйымдарға көміртекті квоталау жүргізіледі. «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы парник газдарының шығарындыларын қысқартуға жауапкершілікпен қарайды, бірақ бұл ретте көміртекті квоталау Жалпы топ үшін мынадай проблемалармен және тәуекелдермен байланысты екенін атап өтеді, мәселен:

- тегін бөлінетін квоталар көлемін жыл сайын қысқарту;
- энергия өндіруші кәсіпорындарда квота тапшылығының қалыптасуы, бекітілген этаптардан жоғары CO₂ шығарындыларының меншікті коэффициенттері;
- базалық желіге қатысты өнім өндірісінің төмендеуіне жол берген кәсіпорындардан тегін бөлінетін квоталар лимитінің бір бөлігін алып қою;

- көміртегі бірлігі құнының күтілетін өсуі (2021 жылы 1 еуро/тонна CO₂-ден 2023–2025 жылдары 15 еуро/тонна CO₂-ге дейін және 2026–2030 жылдары 45 еуро/тонна CO₂-ге дейін);
- тарифтер есебінен квоталарды сатып алуға арналған шығындарды жабу мүмкіндігінің болмауы (шығындар энергия өндіруші кәсіпорындардың тарифтеріне енгізілмеген);
- тегін бөлінетін квоталардың қысқаруына және парник газдары шығарындыларын азайтуға және сіңіруге бағытталған жобаларды іске асыру бойынша тиімді, жұмыс механизмдерінің болмауына байланысты сату нарығында бос квоталардың болмауы/тапшылығы ықтималдығы.

Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі (2021 жылы қабылданған) ластану көздері болып табылатын кәсіпорындарды (оларға едәуір дәрежеде көмір когенерациясы да жатады) экономикалық (жоғары шығынды) ынталандыру тетіктерін пайдалана отырып, қоршаған табиғи ортаға әсерін азайтуға ынталандырады және міндеттейді. Оларға мыналар жатады:

- қолжетімді үздік техниканы (ҚҮТ) енгізу қажеттілігі. Сонымен қатар, ҚҮТ енгізуге арналған шығындар (олар талап етілетін инвестициялардың алдын ала оңайлатылған есептеулері және ҚҮТ енгізуге байланысты қосымша операциялық шығыстар бойынша таяудағы 10 жыл ішінде әрбір ЖЭО үшін 100 млрд теңгеге дейін құрауы мүмкін) электр энергиясына да, жылу энергиясына да арналған тарифтерде ескерілмейді. Осылайша, электр станциялары өндірген энергияға

тариф белгілеудің қолданыстағы жүйесі етелудің болмауына байланысты неғұрлым перспективалы және экологиялық тиімді технологияларды енгізуге мүмкіндік бермейді;

- бірінші санаттағы объектілердің (оларға Топтың барлық дерлік ЖЭО-лары жатады) пайдалану салдарын жою жөніндегі өз міндеттемелерінің орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну қажеттілігі. Алдын ала болжамды бағалаулар бойынша салдарды жоюдың ең аз сомасы бірнеше ондаған миллиард теңгені құрайды (әрбір ЖЭО үшін). Сонымен қатар, тарифтері қатаң реттелетін энергия өндіруші кәсіпорындар үшін пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін қаржыландыру көздері мен тетіктері заңнамалық тұрғыдан анықталмаған.

Бұл ретте Экологиялық кодекстің талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік айыппұлдарды ұлғайту, қайталанған құқық бұзушылық үшін санкцияларды күшейту, оның ішінде ескіру мерзімі мен қайталану мерзімі, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдердің өсуі көзделеді.

Компаниялар тобының өндіруші өндірістерінде барлық заманауи экологиялық және климаттық нормаларды (ҚР экономикасын декарбонизациялау шеңберінде) сақтау Топ үшін елеулі қаржылық шығындарға әкеп соғуы мүмкін қаржылық тәуекелді білдіреді. ҚҮТ енгізу, парник газдары шығарындыларын азайту бойынша қымбат жобаларды ауқымды іске асыру бойынша міндеттемелерді орындау айтарлықтай шығындарды талап етеді және нәтижесінде Холдингтің қаржылық жағдайына және тұтастай алғанда қызметінің нәтижелеріне елеулі теріс әсер етуі мүмкін. Алайда, Топ жаңа Экологиялық Кодекс энергетика саласының алдына жаңа сын-қатерлер ғана емес, сонымен қатар атмосфераға шығарындыларды азайтуға және Холдингтің энергетикалық және экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер қойып отырғанын түсінеді. Осыны ескере отырып, Компаниялар тобы ҚР энергетикалық нарығының ірі қатысушыларымен бірлесіп Экологиялық кодекс талаптарын іске асыру тетіктерін әзірлеу бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен, бейінді министрліктермен және өзге де мүдделі тараптармен байланыс орнатады.

7.5 Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының корпоративтік саясатының негізгі қағидаттарының бірі қызметкерлерді кәсіпорынның басты активі деп тану болып табылады. Өндірістік қызмет кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзумен байланысты оқиғалардың тәуекелдері Топ үшін маңызды тәуекелдер болып табылады.

Холдинг өз қызметкерлерінің жұмысының қауіпсіздігі мен еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. Жұмыскерлерді еңбекті қорғау қағидалары мен өндірістегі қауіпсіздік техникасына, сондай-ақ энергия объектілерінде жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістеріне оқытуға басымдық беріледі.

Топтың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық басымдықтарының бірі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлемдік деңгейдегі озық тәжірибелерді қолданумен тығыз байланысты жұмыстардың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін процестерді тұрақты жақсарту болып табылады. Оқиғалар мен жарақаттанудың алдын алуға бағытталған іс-шаралар стратегиялық мақсатқа – «нөл жазатайым оқиғаға» қол жеткізуге бағытталған.



ТҰРАҚТЫ

- 96 8.1 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
- 96 8.2 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл
- 97 8.3 Экологиялық менеджмент жүйесі
- 98 8.4 Экологиялық саясат
- 100 8.5 Корпорациядағы «Жасыл кеңсе» қағидаттары
- 100 8.6 Табиғат қорғау шаралары
- 102 8.7 Қолданылатын материалдар
- 102 8.8 Климаттың өзгеруі
- 104 8.9 Атмосфераға шығарындылар
- 105 8.10 Энергия үнемдеу
- 105 8.11 Мемлекеттік экологиялық бақылау
- 105 8.12 Су ресурстары
- 106 8.13 Қалдықтарды өңдеу
- 108 8.14 Кадрлық және әлеуметтік саясат
- 118 8.15 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау
- 125 8.16 Әлеуметтік әріптестік

ДАМУ

(GRI 2-27, 2-29, 303, 304, 306, 307, 414, 401, 402, 404, 406, 403, 102, 413, 415, 418, ТДМ 3, 4,5, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 16, 17)

8.1 Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

«ОАЭК» АҚ корпоративтік мінез-құлық қағидаттарына сәйкес барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімділігін кеңейтуге және арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады: Корпорацияның қызметі туралы ақпараттың ашықтығы, дұрыстығы мен толықтығы, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алудың толықтығы, осы мүдделердің көрінуіне жедел ден қою.

Корпорацияның мүдделі тараптары қатарындағы топтар:

- Жұмыскерлер
- Кәсіподақ
- Жергілікті қауымдастықтар
- Билік органдары
- Бақылау органдары
- Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер
- Жоғарғы оқу орындары, колледждер, жұмыспен қамту орталықтары
- БАҚ
- ҮЕҰ

Тәуекелдерді азайту мақсатында «ОАЭК» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың тиімділігін кеңейтуге және арттыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Корпорация мүдделі тараптармен жұмыс жүргізеді және ақпараттың ашықтығы, дұрыстығы, толықтығы сияқты қағидаттарға сәйкес олардың сұрауларына жедел ден қояды.

8.2 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

(GRI 205–2, ТДМ 16)

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында Компанияның және оның осы саладағы еншілес ұйымдарының негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылатын Директорлар кеңесі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат жұмыс істейді. Саясат, басқалармен қатар, Топтың жоғары басшылығының кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықтан бас тартудың бірыңғай этикалық стандартын қалыптастыруына себеп болады.

Саясаттың негізгі қағидаттары корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін ұстану, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа төзбеушілік, тәуекелдерді тиісті бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру арқылы өкілеттіктер мен жауапкершілікті тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын барынша азайту болып табылады.

Осы бағытты нығайтудағы маңызды элементтер сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ осындай сипаттағы туындайтын оқиғаларға жедел ден қоюды

қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу болып табылады. Топта сыбайлас жемқорлық әрекеттері мен алаяқтықтың барлық көріністеріне қатысты мінезқұлық пен теріс көзқарастың тиісті мәдениеті қалыптасады.

Саясатта алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қолданылатын әдістері мен рәсімдері, атап айтқанда, осындай фактілерді анықтау және бағалау, қызметтік тергеулер жүргізу, барлық анықталған құқыққа қарсы іс-қимылдар жағдайлары бойынша жауапқа тарту туралы айтылады. «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында кері байланыс арналары («жедел желі», телефон және пошта сервистері) әзірленіп, жұмыс істейді, оларға заңды және жеке тұлғалар (оның ішінде Топ қызметкерлері) жүгіне алады және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттердің дайындалып жатқан немесе орын алған фактілері туралы хабарлай алады. Қызметтің ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Компаниялар тобының іскер серіктестерінің назарына сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттың

қолданыстағы талаптары мен қағидаттары туралы жеткізу мақсатында Компания мен оның еншілес ұйымдары жасасатын тауар, жұмыс және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі шарттардың бекітілген үлгілік шаблондарына сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда байланыс арналарын көрсететін тиісті бөлімдер енгізілді.

Ішкі рәсімдерге сәйкес жаңадан қабылданған барлық қызметкерлер міндетті түрде Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттың талаптарымен танысады және осы талаптардың сақталғаны туралы растамаға қол қояды.

2022 жылы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

8.3 Экологиялық менеджмент жүйесі

(GRI 307-1, ТДМ 11, 12, 14,15)

Корпорацияның барлық өндірістік объектілерінде 8 жылдан астам уақыт бойы ISO сериясының халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген экологиялық менеджмент жүйесі жұмыс істеп келеді. Сертификаттау кәсіпорындарға қоршаған ортаға, қызметкерлерге немесе басқа да мүдделі тараптарға қауіп-қатерді азайту процестерін жетілдіруге көмектеседі, олар жүзеге асырылатын өндірістік қызметке байланысты қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін және экологиялық қауіпсіздік міндеттемелерін тиімдірек орындайды.

Экологиялық менеджмент жүйесінен басқа, Корпорацияда сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001), Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ISO 45001) және энергетикалық менеджмент жүйесі (ISO/CD 50001) табысты жұмыс істейді.

2022 жылы TÜV Rheinland Gert GmbH компаниясы корпорацияның еншілес ұйымдарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), ISO 45001 (Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі), ISO/CD 50001 (Энергетикалық менеджмент жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне қадағалау және сертификаттау аудиттерін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің интеграцияланған жүйесінің сертификаттары алынып, оның өнімділігі мен нәтижелілігі және жақсартуға бағдарлануы расталды.



8.4 Экологиялық саясат

(GRI 307-1, ТДМ 11, 12, 14,15)

Қолайлы ортаны қамтамасыз етудегі негізгі міндеттемелер мен принциптер Корпорацияның Экологиялық саясатында көрсетілген. Құжат Корпорацияның қызмет ететін аймақтарында қоршаған орта саласындағы мақсаттары мен міндеттерін қамтиды, сонымен қатар оның барлық жұмыскерлеріне тұрақты экологиялық білім берудің маңыздылығын көрсетеді.

Корпорацияның Экологиялық саясатының негізгі қағидаттары:



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметке жалпы басшылықты Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті жүзеге асырады. Департамент Корпорацияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмысын үйлестіреді, осы жұмыстың тиімділігіне талдау жүргізеді, жоғары басшылық пен акционерлерге есептер дайындайды. Еншілес ұйымдар деңгейінде Экологиялық саясатты іске асыруды, барлық өндірістік процестердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық талаптарға және корпоративтік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін бөлімшелер құрылды.


Корпорация ішінде жылына екі рет еншілес ұйымдардың бірінің негізінде қоршаған ортаны қорғау бойынша өзара аудит жүргізіледі, оның шеңберінде барлық кәсіпорындардың эколог-мамандары қоршаған ортаны қорғауды тиімді басқару және экологиялық менеджмент саласында тәжірибемен алмасады және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірыңғай тәсілдер әзірлейді.

Корпорация жеткізушілермен және мердігерлік ұйымдармен жұмыс істеу кезінде экологиялық қауіпсіздікті басқарады. Өнімдер мен қызметтерді сатып алуға қойылатын экологиялық талаптар «ҚЖЕҚ және ҚОҚ саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл ережелері» корпоративтік құжатында және Корпорацияның үлгілік шартында айқындалған. Осы талаптарды сақтау контрагенттер тарапынан міндетті болып табылады.

Корпорация ішкі табиғатты қорғау талаптарын хабардар ету және сәйкестігін қамтамасыз ету үшін мердігерлік ұйымдармен үнемі ынтымақтасады және бұл жұмысты жеткізушіні таңдау және шарт жасасу кезеңінде бастайды.

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті еншілес ұйымдардың жауапты қызметтерімен бірлесіп, тексерулер жүргізу арқылы мердігерлердің қызметін тікелей жергілікті жерлерде бақылайды. Тексеру нәтижелері бойынша мердігерлердің қызметін бағалау және олардың ҚОҚ саласындағы барлық корпоративтік стандарттарды сақтауы туралы есептер қалыптастырылады.

2022 жылдың мамыр және қыркүйек айларында тиісінше «АЭТК» АҚ және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ негізінде өзара аудит жүргізілді.



8.5 Корпорациядағы «Жасыл кеңсе» қағидаттары

(GRI 307–1, ТДМ 11,12, 14, 15)

«Жасыл кеңсенің» мақсаты – кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту және ресурстарды ұтымды пайдалануға ықпал ету.

Корпорация «Жасыл кеңсе» ұсынымдарына сәйкес қызметін 2018 жылдан бастады; бүгінгі күні мынадай іс-шаралар енгізілді:

- макулатураны (қағаз және картон қалдықтарын) бөлек жинау;
- жұмыс күнінің соңында ДК-де қызметкерлерді компьютер мен электр құрылғыларын электр желісінен ажыратуға шақыратын жапсырма;
- «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы бойынша бейнероликтер мен презентацияларды ішкі тарату арқылы қызметкерлердің хабардарлығы мен ақпараттылығын арттыру.

«Жасыл кеңсе» аясында 2022 жылдың қорытындысы бойынша Корпорация кеңсесінде шамамен 300 кг макулатура (қағаз бен кар-

тонды қоса алғанда) жиналып, гидро ыдыратуға берілді. Макулатураны пайдалану ағашты айтарлықтай үнемдейді (1 тонна макулатура шамамен 4 текше метр ағашты ауыстырады немесе 100 кг макулатура 1 ағашты сақтап қалады) және ормандардың жойылуын азайтуға мүмкіндік береді.

ТЕЗИС электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу айналымдағы қағаз құжаттардың санын азайтуға және кеңсе қағазын сақтауға мүмкіндік берді.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында қалдықтарды бөлек жинау жолға қойылған; кіріспе нұсқаулықтар мен келушілерге арналған жадынамалар материалдарында су ресурстарын, энергияны ұтымды пайдалану және үнемдеуге қатысты «жасыл кеңсе» ұсынымдары және қалдықтарды бөлек жинауға шақырулар көрсетілген.

8.6 Табиғат қорғау шаралары

Корпорация өзінің қызмет көрсететін аймақтарында қазба отынынан энергия өндіруге тән қоршаған ортаға теріс әсерді үздіксіз төмендетуге тырысады.

Ол үшін Корпорация өзінің еншілес кәсіпорындарының экологиялық қауіпсіздігі мен тұрақты даму деңгейін үздіксіз арттыра отырып, өзінің өндірістік активтерін жаңғырту бойынша шаралар кешенін қабылдайды және жүйелі жұмыс жүргізеді.

«Тариф инвестициялар орнына» (2009–2015 жж.) мемлекеттік бағдарламасының қолданылу кезеңінде Корпорация негізгі өндіруші жабдықтар мен табиғатты қорғау маңызды қорларды жаңғырту үшін елеулі инвестициялар тартты. Корпорацияның барлық қазандық

агрегаттарында күл аулау бойынша тазарту құрылыстары жаңғыртылып, азот оксидтерінің эмиссияларын төмендетудің бастапқы әдістері енгізілді. Қалдықтарды кему полигондарының жаңа секцияларын салу кезінде экожүйе компоненттерінің ластануын болдырмайтын тиімді әлемдік технологиялар мен материалдар қолданылады.

2022 жылы табиғатты қорғау шараларын іске асыру шығындары

6,328 млрд теңге

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің тиімділігін арттыру үшін Корпорация өз қызметінің қоршаған ортаға әсер ету деңгейін төмендетуге және өз кәсіпорындарының экологиялық тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған табиғатты қорғау іс-шараларын жоспарлап, іске асырады.

Мұндай іс-шаралар тізбесіне ҚО-ға теріс әсер ететін жабдықты жаңғырту, энергияны өндіру, беру және бөлудегі негізгі және қосалқы технологиялық жабдықты күрделі жөндеу, өндіріс қалдықтарымен жұмыс істеу, өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кіреді.

Құрылыс және қайта құру жөніндегі барлық жаңа жобаларға қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған – «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы немесе бөлімі әзірленуде,

Корпорация қызмет көрсететін өңірлерде 2022 жылы ҚО-ға эмиссиялар үшін

1,252 млрд теңге көлемінде салық төлемдерін аударды

оның материалдары жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі жұртшылыққа жария тыңдаулар түрінде жеткізіледі. Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарына сәйкестігін растау үшін барлық жобалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы аумақтық қадағалау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтеді.

Табиғатты қорғау іс-шараларына шығындар*, млн теңге

| № р/с | Шығындардың атауы | Шығын сомасы, млн теңге | | |
|----------------------------|---|-------------------------|-----------|-----------|
| | | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
| | «ОАЭК» АҚ | 5 530,789 | 9 340,916 | 6 328,419 |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ | | | | |
| 1 | ҚО-ға теріс әсер ететін жабдықты жаңартуға арналған инвестициялық шығыстар | 3 600,752 | 6 940,504 | 3 130,022 |
| 2 | Табиғатты қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеуге арналған шығыстар | 20,906 | 60,070 | 71,736 |
| 3 | Ағымдағы шығыстар | 317,942 | 285,977 | 321,623 |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ | | | | |
| 1 | ҚО-ға теріс әсер ететін жабдықты жаңартуға арналған инвестициялық шығыстар | 1 217,167 | 1 164,349 | 1 802,977 |
| 2 | Табиғатты қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеуге арналған шығыстар | 306,824 | 257,756 | 874,493 |
| 3 | Ағымдағы шығыстар | 55,983 | 70,070 | 115,126 |
| «АЭТК» АҚ | | | | |
| 1 | ҚО-ға теріс әсер ететін жабдықты жаңартуға арналған инвестициялық шығыстар | 0 | 553,171 | 0 |
| 2 | Табиғатты қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеуге арналған шығыстар | - | - | - |
| 3 | Ағымдағы шығыстар | 11,215 | 9,018 | 12,442 |

*Табиғатты қорғау шаралары туралы келесі бөлімдерде нақтырақ сипатталған.

8.7 Қолданылатын материалдар

(GRI 301–1, ТДМ 11, 12)

Корпорацияның өндіретін өнімі – жылу және электр энергиясы. Бұл саланы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті мемлекеттік органдары реттейді.

Өндірілетін өнім түрлеріне экологиялық таңбалау және буып-түю туралы талаптар қолданылмайды.

Электр және жылу энергиясы жаңартылмайтын отын түрлерін (Екібастұз көмірі және M100 маркалы мазут) пайдалана отырып өндірілді.

| Жұмсалған материалдар | Өлшеу бірлігі | мәні | | |
|---|---------------|------------------|------------------|------------------|
| | | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
| Көмір, барлығы | тонна | 6 729 367 | 6 029 199 | 4 985 999 |
| оның ішінде, электр энергиясын өндіруге | тонна | 4 556 271 | 3 738 789 | 2 829 026 |
| жылу энергиясын өндіруге | тонна | 2 173 096 | 2 290 410 | 2 156 973 |
| Мазут, барлығы | тонна | 9 961 | 10 496 | 11 026 |
| оның ішінде, электр энергиясын өндіруге | тонна | 6 342 | 6 124 | 5 446 |
| жылу энергиясын өндіруге | тонна | 3 619 | 4 372 | 5 580 |

8.8 Климаттың өзгеруі

(GRI 305–1, ТДМ 3,11,12,13)

Климаттың өзгеруі, әсіресе соңғы уақытта, бүкіл әлем үшін өте өзекті тақырып. Климаттың өзгеруінің теріс үрдістері Қазақстанда да көбірек көрініс табуда. Су тапшылығы, биоалуантүрліліктің жойылуы және табиғи апаттар ауыр экономикалық салдарға, егіннің жетіспеушілігіне және аштыққа әкелуі мүмкін.

Корпорация № 13 БҰҰ Тұрақты даму мақсатын және климаттың өзгеруі мен оның салдарына қарсы шұғыл шаралар қабылдауға шақыратын Париж климаттық келісімін қолдайды.

Корпорацияда парник газдары қызмет көрсететін өңірлердің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін энергия алу мақсатында қазба отындарын (көмір, мазут) жағу процесінде түзіледі.

Парник газдарының шығарындыларын мониторингтеу бойынша қызмет тұрақты негізде жүзеге асырылады, жанама шығарындыларды ішінара бағалауды (SCOPE 2) қоса алғанда, тікелей шығарындылар көлемін сандық бағалау (SCOPE 1) жүргізіледі, өйткені тікелей шығарындыларды есептеу кезінде кәсіпорынның өзіндік энергетикалық қажеттіліктері де ескеріледі.

Парник газдарын бақылау үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес отынның көміртегі құрамын зертханалық анықтаумен есептеу әдісі қолданылады. Парник газдары шығарындыларын есепке алуды бақылауды Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті жүзеге асырады.

2022 жылы

7 567,722 мың тонна

CO₂ Корпорацияның парник газдары шығарындыларының көлемін құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 16,4%-ға кем

2022 жылы парник газдары шығарындыларының төмендеуі өнім өндірісінің төмендеуіне байланысты отынның (көмір мен мазуттың) жану көлемінің төмендеуімен байланысты.

2022 жылға арналған парник газдары шығарындыларына бөлінген квоталардың жалпы лимиті 9988,491 мың тонна көмірқышқыл газын (CO₂) құрады.

Есепті кезеңде Корпорация базалық желімен салыстырғанда өндірістің құлдырауына байланысты квота лимитінің бір бөлігін алу себебінен парник газдарының біршама тапшылығын болжамдайды.

2021 жылға арналған көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарының қолданылу қорытындысы бойынша, жалпы Корпорация бойынша 2022 жылы жалпы сомасы


88,254 млн теңгеге

CO₂ шығарындыларына қосымша квоталар сатып алынды

Корпорацияның климаттың өзгеруіне қарсы күрес шеңберіндегі стратегиялық мақсаттарына мыналар жатады: жаңартылатын энергия көздерін дамыту, энергия менеджменті жүйесін жан-жақты енгізу, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу.


ЖЭК жобаларын іске асыру жел энергиясынан электр энергиясын алу және оны Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісіне жеткізу арқылы парник газдарының (CO₂) шығарындыларын азайтуды қамтамасыз етеді. Өндірілген электр энергиясының көлемі қазба отындарын пайдаланатын дәстүрлі электр

2019–2022 жж. CO₂ тікелей шығарындылары, млн тонна



— (көміртек диоксиді) көмір шығыны, млн тонна
■ CO₂ (көміртек диоксиді)

2019–2022 жж. CO₂ шығарындыларының қарқындылығы, тонна/МВт



■ CO₂ (көміртек диоксиді)

станцияларынан алынатын электр энергиясын ауыстырады және электр энергетикасы секторындағы CO₂ шығарындыларының жалпы төмендеуін қамтамасыз етеді.


2020 жылдан бастап Корпорация құрылымында «Астана EXPO-2017» жел электр станциясы («ЦАТЭК Green Energy» ЖШС) жұмыс істейді. 2022 жылы ЖЭС өндірісі шартты отынның 109,279 мың тоннасын үнемдеуге мүмкіндік берді және электр энергетикасы секторындағы CO₂ шығарындыларының жылына шамамен 280,0 мың тоннаға жалпы қысқаруын қамтамасыз етті.

8.9 Атмосфераға шығарындылар (GRI 305-1, ТДМ 3,11,12,13)


Атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту Корпорацияның табиғатты қорғау қызметінің маңызды аспектісі болып табылады. Шығарындыларды азайтуға энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен ескірген өндіруші объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін жаңа қуаттармен алмастыру үлкен әсер етеді.

Есепті жылы жағылған отын көлемі 17,1%-ға төмендеген кезде өндіріс көлемінің (11%-ға) төмендеуі байқалады; ластаушы заттардың жалпы шығарындылары 5,4%-ға азайды. Оның ішінде күкірт оксидтерінің (SO_x) шығарындылары 6,3%-ға, бөлшектердің шығарындылары (көмір күлі) 5,3%-ға, азот оксидтерінің шығарындылары (NO_x) 4,9%-ға азайды. Алайда, аталған ластаушы заттар бойынша үлестік шығарындылар 5–6%-ға ұлғаюды көрсетеді.

2019–2022 жж. атмосфераға ластаушы заттардың жалпы шығарындылары, мың тн



2019–2022 жж. атмосфераға ластаушы заттардың үлестік шығарындылары, кг/мың кВт·сағ



Атмосфералық ауаға шығарындыларды азайтуға бағытталған және 2022 жылы жүзеге асырылған маңызды табиғатты қорғау шараларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- Қазандықтарды күрделі жөндеу кезеңінде батарея эмульгаторлары мен күл ұстайтын қондырғыларды жөндеу, аспирациялық қондырғыларды жөндеу.
- ТӘК=99,6% үшінші буынды құйындағыш блоктарын орнатып, II буынды батарея эмульгаторларын жаңғырту. Жаңғырту күрек аппараттарының екінші ең жоғары белдеуін қолданыстағы құйындағыш блогының ұяшықтарына орнатудан, яғни бір құйындағыш шегінде түтін газдарын екі рет тазартудан тұрады.

Ластаушы заттар мен парник газдарының эмиссияларын азайтудың ұйымдастырушылық құралдарының бірі энергия үнемдеу бағдарламасы және отынды пайдаланудың жалпы тиімділігін арттыру, сондай-ақ Корпорацияның еншілес ұйымдарында ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесін енгізу болып табылады. Бағдарлама шеңберінде энергия үнемдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарлануда, олардың мақсаты өндіріс процестерінің энергия тиімділігін арттырумен қатар, ластаушы заттар мен парник газдарының шығарындыларын азайту болып табылады.

8.10 Энергия үнемдеу

GRI 302–1, ТДМ 3,6,11)

Корпорацияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі «Энергетикалық менеджмент жүйелері» ISO 50001 халықаралық стандарты негізінде жүзеге асырылады. Корпорацияның еншілес ұйымдарында Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді.

Бұл Бағдарламаның мақсаты – бақылау мен есепке алуды ұйымдастыруды қоса алғанда, отын-энергетикалық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде есепті жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға бағытталған 34 іс-шара орындалды, бұл 66,334 мың тонна шартты отынды және 5 492,5 мың кВт-сағатты үнемдеуге мүмкіндік берді.

2021 жылы іске асырылған ластаушы заттар мен парник газдарының шығарындыларын азайтуға бағытталған энергия үнемдеу бағдар-

ламасының маңызды іс-шараларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО сорғы гидравликалық (УНГ) қондырғысымен турбиналардың бойлерлік қондырғылары мен конденсаторларын тазалау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО ст. №№ 4, 5, 9 қазандық агрегаттарындағы ВЗП текшелерін ауыстыру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО ст. №№ 1, 3, 5 қазандық агрегаттарының қыздырғыштарының аэроқоспа құбырларын ауыстыру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО № 1–6 қазандық агрегаттарының газ-ауа жолы бойынша сорғыштарды жою;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО және 2-ЖЭО қазандық агрегаттарының ВЗП текшелерін жөндеу;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО шамдарын ауыстыру.

Осы бағдарламаның іс-шараларын іске асырудың арқасында 2022 жылы парник газдарының шығарындыларын 97,0 мың тонна CO₂-ге төмендетуге қол жеткізілді.

8.11 Мемлекеттік экологиялық бақылау

2022 жылы Корпорацияның еншілес ұйымдарында профилактикалық бақылау нысанында табиғат қорғау заңнамасының сақталуы бойынша тексерулер жүргізілді, оның нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталып, экологиялық заңнама талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлдар қойылды. Профилак-

тикалық бақылау нәтижелері бойынша ұйғарымдар беріліп, қоршаған ортаны ластағаны үшін жалпы сомасы 8 289,7 мың теңгеге залал келтірілді. Барлық ұйғарымдар толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалды, залалдар төленді.

8.12 Су ресурстары

(GRI 303–5, ТДМ 6,11,12)

Су ресурстарын пайдалану кәсіпорындардың өндірістік процестерінің ажырамас бөлігі болып табылады және жабдықты салқындату процесінде шешуші рөл атқарады. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының өндіруші объектілерінде

тұйық су пайдалану, яғни салқындатқыш тоғандары (Петропавл қаласында) немесе салқындатқыш мұнаралары (Павлодар қаласында) бар техникалық сумен жабдықтаудың айналымдық жүйесі қолданылады.

Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарында ауыз сумен жабдықтау, нәсер және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық ауыз су, ерт қажеттіліктеріне сумен жабдықтау және ағынды суларды бұру орталықтандырылған түрде қалалық су құбыры және кәріз желілері есебінен шарт бойынша жүзеге асырылады.

«ОАЭК» АҚ пайдаланатын барлық су тұщы суға жатады. Сезімтал су көздері қолданылмайды.

2022 жылы сумен жабдықтау мақсаттары үшін 676 012,885 мың м³ су пайдаланылды, оның негізгі үлесі айналымдағы сумен жабдықтау жүйелерінің суы болып табылады. Есепті кезеңде су бұру көлемі 2256,2 мың м³ құрады.

Пайдаланылған судың көздер бойынша бөліп көрсетілген жалпы мөлшері, мың м³

| Көрсеткіш | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|--|----------|----------|----------|
| Барлығы пайдаланылған су, оның ішінде: | 703204,8 | 676012,9 | 671529,4 |
| жер үсті су объектілерінен | 7787,5 | 8472,6 | 5299,1 |
| үшінші тарап жеткізушілерінен | 24282,5 | 26947,4 | 27031,9 |
| тұйық су пайдалану жүйелерінде | 671134,8 | 640592,9 | 639198,4 |

Ағынды суларды бұру көлемдері, мың м³

| Көрсеткіш | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|------------------------------------|---------|---------|---------|
| Барлығы ағынды сулар қалыптасты | 3116,1 | 2256,2 | 1487,4 |
| Бөгде ұйымдарға бөлінген | 600,0 | 605,4 | 552,9 |
| Жер үсті су объектілеріне бөлінген | 2516,1 | 1650,8 | 934,5 |

2022 жылы іске асырылған су ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған ең маңызды табиғатты қорғау шараларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- Екібастұз ЖЭО техникалық су қоры бағы ретінде 6000 м³ ауыз су қоры бағын пайдалана отырып станцияны сумен жабдықтау жүйесін қайта құру;

- Екібастұз ЖЭО, Павлодар 2-ЖЭО Техникалық және шаруашылық суының құбырларын, бекіту және реттеу арматурасын ауыстыру және жөндеу;
- Петропавл 2-ЖЭО салқындатқыш тоған арнасын тазарту (Белое көлі);
- Павлодар 3-ЖЭО № 1 және № 3 күл-қож құбырларын жөндеу.

8.13 Қалдықтарды өңдеу

(GRI 306–3)

Қалдықтардың жалпы көлемінің 99%-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типтегі арнайы жабдықталған гидротехникалық құрылыстарға – күл үйінділеріне жиналады. Күл-қож қалдықтарын жинауға арналған жаңа сыйымдылықты жасау кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау өндірістің күл-қож қалдықтарымен қоршаған ортаның ластануын болдырмауға және ЖЭО-ның тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2022 жылы «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында қалдықтардың пайда болуының жалпы көлемі 2135,2 мың тоннаны құрады, оның ішінде күл-қож қалдықтары – 2113,2 мың тонна, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар – 16,2 мың тонна.

Қалдықтардың түзілу көлемінің 2021 жылмен салыстырғанда 343,8 мың тоннаға төмендеуі жанған отын шығынының азаюымен байланысты.

Құрылған қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна

| Көрсеткіш | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|--|---------|---------|---------|
| Құрылған қалдықтар: | 2842,5 | 2479,0 | 2135,2 |
| Қауіпті қалдықтар | 0,20 | 0,28 | 0,50 |
| Қауіпті емес қалдықтар оның ішінде, | 2842,3 | 2478,7 | 2134,7 |
| күл-қож қалдықтары | 2831,7 | 2465,8 | 2113,2 |

Өңдеу тәсілдері бойынша бөліп көрсетілген қалдықтар, мың тонна

| Көрсеткіш | 2020 ж. | 2021 ж. | 2022 ж. |
|--|---------|---------|---------|
| Құрылған қалдықтар | 2842,5 | 2479,0 | 2135,2 |
| Кәсіпорында пайдаланылған қалдықтар | 0,335 | 0,352 | 0,103 |
| Кәсіпорында кәдеге жаратылған қалдықтар | 0,03 | 0,03 | 0,486 |
| Бөгде ұйымдарға берілген қалдықтар* | 10,575 | 12,404 | 16,235 |
| Кәсіпорынның өз объектілерінде көмілген қалдықтар | 2831,3 | 2465,8 | 2117,7 |
| оның ішінде, күл-қож қалдықтары | 2831,3 | 2465,8 | 2113,2 |

2022 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ күл үйіндісінен шарттық негізде алынған күлдің (микросфера)

156,8 тонна

жеңіл фракциясы сатылды.



Энергетикалық күлдің микросфералары – бұл мөлшері орта есеппен 20–50 мкм-ден 400–500 мкм-ге дейін қуыс шыны кристалды алюминийсиликат

шарлары, олар көмірді жоғары температурада алаулатып жағу кезінде ұшпа күлдің құрамында пайда болады. Жылу электр станцияларының күл қалдықтарының ең құнды компоненттері болып табылады. Оқшаулағыш материалдарды, толтырғыштарды, аэрозольдерді және т.б. өндіруде қолданылады.

2021 жылы орындалған қалдықтарды басқару және қалдықтарды орналастыру полигондарының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қалдықтарды өңдеу жөніндегі аса маңызды іс-шаралар:

- энергия объектілерін қайта құру және салу барысында пайда болатын қалдықтарды сақтау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жабдықтау, контейнерлерді орнату);
- күл-қож қалдықтарын (микросфера) олардың түзілу көлемін азайту мақсатында сату;
- қағаз және картон макулатура, пластик және шыны қалдықтары сияқты ҚТҚ полигонына орналастыруға жатпайтын қалдықтарды бөлек жинау тетігін іске асыру.

Күл үйінділерінің жаңа секцияларын салу кезінде күл үйіндісінің орнында сүзілуге қарсы экранның жаңа технологиясы – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылды. Арнайы үлдір – геомембрананы қолдану 100% гидрооқшаулауға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл топырақ пен жер асты суларын айналымдағы гидрооқшаулау жүйесінің тазартылған суындағы химиялық компоненттермен ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін сенімді және берік сүзілуге қарсы экран.

8.14 Кадрлық және әлеуметтік саясат

(GRI 2–7, 405–1, ТДМ 8)

«ОАЭК» АҚ-ның персоналды басқару жүйесі кәсіпорындардың кадрлық әлеуетін барынша ашу үшін мүмкіндіктер жасау бойынша тұрақты жұмыс жүргізілетін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар энергетикалық компанияны қалыптастыру тұрғысынан Корпорацияны дамытудың стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.

Корпорацияда еңбек ресурстарын қалыптастыру мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі:

- әр түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту;
- кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу үшін жағдай жасау;

- үздіксіз кәсіптік оқыту және персоналды дамыту;
- бастамашыл жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндік беру;
- кадрлар резервін құру және таланттарды басқару.

Құрылымы және саны

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорация персоналының тізімдік саны 9 508 адамды құрады, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 0,3%-ға төмен.

2022 жылдың соңына «ОАЭК» тобының кәсіпорындары бойынша тізімдік санын бөлу

| Компанияның атауы | Қызметкерлер саны, адам |
|------------------------------------|-------------------------|
| «ОАЭК» АҚ | 113 |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы | 4 718 |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы | 2 281 |
| «АЭТК» кәсіпорындар тобы | 2 403 |
| Барлығы | 9 515 |

Персоналдың санаты мен жынысы бойынша құрылымы

Қызмет ерекшеліктеріне байланысты Компания персоналының құрылымы ерлердің жоғары үлесімен сипатталады – 60,5%. Өндірістік персонал негізінен «жұмысшылар» санатынан құралады, онда ер адамдар 72,6%-ды құрайды.

| Персонал санаты | Барлығы | | оның ішінде: | | | |
|-----------------------|---------|------|--------------|------|---------|------|
| | адам | % | ерлер | | әйелдер | |
| | | | адам | % | адам | % |
| Тізімдік саны | 9 515 | 100 | 5 757 | 60,5 | 3 751 | 39,5 |
| Басшылар | 1 504 | 15,8 | 1 111 | 73,9 | 393 | 26,1 |
| Мамандар/қызметкерлер | 2 931 | 30,8 | 962 | 32,8 | 1 969 | 67,2 |
| Жұмысшылар | 5 073 | 53,4 | 3 684 | 72,6 | 1 389 | 27,4 |


Персоналдың жасы бойынша құрылымы

2022 жылдың соңында персоналдың негізгі үлесін 30–50 жас аралығындағы неғұрлым тәжірибелі қызметкерлер құрады (53,3%), бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 0,5%-ға жоғары.

30 жасқа дейінгі жұмыскерлердің үлесі (15,2%) 1,2%-ға төмендеді.

2021 жылмен салыстырғанда 50 жастан асқан жұмыскерлер үлесінің (31,5%) 0,7%-ға артуы жастардың қызмет көрсету саласындағы еңбек нарығын дамытудағы әлемдік үрдістерге байланысты өндірісте жұмыс істеуге қызығушылық танытпауымен байланысты.

Холдинг қызметкерлерінің орташа жасы 41 жасты құрайды.



Осы көрсеткіштерді ескере отырып, Корпорация кәсіпорындарында кәсіби білім мен дағдылардың сабақтастығы мен берілуін қамтамасыз ету мақсатында жас мамандарды тартуға және тәлімгерлік институтын дамытып, жас бастамашыл қызметкерлер мен тәжірибелі, жоғары кәсіби қызметкерлердің оңтайлы үйлесіміне қол жеткізу үшін персоналды біртіндеп жасартуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі.


Персоналдың білімі бойынша құрылымы

2022 жылдың соңында 2021 жылға қарағанда жоғары білімі бар қызметкерлер үлесінің 0,8%-ға ұлғаюы және техникалық/кәсіптік білімі бар қызметкерлер үлесінің 0,6%-ға төмендеуі байқалады.

Жалпы орта білімі бар қызметкерлердің үлесі 2021 жылмен салыстырғанда аздап төмендеді. Жыл сайын Компаниялар тобының кәсіпорындарында персоналды өзінің білім деңгейін арттыруға, оның ішінде «PROFENERGY» корпоративтік бағдарламасы бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде ынталандыруға бағытталған іс-шаралар өткізіледі.

Жыл сайын Корпорацияның 240-қа жуық қызметкері жоғары оқу орындары мен колледждерде, оның ішінде бейінді мамандықтар бойынша білім алады. «PROFENERGY» іс-шараларына қатысуына қарамастан, кәсіпорындар білім алушыларға және оқу орнын бітіргендерге қолдау көрсетеді. 2022 жылы 71 қызметкер, оның ішінде кәсіпорын бейіні бойынша 41 қызметкер диплом қорғады.

Білім деңгейінің серпіні



Персоналдың жұмыспен қамту түрі бойынша бөлінген жалпы саны

2022 жылдың соңында еңбек шарты бойынша тартылған қызметкерлердің үлесі 99,9%-ды құрады. Белгілі бір жұмыс түрлерін немесе маусымдық жұмыстарды орындау үшін кәсіпорындар штаттан тыс қызметкерлерді тартады, олардың үлесі жалпы жұмыс күшінің 0,1%-ын құрады. Компаниялар тобының қызметкерлері санының 1,9%-ы ішінара жұмыспен қамтылды.

| Көрсеткіш | Мәні (адам) | оның ішінде | |
|---|-------------|-------------|---------|
| | | ерлер | әйелдер |
| Жұмыскерлердің есепті кезең соңындағы тізімдік саны (штаттық) | | | |
| шарт мерзімі бойынша: | 9508 | 6312 | 4129 |
| еңбек шарты бойынша белгісіз мерзімге жұмыс істейтіндер | 7422 | 4562 | 2860 |
| уақытша (мерзімді) шарт бойынша жұмыс істейтіндер | 2086 | 1195 | 891 |
| жұмыспен қамтылу түрі бойынша: | 9508 | 5861 | 3675 |
| толық жұмыспен қамтылғандар | 9325 | 5656 | 3669 |
| ішінара жұмыспен қамтылғандар | 183 | 101 | 82 |
| Бақыланатын (штаттан тыс) жұмыскерлер | 9 | 1 | 8 |
| Жұмыс күшінің жалпы саны | 9517 | | |


2022 жылы қабылданған жұмыскерлер саны

Персоналды қабылдау бойынша айналым коэффициентінің 2021 жылға қарағанда 2,1%-ға артуы ашық бос жұмыс орындарының толтырылуымен байланысты.

| Көрсеткіш | Барлығы | | оның ішінде | | | |
|--------------------------|---------|------|-------------|------|---------|------|
| | адам | % | ерлер | | әйелдер | |
| | | | адам | % | адам | % |
| Қабылданды, оның ішінде: | 1955 | 100 | 1099 | 56,2 | 856 | 43,8 |
| - 30 жасқа дейін | 666 | 34,1 | 409 | 61,4 | 257 | 38,6 |
| - 30–50 жас | 911 | 46,6 | 447 | 49,1 | 464 | 50,9 |
| - 50 жастан жоғары | 378 | 19,3 | 243 | 64,3 | 135 | 35,7 |

Персоналды қабылдау бойынша айналым коэффициентінің 2021 жылға қарағанда 2,1%-ға артуы ашық бос жұмыс орындарының толтырылуымен байланысты.

Қабылдау бойынша айналым коэффициенті, %




Персоналдың тұрақтамауы

2022 жылдың соңында Корпорация бойынша персоналдың айналым коэффициенті 2021 жылға қарағанда 1,1%-ға төмендеді. Холдинг бойынша персоналдың кетуінің негізгі себептері:

- жалақы мөлшеріне қанағаттанбау;
- Қазақстан ішіндегі персоналдың көші-қоны (қала/ауылдық елді мекендер);
- отбасылық жағдайлар.

Тұрақтамау коэффициенті, %




2022 жылы тұрақтамау себептері бойынша ерлер мен әйелдер бөлінісінде жасына қарай шығып кеткендердің саны

2022 жылы Корпорация қызметкерлерімен 1983 еңбек шарты бұзылды, көрсеткіш 2021 жылға қарағанда 9%-ға төмендеді. Тұрақтамау себептері бойынша 1528 адам шығарылды, оның негізгі үлесін кәсіби еңбек қызметі үшін неғұрлым өнімді 30–50 жас аралығындағы жұмыскерлер құрайды (52,7%).

«Персоналдың тұрақтамауы» тәуекелін басқару мақсатында 2022 жылы мынадай іс-шараларды іске асыру жалғастырылды:

- еңбекақы төлеу қорының резервтерін анықтау және босатылған қаражатты жалақыны ұлғайтуға бағыттау;
- тәлімгерлік процестерін және жас мамандарды қолдау жүйесін жетілдіру;
- білікті қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- ұжымдық шарттарға сәйкес жұмыс жағдайы мен әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту.

Тұрақтамау себептері бойынша жұмыстан шығарылғандардың жасы мен жынысына қарай саны, %



Даярлау және оқыту

Компаниядағы оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды көздейді:


- қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік, техникалық пайдалану қағидаларына міндетті, нормативтік оқыту;
- сабақтас кәсіптерге оқыту;
- кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамыту үшін біліктілікті арттыру.

Корпорация кәсіпорындарында қызметтің тиімділігін арттыру және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мақсатында оқыту корпоративтік форматта және жеке даму жоспарлары бойынша, күндізгі, қашықтан және сырттан оқыту нысанында жүргізіледі. Корпоративтік бағдарламалар бойынша меншікті оқу орталықтарында, сондай-ақ бөгде оқу орталықтарында оқыту тәжірибесі қолданылады.

2022 жылы 7 203 адам оқудан өтті, бұл қызметкерлердің жалпы санының 75,8%-ын құрайды. Есепті жылдың соңында Корпорацияның оқу орталықтарында оқудан өткен қызметкерлер саны 3 849 адамды құрады (оқудан өткендердің жалпы санының 53,4%-ы). 2022 жылы оқытылғандардың жалпы саны 2021 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріссіз.

Негізгі бағыт қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, пайдалану техникасы қағидалары бойынша бастапқы және мерзімді оқыту болып табылады: 2022 жылы 4 028 адам оқытылды (барлық оқытылғандардың 55,9%-ы).


Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны



Корпорация қызметкерлерінің кәсіби бейінін кеңейту және оларды бірлескен (аралас) кәсіптер бойынша жұмысқа дайындау мақсатында 2022 жылы 1 519 қызметкер оқытылды (барлық оқытылғандардың 21,1%). Біліктілікті арттыру (оның ішінде СМЖ бойынша оқыту) 2022 жылы 1 010 қызметкер үшін ұйымдастырылды (оқытылғандардың жалпы санының 14%-ы).

Бір ер қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны – 24,3 сағат, әйелдер – 30,5 сағат. Корпорацияда өндірістік бөлімшелердің қызметкерлері үшін атқаратын лауазымдары мен кәсіптеріне, оқыту бағдарламаларындағы нормативтік талаптар мен корпоративтік құрамдас бөліктерге, оқыту бағдарламаларының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту басым болады.

Жас және жыныс бойынша өтімділік себептері бойынша жұмыстан шығарылғандар саны



Кадрлық резерв

Әртүрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарға орналасуға қажетті резервті қамтамасыз ету мақсатында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында 2022 жылы 751 басшыға арналған жоғары, орта және төменгі басқару буындарының кадрлық резерві қалыптастырылды.

Кадрлық резервті дамыту мынадай негізде жүзеге асырылады:

- резервшілерді кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық даярлаудың жеке бағдарламалары;
- оқыту, оның ішінде жеке оқу орталықтарында;
- біліктілікті арттыру, тағылымдамадан өту;
- тәлімгерлік, басқару функцияларын орындау, қызметкерді уақытша ауыстыру.

2022 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлер қатарынан 127 адам басшы лауазымдарға ауыстырылды. Жыл сайын сыртқы кадрлық резервті, оның ішінде оқу орындарының түлектері қатарынан қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Корпорация кәсіпорындарында 283 жас маман жұмыс істейді, бұл жалпы санның 3%-ын құрайды. 2022 жылы 86 жас қызметкер қабылданды, оның ішінде жетекші мамандар позициясында – 27 адам. Бұл ретте техникалық/кәсіптік біліммен қабылданғандар саны 57 адамды, жоғары біліммен – 29 адамды құрайды.

Жас мамандарды тарту және персоналды дамыту

2016 жылдан бастап «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында жас мамандарды қолдау және персоналдың білім деңгейін арттыру жүйесі бойынша «PROFENERGY» жобасы іске асырылуда. Бағдарлама оқу орындарының түлектерін кәсіпорындардың негізгі/маңызды кәсіптеріне тартуға және энергетика саласының кәсіптерін танымал етуге, персоналды дамытуға және персоналдың білім деңгейін арттыруға, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған. Корпорацияның кәсіпорындары қызмет ететін өңірлердегі 15 жоғары оқу орындарымен және колледждермен өзара әрекеттеседі.

Бағдарламаның мазмұны мен шарттары туралы ақпараттандыру бойынша жұмыстар үнемі жүргізіледі, студенттермен кездесулер және өндірістік объектілерге экскурсиялар өткізіледі, кәсіпорын қызметкерлері қорытынды емтихандарды қабылдау және дипломдық жобаларды қорғау бойынша емтихан және аттестаттау комиссияларының құрамына қатысады.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде іс-шараларға 3420 студент қатысты, оның ішінде:

- 227 студент ақылы тәжірибеден өтіп, білім туралы диплом алғаннан кейін Корпорация кәсіпорындарына одан әрі жұмысқа орналасу туралы келісімге қол қойды;
- 3045 студент өндірістік және диплом алдындағы практикадан ақысыз өтті;
- 121 студент жазғы демалыс кезеңіне жұмысқа орналастырылды;



- 27 студентке студенттік жұмыстар конкурсының қорытындысы бойынша атаулы корпоративтік стипендия тағайындалды.

Оқу орындары түлектерінің Корпорация кәсіпорындарында жұмыс істеуге қызығушылығын арттыру үшін бағдарлама үнемі жетілдіріліп отырады, жағдайлар студенттердің қажеттіліктерін, кәсіпорындардың мүмкіндіктерін және қызмет көрсету аймақтарындағы еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып түзетіледі.

Бағдарламада сондай-ақ қызметкерлерді бейінді білім алуға ынталандыратын іс-шаралар көзделген. 2016–2022 жылдар аралығында 1234-тен астам қызметкер қолда бар мүмкіндікті пайдаланды:

- 762 қызметкерге ақылы оқу демалысы берілді;
- 264 қызметкерге оқу орындарын ойдағыдай бітіргені үшін бонустар төленді;
- 175 қызметкерге оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз несие берілді;
- 30 қызметкерге сессияны тапсыру үшін оқу орнына дейін жол жүру шығындары өтелді;
- 3 қызметкерге оқу ақысы төленді.

«PROFENERGY» жобасы аясында тәлімгерлік (менторинг) жобасы дамуда, оның мақсаты студенттерге кәсіби білім мен дағдыларды беру, жас мамандарды тез және тиімді бейімдеу болып табылады. 6 жыл ішінде «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының жоғары білікті қызметкер-

лері қатарынан, оның ішінде зейнеткерлік және зейнеткерлік жасқа дейінгі тәлімгерлер пулы қалыптасты. Жыл сайын тәлімгерлер ретінде 570-тен астам қызметкер тағайындалады.


Қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы тағайындау

Компаниялар тобында еңбекақы төлеудің және қызметкерлерді ынталандырудың бірыңғай жүйесі жұмыс істейді. Жалақы деңгейі бірыңғай тарифтік кестеге сәйкес белгіленеді, ол қызметкерлердің барлық санаттарына, олардың жынысына қарамастан, еңбекақы төлеудің разрядты жүйесі болып табылады.

Компаниядағы ынталандыру мен сыйақы әр қызметкердің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға бағытталған. Жыл сайын «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында персоналдың маңыздылығы мен сындарлығын және жұмыс нәтижелеріне қосқан үлесін ескере отырып, бекітілген бюджеттер мен тарифтік сметалар шегінде жалақыны саралап ұлғайту жүргізіледі.

2022 жылы Компаниялар тобында өндірістік, жұмысшы персоналға баса назар аударып, жалақыны индекстеу жүргізілді. Корпорация бойынша орташа жалақы деңгейі 16,0%-ға өсті.

«ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарындағы орташа табыстың өсу қарқыны



Материалдық емес ынталандыру

Жыл сайын Корпорация кәсіпорындарында ерекше көзге түскен, еңбек сіңірген қызметкерлерді, сондай-ақ кәсіпорын ардагерлерін марапаттау шаралары өткізіледі. Жоғары еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізіп, Қазақстан Республикасының энергетика саласын дамытуға қосқан үлесі үшін 2022 жылы кәсіпорындардың 263 қызметкері мен ардагері, оның ішінде мемлекеттік, ведомстволық және салалық наградалармен – 98 адам, «ОАЭК» АҚ мен оның кәсіпорындарының корпоративтік наградаларымен – 165 қызметкер марапатқа ұсынылды.

Жұмыскерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы

Қызметкерлермен қарым-қатынаста Корпорация еңбек заңнамасы мен Іскерлік әдеп кодексінің барлық талаптарын сақтайды, жеке бас бостандығы мен адам құқықтарын құрметтейді, барлығына тең мүмкіндіктер береді және еңбек саласында кемсітушілікке жол бермейді, сондай-ақ өз қызметінде балалар еңбегін қолданбайды.

Корпорация қызметіндегі елеулі өзгерістер туралы қызметкерлерді хабардар етудің ең қысқа мерзімі ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты еңбек қатынастары бұзылған кезде қызметкерлерді хабардар етудің ең қысқа мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды.

Корпорация кәсіпорындарындағы еңбек даулары қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сондай-ақ жұмыс беруші мен қызметкер өкілдерінің қатысуымен жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиясы туралы ұжымдық шарттар мен ережелер шеңберінде шешіледі. Еңбек даулары бойынша өтініштер мен кері байланыс алу тәртібі кәсіпорынның ішкі нормативтік құжатында айқындалған, қызметкерлер онымен жұмысқа орналасу кезінде танысады.

Келісім комиссиясының құрамы кәсіпорындар бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік құжатпен бекітіледі. Еңбек дауы туындаған кезде қызметкер келісім комиссиясына өтініш жасамай тұрып, келесі тұлғаларға:

1) персоналмен жұмыс жөніндегі қызмет басшысына,

2) кәсіподақ ұйымының төрағасына/қызметкерлердің өкіліне,

3) кәсіпорынның бірінші басшысына жүгінуге құқылы.

2022 жылы қызметкердің еңбек дауын реттеу үшін келісім комиссиясына жүгінудің бір жағдайы анықталды. Өтініш жұмыс берушінің пайдасына сот тәртібімен қаралды және реттелді. Қандай да бір белгі бойынша қызметкерлерді кемсіту және қызметкерлердің құқықтарын бұзу жағдайлары анықталған жоқ.

Кәсіподақ ұйымдарымен өзара іс-қимыл

Корпорацияның кәсіпорындарында кәсіподақ ұйымдары жұмыс істейді, қызметкерлермен еңбек қатынастары Ұжымдық шарттармен реттеледі. «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында 2021–2024 жылдарға, «АЭТК» тобында – 2022–2025 жылдарға, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында – 2020–2025 жылдарға бірыңғай ұжымдық шарт жасалды. Ұжымдық шарттың қағидаттары: экономикалық орындылық, жеткіліктілік, бірлескен жауапкершілік және ашықтық. Ұжымдық шарттар кәсіподақ мүшелігіне қарамастан жұмыскерлер мен олардың отбасылары үшін әлеуметтік жауапкершілік шараларын реттейді.

Әлеуметтік әріптестік шеңберінде кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының қатысуымен жыл сайын мынадай іс-шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру іс-шаралары;
- бос уақыт пен демалысты, мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру;
- мерейтойлық және мерекелік күндерге де-меушілік жасау;
- қайырымдылық қолдау.

| Атауы | 2020 | 2021 | 2022 |
|---|------|------|------|
| Кәсіподаққа мүше қызметкерлердің саны, адам | 4699 | 3862 | 3614 |
| Жалпы саннан үлесі, % | 45 | 40 | 38 |

Өткен жылдар динамикасында Корпорацияның барлық кәсіпорындарында кәсіподақ ұйымындағы қызметкерлер үлесінің төмендеуі байқалады, бұл Корпорация персоналы санының азаюына және әлеуметтік-еңбек қатынастарын дараландырудың жалпы әлемдік процестерінің әсеріне байланысты.

Әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлемдері

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты қызметкерлермен және олардың өкілдерімен – кәсіподақ ұйымдарымен бірлесіп айқындалады және

Корпорация кәсіпорындарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

| Мақсаттар | Әлеуметтік пакет |
|--|--|
| Қызметкерлерді ұзақ мерзімді жұмысқа ынталандыру | <ul style="list-style-type: none"> • 5% мөлшерінде қосымша кәсіптік зейнетақы жарналары • Кәсіби жарыс сыйлығы • Мерейтойлық және мерекелік күндерге сыйақы |
| Тиімді өтемақы және жеңілдіктер жүйесі | <ul style="list-style-type: none"> • Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарын өтеу, жатақхана бойынша жеңілдіктер, тұрғын үйді жалға алу • Қызметкерлерді жұмысқа және жұмыстан жеткізу бойынша автокөлік қызметтері • Пешпен жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге өзіндік құны бойынша көмір жіберу • 15 жасқа дейінгі балаларға арналған лагерьлерге жолдамаларды өтеу • Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар |
| Персоналдың жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығын қолдау | <ul style="list-style-type: none"> • Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен аурулардан сақтандыру • Міндетті медициналық сақтандыру • Санаторлық-профилактикалық емдеуге арналған шығындарды өтеу |
| Жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау | <ul style="list-style-type: none"> • Баланың тууына материалдық көмек • Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек • Көп балалы және аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек • Ақылы оқу демалысы • Зейнеткерлікке шыққан кездегі сыйақы • Компания ардагерлерін қолдау бағдарламасы • басқа көмек |
| Спорттық-сауықтыру іс-шаралары | <ul style="list-style-type: none"> • Спорттық жарыстарға қатысушыларға тамақтану шығындарын өтеу • Мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге және ұжымдық демалысқа жұмсалған шығындарды өтеу |

Ана немесе әке болуға байланысты әлеуметтік қолдау көрсету

| Компанияның атауы | Бір жыл ішінде жүктілік және босану/бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлердің саны | | | Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және босану/бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлердің саны | Бір жыл ішінде жүктілік және босану/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан қызметкерлердің саны |
|------------------------------------|---|----------|------------|--|--|
| | әйел | ер адам | барлығы | | |
| «ОАЭК» АҚ | 0 | 0 | 0 | 5 | 0 |
| «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы | 93 | 3 | 96 | 199 | 54 |
| «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы | 30 | 0 | 30 | 66 | 17 |
| «АЭТК» кәсіпорындар тобы | 35 | 0 | 35 | 65 | 18 |
| Барлығы | 158 | 3 | 161 | 335 | 89 |

Корпорация зейнеткерлік жасқа толған ардагерлер мен кәсіпорынның бұрынғы қызметкерлеріне тұрақты негізде әлеуметтік қолдау көрсетеді. Ұжымдық шарт шеңберінде материалдық көмек жүзеге асырылады, мерекелік күндерге бос уақыт ұйымдастырылады және т.б.

«ОАЭК» АҚ қызмет көрсететін өңірлерде халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады. Петропавлда кәсіпорын қызметкерлері мен қала тұрғындары үшін екі жатақхана мен «Алақай» балабақшасы жұмыс істейді.

2023 жылға арналған персоналды басқару жоспарлары

2023 жылы Корпорацияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған персоналды басқару жөніндегі саясатты іске асыру жалғастырылады. Осы бағыт шеңберінде жоспарлануда:

1. Төмендегі бағыттар бойынша «PROFENERGY» жобасын одан әрі дамыту:

- Жас мамандарды қолдау және персоналдың білім деңгейін арттыру жүйесі;
- Тәлімгерлік және кадрлық резерв жобасын дамыту;
- Негізгі персоналды дамыту бағдарламасы;
- Маңызды мамандықтар бойынша бағдарлама.

2. Корпорацияның стратегиялық және жедел мақсаттарына қол жеткізу бойынша тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін жетілдіру.

3. Негізгі және маңызды мамандық қызметкерлерінің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды іске асыру.

4. Персоналды дамытуға байланысты HR-процестерді одан әрі автоматтандыру: бейімдеу, бағалау, оқыту және т.б.

5. Қазақстан Республикасының жұмыс күші артық өңірлерінен персоналды тарту және Компаниялар тобының кәсіпорындарында жұмысқа орналастыру мақсатында «ENBEKENERGY» жобасын іске асыру.

6. Еңбек нарығының тапшылығы жағдайында қызметкерлерді корпоративтік оқыту, даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру, оқытудың сапалық көрсеткіштерін жақсарту, оқыту қорытындылары бойынша тиімділік мониторингі жүйесін енгізу.

8.15 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

(GRI 403–1, 403–2, 403–4, 403–5, 403–7, ТДМ 4)

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясатында қызметкерлердің денсаулығын қорғауды, кәсіпорындарда еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қызметкерлердің біліктілігін арттыру және корпоративтік мәдениетті тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы көзделген.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мақсаттар және өткізілген іс-шаралар

Компаниялар тобы қызметінің барлық түрлеріндегі негізгі қағидат өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығы болып табылады. Компаниялар тобының персоналы жоғары өндірістік мәдениетті қалыптастырудағы негізгі ресурс болып табылады.

Жыл сайын Компания басшылығы «ОАЭК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – ЕҰ) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы (бұдан әрі – ҚжЕҚ) Негізгі мақсаты О қақтығыс болғанын және осылай болып қала беретінін мәлімдейді. Ілеспе мақсаттар:

- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына ықтимал зиян келтірумен байланысты тәуекелдерді азайту;
- қызметкерлердің қабілеттерін дамыту және қолдау, жеке әлеуетіне, білім мен дағдылар деңгейі мен сапасына бағдарлану, ҚжЕҚ саласындағы құзыреттілік, қызметкерлерде еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің барлық деңгейлерін, ҚжЕҚ нормалары мен ережелерін сақтауға жауапкершілікпен қарауды үйрету.

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу ҚжЕҚ бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу, ҚжЕҚ саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу және түрлі бағдарламаларды іске асыру есебінен жүзеге асырылады.

Өкінішке орай, Компания үшін 2022 жыл өте қиын болды, орын алған апат өлім жағдайымен аяқталды. Оқыс оқиғаларға жол бермеу бойынша мақсаттарға қол жеткізілген жоқ, алайда 2021 жылмен салыстырғанда жазатайым оқиғалардың жалпы санының өсуіне жол берілмеді.

Сондай-ақ ауыр жазатайым оқиғалардың саны азайды.

2022 жылы Компания кәсіпорындарында төмендегі іс-шаралар іске асырылды:

1) Дәстүрлі түрде қауіпсіз еңбекті насихаттау мақсатында Компанияның барлық ЕҰ-да Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған іс-шаралар өткізілді:

- қауіпсіздік айлықтары, олардың шеңберінде аудиттер, профилактикалық әңгімелер және персоналмен ҚжЕҚ бойынша кеңестер өткізілді;
- «Менің ата-анам қауіпсіз жұмыс істейді» тақырыбында балалар суреттері мен қолөнерінің байқаулары;
- ең үздік және ҚжЕҚ-ды ең жақсы ұстанатын жұмысшылар анықталып, көтермеленді.

2) ҚжЕҚ бөлігінде тәжірибе алмасу бойынша жұмыс жалғасуда. 2022 жылы екі өзара аудит жүргізілді, біріншісі «АЭТК» АҚ Компаниялар тобының кәсіпорындарында және «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС-де, екіншісі «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарында. Өзара аудиттер жарақаттану жағдайларының, сондай-ақ энергетикалық және технологиялық жабдықтарды пайдалану кезіндегі оқиғалар мен оқыс жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Өзара аудит барысында қабылданған үздік тәжірибелерді қолдану жалпы жағдайды және ҚжЕҚ көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

3) Компанияның барлық ЕҰ-да «TÜV Rheinland Kazakhstan (ТЮФ Рейнланд Қазақстан)» ЖШС ISO 45001 стандартының талаптарына сәйкесті-

гіне сыртқы аудиттер жүргізілді, нәтижелері бойынша барлық кәсіпорындар үшін стандартқа сәйкестігі расталды.

4) «ОАЭК» АҚ қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаментінің мамандары ЕҰ-дың барлық кәсіпорындарында ҚжЕК жай-күйіне тексеру жүргізді, нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, тексеру актілері берілді.

5) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО, 3-ЖЭО өндіруші жабдықтарын жөндеу кестесіне сәйкес алаң мен қорғаныс қоршаулары қауіпсіздік талаптарына сәйкес келтірілді.

6) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде бейінді компаниямен бірлесіп жұмыс орындарының санитариялық-эпидемиологиялық нормалар талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізілді (№ 1027 аудиторлық қорытынды және аудиттен өткені туралы сертификат алынды);

7) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Денсаулық сақтау пункттерінің 8 фельдшері «Қазақстан медициналық университеті» ЖШС базасында «Аппаратурамен жұмыс істеу дағдылары (дефибриллятор), кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу» курсы бойынша оқудан өтті;

8) Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес «Павлодар жылу желілері» ЖШС ӘТК-де пластикалық терезелер орнатылды, Оңтүстік және Солтүстік желілік аудандарында ӘТК дәліздеріндегі едендер ауыстырылды;

9) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Компаниялар тобы бойынша ҚжЕК мәселелерін насихаттау жұмы-

стары жүргізілді, кәсіпорынға келушілер мен қонақтарға арналған жадынамалар, құлаудың алдын алу жадынамалары, электр қауіпсіздігі қағидаларын сақтау туралы ҚжЕК саласындағы корпоративтік плакаттар орналастырылды;

10) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-да жедел желі жұмыс істеуді жалғастыруда, ол бойынша әрбір қызметкер анықталған бұзушылықтардың/сәйкессіздіктердің фотосуреттері мен бейнелерін ұсына алады және т.б. (барлық алынған хабарламаларды ҚжЕК жөніндегі уәкілетті мамандар пысықтайды, олардың негізінде іс-шаралар әзірленіп, ескертулер жойылады);

11) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл ЖЭО периметрі бойынша және үй-жайларында автокөліктің жылдамдық режимін сақтауын, қызметкерлердің ҚжЕК бойынша қағидаларды орындауын бақылау мүмкіндігі үшін бейнекамералар орнатылған;

ҚжЕК бойынша іс-шараларды орындауға, еңбек жағдайларын жақсартуға нақты шығындар 2022 жылы шамамен 3,4 млрд теңгені құрады. Қаржы қаражаты Корпорация қызметкерлерін қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, оның ішінде электрден қорғаумен, арнайы тамақпен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге, вакцинациялауға, персоналды оқытуға, ақпараттық плакаттарды, нормативтік-техникалық құжаттар мен ҚжЕК бойынша белгілерді, өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, сондай-ақ жұмыс орындарын қосымша жарықтандыру, желдету және кондиционерлеу жүйелерін, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеуге және т.б. салынды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі кеңес

Әрбір ЕҰ-да ҚжЕК жөніндегі кеңестер құрылды. Кеңесті кәсіпорын қызметкерлері арасынан сайланатын Төраға басқарады. Кеңес құрамына жұмыс берушінің өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда, кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

ҚжЕК жөніндегі кеңес мынадай функцияларды орындайды:

- өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік

аурулардың себептерін зерделейді, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау бойынша жүргізілетін іс-шаралардың тиімділігін, ұйымдағы еңбекті қорғаудың нақты жай-күйі туралы ақпараттық-талдамалық материалдарды талдайды;

- еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелерді және тұтастай алғанда ұйымды өндірістік объектілердегі

тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келтіруге дайындауға қатысады;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы анықталған бұзушылықтарды жою, ұйымда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсынымдар, шешімдер әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қарайды;
- қызметкерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша уақтылы және сапалы нұсқама беруге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білімдерін тексеруге, қызметкерлерді, кәсіподақ активі мен қызметкерлерді еңбекті қорғау саласындағы заңнама мәселелері бойынша тұрақты оқытуға және олардың білімін арттыруға жәрдемдеседі;
- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ауыр физикалық жұмыстарды жою мақсатында

өндіріске неғұрлым жетілдірілген технологияларды, жаңа техниканы енгізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- ұйым қызметкерлерін еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы, сертификатталған арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі қолданыстағы нормативтер туралы, оларды қолданудың дұрыстығы туралы хабардар етеді;
- ұйымдағы еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру, өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға қатысады; ұйымның еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған қаражатының жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар

Әрбір ЕҰ-да еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар бөлімшелердің басшыларымен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік объектілерін қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара іс-қимыл жасайды.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың негізгі функциялары:

- қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау;

- ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сондай-ақ органдар әзірлейтін еңбекті қорғауды жетілдіру жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың кешенді нысаналы бағдарламалары мен жоспарларына ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге қатысу;
- жұмыс орындарында еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- Еңбек кодексін еңбекті қорғау бөлігінде қолдануға байланысты еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда, түрлі сатыдағы соттарда кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін білдіру.

Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі

Есепті жылы Корпорацияның ЕҰ кәсіпорында-рында 5 жазатайым оқиғаға жол берілді, оның 3-і жеңіл, 1-і ауыр және 1-і өліммен аяқталды. Жыл сайын Компанияда «ОАЭК» АҚ-дағы және оның ЕҰ-дағы жарақаттардың ауырлығы мен саны бойынша статистиканы, жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті, жарақаттану көрсеткіштерінің динамикасы бойынша деректерді, жазатайым оқиғалардың санын тәулік

ішінде олардың пайда болу уақыты бойынша бөлу диаграммаларын, зардап шеккендердің жасы бойынша жазатайым оқиғалардың санын бөлуді, зардап шеккендердің жасына қарай бөлуді қамтитын өндірістік жарақаттануға егжей-тегжейлі талдау, зардап шеккендердің жұмыс өтілі бойынша жазатайым оқиғалардың саны, жазатайым оқиғалардың себептері, жазатайым оқиғаға алып келген оқиғалардың

түрлері бойынша жіктеуіш және т.б. жасалады. Корпорация өндірістік жарақаттануды азайтуға тырысады және жұмыс орындарындағы қауіпсіздік жағдайына, сондай-ақ жазатайым оқиғаларға әкелген себептерді жоюға да көп көңіл бөледі.

2022 жылғы жазатайым оқиғалардың түрлері бойынша жіктелуі:

- зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсері – 2 жағдай;
- заттардың, материалдардың, жердің және т.б. құлауы – 1 жағдай;
- жәбірленушінің құлауы – 1 жағдай;
- электр тогының соғуы – 1 жағдай.

Ресми құжаттарға сәйкес жазатайым оқиғалардың негізгі себептері:

- жұмыстарды қанағаттанарлықсыз

- ұйымдастыру және зардап шегушінің өрескел абайсыздығы;
- ғимараттар мен құрылыстардың қанағаттанарлықсыз жай-күйі.

Әрбір жазатайым оқиға бойынша іс-шаралар кешені өткізілді:


- байырғы және жүйелік себептерді анықтау және осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау мақсатында егжей-тегжейлі тергеу;
- қызметкерлерді оқиғалардың мән-жайлары мен себептерімен таныстыру;
- оқиғаның себептерін жою;
- қызметкерлерге нұсқау беру және т.б.

Корпорациядағы өндірістік жарақаттану деңгейі мен коэффициенттері төмендегі кестеде және диаграммаларда келтірілген.

Өндірістік жарақаттану деңгейі

| | 2020 | 2021 | 2022 |
|--|-------|-------|------|
| Персоналдың тізімдік саны | 10787 | 10494 | 9559 |
| Жарақаттану жағдайларының саны | 7 | 5 | 5 |
| Зардап шеккендердің саны/оның ішінде әйелдер | 7/0 | 5/0 | 5/0 |
| Өліммен аяқталған жағдайлардың саны | 1 | 0 | 1 |

Өндірістегі барлық жазатайым оқиғалардың (TIFR) 1000 жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті




Өндірістегі барлық жазатайым оқиғалардың (TIFR) 1000 жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті мына формула бойынша есептелді:

$$Kч = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұндағы}$$

n – есепті кезеңде өндірістегі жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;
N-қызметкерлердің орташа тізімдік саны.

Өндірісте өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың 1000 жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті (FIFR)



Өндірісте өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардың 1000 жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті (FIFR) мына формула бойынша есептелді:

$$Kч1 = \frac{n1 \times 1000}{N}, \text{ мұндағы}$$

n1 – есепті кезеңде өндірісте өліммен аяқталған жағдайлардан зардап шеккендердің саны;
N-қызметкерлердің орташа тізімдік саны.

Корпорацияда қолданылатын жазатайым оқиғалар туралы тіркеу, есептілік және хабарландыру жүйесі Қазақстан Республикасы мен Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын бұзу жағдайларын мониторингілеу және есепке алу мақсатында Корпорацияда және оның ЕҰ-да мынадай жұмыстар жүргізіледі:

- шағын жарақаттарды, оқыс жағдайларды, аса ауыр жарақаттар мен залалдардың негізі болып табылатын ықтимал қауіпті оқиғаларды тергеу;
- жазатайым оқиғалардың нәтижелері бойынша ақпараттық бюллетеньдер дайындау және болашақта осындай жағдайлардың қайталануына жол бермеу және себептерін жеткізу мақсатында Корпорацияның барлық еншілес ұйымдары кәсіпорындарының персоналын бұл туралы хабардар ету;
- ҚжЕҚ, электр қауіпсіздігі мәселелері

бойынша персоналды оқыту және білімді тексеру;

- ҚжЕҚ бойынша ішкі нормативтік құжаттарды енгізу;
- ҚжЕҚ жағдайына жоспарлы және кенеттен тексерулер жүргізу;
- ҚжЕҚ күндерін өткізу;
- ҚжЕҚ бойынша кеңестер өткізу;
- жұмыс орындарын ҚжЕҚ талаптарына сәйкес келтіру;
- жұмыс орындарын ақпараттық плакаттармен және қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз ету;
- кәсіби жарыстар өткізу;
- үлгі наряд-рұқсат беру және т.б. бойынша іс-шаралар өткізу.

«Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Корпорация кәсіпорындарының барлық қызметкерлері жазатайым оқиғалардан сақтандырылған.

Кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары қаупімен байланысты Корпорация қызметкерлері

Энергетикалық жабдыққа қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу жоғары тәуекелдермен байланысты. Электр қондырғыларында жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін персоналды оқыту, ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар жүргізіледі, олардың орындалуына бақылау жүргізіледі. Персонал қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, электрден қорғау құралдарымен және басқалармен қамтамасыз етіледі.

Соңғы жылдары электр қондырғыларында жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар жүргізілді:

- «ОАЭК» АҚ ЕҰ электротехникалық персоналы жылу сәулеленуінен және электр доғасынан қорғау үшін ең жақсы жеке қорғаныс құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз етілген;
- жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру, жұмыс орындарын дайындау, жұмыс орындарында жерге тұйықтауыштарды орнату/алу және

т.б. кезінде жедел ауыстырып қосуларға қатысатын өндірістік персоналдың еңбек тәртібі мен жауапкершілігін арттыру үшін Компания ЕҰ-да персонал мобильді бейнетіркегіштерді қолданады;

- ЭТК персоналы электр қондырғылары мен 6–10 кВ әуе желілеріне қызмет көрсететін персоналдың электр тогымен зақымдануын болдырмау мақсатында қауіпті кернеудің болуын қашықтықтан бақылауға арналған түрлі-түсті кернеу сигнализаторларымен және тағы басқалармен қамтамасыз етілген.

Дегенмен, 2022 жылы электр тогынан зақымданудың 1 жағдайы тіркелді.

Электр жарақаттану жағдайларының барлығы егжей-тегжейлі зерттеліп, ескерту шаралары қабылданды.

Мердігерлік ұйымдар

Корпорацияның өндірістік объектілеріне тар-тылған мердігерлік ұйымдардың қызметі бақыланады: ЕҰ мамандары мердігерлік ұйымдарда тексерулер, мердігерлер персоналына арналған нұсқамалықтар, мердігерлермен кеңестер өткізеді. «ОАЭК» АҚ ЕҰ мердігерлік ұйымдарымен ЕҰ аумағында жұмыстарды немесе қызметтерді орындау кезінде, сондай-ақ тауарларды/материалдарды жеткізу кезінде мердігерлік ұйымдарға қойылатын қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология саласындағы талаптар бөлігінде өзара іс-қимыл Компанияда бекітілген ҚжЕҚ және экология саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Келісімшарттық аумақта мердігермен болған кез келген жазатайым оқиға, ең алдымен, Тапсырыс беруші компаниясының имиджіне әсер етеді. Жарақаттанудың алдын алу және мердігер жол берген жазатайым оқиғаларға жедел ден қою үшін «ОАЭК» АҚ ЕҰ өндірістік бөлімшелердегідей жұмыс жүргізіледі.

2022 жылы мердігер ауыр нәтижемен аяқталған 2 жазатайым оқиғаға жол берді.

2023 жылы ҚжЕҚ саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу бойынша жұмыс жалғасады, мәселен:

1) ҚжЕҚ бойынша бұрын әзірленген рәсімді енгізу: «Жұмыс қауіпсіздігін немесе АДБ талдау». Процедура жұмысты бастамас бұрын тәуекелдерді бағалау және қызметкерлерге нұсқау беру процесін анықтайды;

2) Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған іс-шаралар өткізу;

3) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «АЭТК» АҚ кәсіпорындарында өзара аудит жүргізу;

4) Жұмыс орындарын паспорттау/қауіпсіз күйге келтіру («Жылдам жеңістер»);

5) Еңбекті қорғаудың барлық аспектілерін кешенді автоматтандыру жүйесін енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру. Safety Walk тексерулерін автоматтандыру. Әртүрлі деңгейдегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша барлық айналымдарды енгізуге және жауапты тұлғалардың анықталған сәйкессіздіктердің орындалуын автоматты режимде қадағалауға мүмкіндік беретін бағдарлама;

6) Қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиттерін ұйымдастыру және жүргізу;

7) Vision Zero тұжырымдамасын немесе «Нөлдік жарақаттану» бағдарламасын – өндірістегі қауіпсіздікті арттыру және жарақаттануды азайту жөніндегі бағдарламасын әзірлеу және енгізу;

8) Қалыптасқан тәуекелдерді қайта қарау, Компания кәсіпорындарында ҚжЕҚ бойынша неғұрлым жүйелі аудиттер жүргізу. Жұмыс қалыптасқан тәуекелдерді қайта қарау, тәуекелдерді жан-жақты зерттеу және бағалау, HAZID (hazard identific) қауіптерін сәйкестендіру әдісін қолдана отырып, кейбір тәуекелдер бойынша егжей-тегжейлі есеппен жаңа тәуекел матрицасын/картасын жасау және HAZOP (hazard and operability study) қауіптері мен жұмыс қабілеттілігін талдау мақсатында қажет;

9) Бұрын әзірленген ішкі нормативтік құжаттарды қолдау, ҚжЕҚ бойынша ІНҚ-да белгіленген талаптардың орындалу аудиті;

10) «ПЭТК» АҚ персоналмен реанимациялық іс-шараларды өткізу дағдыларын пысықтау үшін, контроллермен жүрек-өкпе реанимациясы тәсілдерін пысықтау мақсатында 2 дана «М-05 Александр» тренажер-манекенін сатып алуды жоспарлап отыр;

11) «Петропавл Жылу Желілері» ЖШС жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізу;

12) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл ЖЭО-да салмақ түсетін металл конструкцияларына тексерулер өткізу.

Тұтынушылар қауіпсіздігі

Корпорация өз тұтынушыларының қауіпсіздігі мен денсаулығына қамқорлық жасайды. Осы мақсатта жоспарлы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, жабдықтарды тексеру жүргізіледі. Корпорацияның еншілес кәсіпорындары озық технологияларды енгізеді, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Корпорацияның электржелілік кәсіпорындарының әрбір аудандық бөлімшесінің басшылығы ҚжЕК қызметтерінің мамандарымен бірлесіп, қолданыстағы электр қондырғылары мен электр беру желілерінің жанында қауіпсіздік ережелерін сақтау тақырыбында халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайын оқу орындарында (қызмет көрсету аймақтарында) электр қауіпсіздігі бойынша сыныптан тыс сағаттар өткізіледі. «Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстары әкімдігінің білім басқармасы» ҚММ, «Петропавл және Павлодар қаласының білім бөлімі» ММ, аудандық білім бөлімдерінің басшыларына электр қауіпсіздігінің негізгі қағидалары мен балалар арасындағы электр жарақаттанудың алдын алу шаралары туралы жадынамамен хаттар жолданады. Аталған іс-шаралар үшінші тұлғалар арасында, атап айтқанда мектеп жасындағы балалар мен колледж студенттері арасында жарақаттанудың алдын алу мақсатында өткізіледі.

Халықты және персоналды қауіп туралы ескерту мақсатында еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр қондырғыларында қауіпсіздік белгілері мен жазулар орналастырылған, барлық жабдықтар рұқсатсыз кіруден қорғалған, тиісті қоршаулар, құлыптар мен бұғаттаулар бар.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттанудың, оның ішінде балалар жарақаттануының алдын алуға және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған мақалалар жарияланады.

Өткізу кәсіпорындарында тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын қорғау

Тұтынушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «ОАЭК» АҚ ЕҰ-ның энергия өткізу кәсіпорындарының сервис-орталықтары төмендегілермен жабдықталған/қамтамасыз етілген:

- келушілердің құлауын болдырмау үшін кіреберіс топтарындағы сырғанауға қарсы резеңке төсеніштер;
- мүмкіндігі шектеулі клиенттерге көмектесуге арналған пандустар немесе қызметкерлерді шақыру батырмалары;
- бейнебақылау жүйелері;
- қажетті дәрі-дәрмектері бар медициналық қобдишалар;
- ауаны баптау жүйелері;
- ерт-күзет дабылы және алғашқы өрт сөндіру құралдары, эвакуациялау жоспарлары және қауіпсіз эвакуациялық шығу жолдары.

8.16 Әлеуметтік әріптестік (GRI 413–1, ТДМ 1,2,3, 4,8,10,11)

«Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы» АҚ акционерлері – Александр Клебанов пен Сергей Кан – «Қазақстан халқына» қорына 500 миллион теңге бөлді. Қор Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2022 жылғы 15 қаңтарда құрылды.

Қор қаражаты азаматтардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы проблемаларын шешу үшін пайдаланылатын болады. Қор Төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимі енгізілген кезде зардап шеккен қазақстандықтарға көмек көрсетеді деп жоспарлануда.

«ОАЭК» АҚ студенттермен және оқушылармен өзара іс-қимылға ерекше назар аударады. 2016 жылдан бастап 5 жылдан астам уақыт бойы Топтың еншілес ұйымдарында жас мамандарды қолдау бойынша «PROFENERGY» бағдарламасы

іске асырылуда. «PROFENERGY» жобасын іске асыру кезеңінде іс-шараларға 2802 студент қатысты, ғылыми жұмыстар конкурсының қорытындысы бойынша 20-дан астам студентке атаулы корпоративтік стипендия тағайындалды. Сондай-ақ «ОАЭК» АҚ акционері Сергей Кан «iQanat» білім беру қорының қамқоршыларының қатарына кіретінін атап өткен жөн. Қор Қазақстанның барлық өңірлеріндегі ауыл оқушылары мен мұғалімдерін қолдауға бағытталған әлеуметтік-білім беру жобалары мен бағдарламаларын іске асырады. Қордың іс-шараларына еліміздің 163 ауданынан 40 000-нан астам бала жұмылдырылды, «ОАЭК» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында 3800 оқушыға қолдау көрсетеді.



№ 1 қосымша

(GRI 2–3, 2–5)

Есептіліктің маңызды тұстары мен шектері

«ОАЭК» АҚ мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін ең жақсы ақпаратты ашуға ұмтылады. Бұл Жылдық есеп қызметтің операциялық және қаржылық нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ корпоративтік басқару және орнықты даму мәселелері бойынша ақпаратты қамтиды.


Қоғам жыл сайын жылдық есептер шығарады. Алдыңғы (2021 жылдың қорытындысы бойынша) 2022 жылдың маусым айында жарияланған. Бұл есеп Қоғамның 2022 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңдегі қызметін қамтиды. 2022 жылғы есепті сыртқы растау рәсімі жүргізілмеген, алайда компания тұрақты даму саласындағы ақпаратты растаудың маңыздылығын түсінеді және болашақта қаржылық емес ақпаратты растау мүмкіндігін қарастырады.

Есеп 2021 GRI стандарттарының қағидаттарын ескере отырып дайындалды. Атап айтқанда, есепке тұрақты дамудың ең маңызды тақырыптары ғана енгізілді. Есептің мазмұнын айқындау кезінде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қорытындылары ескерілді, толықтық қағидаты және тұрақтылықтың неғұрлым кең контексті

сақталды. Есеп сапасы дәлдік, тепе-теңдік, айқындық, сенімділік, салыстырмалылық, жеделдік қағидаттарын сақтаумен қамтамасыз етілді.

Есеп үшін маңызды тақырыптарды таңдау стейкхолдерлер мен қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін аспектілерді анықтауға мүмкіндік беретін материалдылық қағидаты негізінде жүзеге асырылды. Материалдылық процесі стейкхолдерлерді анықтауды, олардың қызығушылықтары мен үміттерін талдауды және қоршаған орта, әлеуметтік аспектілер, экономика және басқару сияқты аспектілерге әсерін бағалауды қамтиды. Материалдық аспектілерге басымдық беру «нақты әсерлердің жүйелілігі», «әлеуетті әсерлердің ықтималдығы», «оң және теріс әсерлердің күші» және «әсерлердің ауқымы мен қамтуы», «маңыздылығы» критерийлері бойынша жүргізілді. Маңыздылығын бағалау 5 балдық шекіл бойынша жүргізілді, ықтималдығы 0-ден 1-ге дейінгі шекіл бойынша бағаланды.

